

күні: 31.08.23 ж.  
Тексерілді: Әдіскер *Нәсір*

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шығын орталық, мектепалды сыныбы)	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таншолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	29, 31.08, 01,02.09.2022 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жума</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен жарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Балабақшаның ережелері", "Баланың тазалығы".				
Балалардың дербес әрекеті (бану қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту. Мақсаты: алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке		Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту. Мақсаты: алаңда тәртіп пен тазалық сақтау. Кезекшілік: табиғат	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсаты: Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше	"Шешіну болжамын шакафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмегімен бірге) Мақсаты:

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>Еңбек: аланды қоқыстан тазарту.</b>          Мақсаты: алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.          Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.</p>		<p><b>Еңбек: аланды қоқыстан тазарту.</b>          Мақсаты: алаңда тәртіп пен тазалық сақтау.          Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b>          Мақсаты.          Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".</b>          (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)          Мақсаты.          Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету.</p>
	<p><b>"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.</b>          Мақсаты: кеңістікті бағдарлау жаттығулары  <b>Еркін ойын: "Мысық пен тышқан".</b>          Мақсаты: ойынның шарты бойынша әділ ойнап, шапшаңдықты, жылдамдықты, тапқырлықты танытуға баулу.          Барысы. Ойнаушылар дөңгелене тұрады.          Мысық пен тышқанды</p>		<p><b>"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.</b>          Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.  <b>"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.</b>          Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.  <b>Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.</b>          Мақсаты: бұл ойын балаларды</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны.</b>          "Лото. Қыздар мен ұлдардың киімдері".          Мақсаты.          Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Кімге не керек? Қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді.</p>	<p><b>Құрастыру ойыны "Текшелер".</b>          Балалар текшелерден балабақшаны құрастырады.  <b>Дамытушы жаттығу.</b>          "Көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтау".          Мақсаты: балаларды көзді жұмып, тепе-теңдікті сақтауда жаттықтыру; вестибулярлық аппаратты, түйсік қабілетін дамыту.          Шарты.          Тік тұрып, екі қолды екі</p>

	<p>тағайындап алады.  Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады.  Мысықай аппақ қарасақ,  Құйрығы сұр тамаша-ақ,  Жебедей-ақ ұшады,  Көзін жаймен қысады.  Тырнақтарын үндемей,  Ашқан кезде инедей,  Тышқандардың тықырын,  Мысықай естісе ақырын,  Аңдып аулап алады,  Мысықай біздің жарады.  «Аңдып, аулап алады» деген сөздерден кейін балалар тоқтайды, шеңбердің уәделескен жерінде екі бала қолын түсіріп, есіктен өтетін жер қалдырады, Тышқан мысықтан қашып, есікке қарай жүгіреді де, шеңбер жасап тұрғандардың қолының астынан өтуі мүмкін.  Мысық тышқанды ұстап алатын кезде, бұл рөлге басқа балалар тағайындалады, сөйтіп ойын осылайша</p>		<p>жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.  Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады.  Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс.  Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек.  Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: такпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою</p>		<p>жаққа созып жаю; екі аяқтың бірінде кезегімен, тепе-теңдікті сақтау.  Алғашқы жаттығудың үлгісін педагог өзі көрсетеді. Тепе-теңдікте тұру ұзақтығын реттеу керек.</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>қайталана береді.  <b>"Ұшты - ұшты"</b>  <b>ойыны.</b>  Мақсаты: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуді жетілдіру.  Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.  Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.  Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.  Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.  Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.  Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.</p>		<p>жинаған бала жеңімпаз.  Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау.  Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды.  Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді.</p>		
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p>Педагог балалардың назарын өзіне аударып:  - Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы!</p>				

- «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.

1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу;

2 - бастапқы қалыпқа келу;

3 - орамалмен айналып билеу;

4 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.

1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру;

2 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.

1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру;

2 - сызық ортасына келгенде тарап кету;

3 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.

1 - екі қолды екі қапталға жаю;

2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу;

3 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады.

1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру;

2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру;

3 - бастапқы қалыпқа келу.

- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.

1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау;

2 - бастапқы қалыпқа келу;

3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау;

4 - бастапқы қалыпқа келу

- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.

1 - жұптар қолдарынан ұстап;

2 - жұптасып айналу;

3 - бастапқы қалыпқа келу.

## Таңғы ас

Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.

Ас - адамның арқауы.

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаңылтпаштарды қайталау және жаттау		"Жәндіктер" тақырыбына иллюстрациялар қарау.	«Балабақша» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.	Балабақшада өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері туралы әңгімелесу.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар	<p><b>Математика негізі</b> "Мен және менің достарым"</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Біздің балабақша тақырыбында әңгімелесу"</p> <p><b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Күз келді, бақшама!"</p>	<p><b>Сурет салу</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Ш. Шаяхметов «Білімнің - бұлағың» (өлеңімен танысу)"</p>
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	<p><b>Күнді бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету. <b>Көркем сөз</b></p>		<p><b>Құмырсқаны бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> құмырсқалардың пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілік көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге деген қызығушылықты ояту. Жұмбақ жасыру. Қатар - қатар қара нар, Аспанменен бара бар,</p>	<p><b>Күнді бақылауды жалғастыру.</b> <b>Мақсаты:</b> серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын сезінуге шақыру. <b>"Күн мен жаңбыр"</b> <b>қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p>	<p><b>Аспанды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат; бұлттың қозғалысы және өзгерісі жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу.</p>

<p>Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! <b>Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.</b> Мақсаты: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту. <b>"Қаракүс пен балапандар" қимыл-қазғалыс ойыны.</b> Мақсаты: тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдай білуге дағдыландыру, зейінді дамыту; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қаракүс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 бала болып) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қаракүстың "ұясы" сызылады. Педагог: "Қаракүс!" деп, белгі берген кезде, "қаракүс" "тауықтың"</p>		<p>Алды биік, арты жар. /Құмырсқа/. <b>Көркем сөз</b> Қаламайды құмырсқа Қаңғыруды, билеуді. Тыным алмай, ырысқа Толтырады илеуді. Тапқан заты ауыр боп, Түссе бірі әлекке, Қауымдасқан бауыр кеп, Келеді тез көмекке. Ауыртпалық көрмедім Олар алып жықпайтын. Қиындық аз дер едім Түбі жеңіп шықпайтын. Неге? Айтсақ дұрысын: Демей ұсақ, ірісің, Бірі істейді бәрі үші, Бәрі істейді бірі үшін! (Қадыр Мырза Али) <b>Еңбек:</b> алаңдағы жерді қопсыту Мақсаты: келесі жылы тұқым отырғызуға жерді дайындауды үйрету. <b>Қимылды ойын «Қақпан», «Аттар».</b> Мақсаты: жылдамдық пен төзімділікті дамыту. <b>Жеке жұмыс:</b> баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. Мақсаты: төзімділікке,</p>	<p>Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар күн дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» дегенде ашқан қолшатырдың айналасына жиналады. <b>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.</b> Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілірек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ. Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабырқаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ. - Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. <b>"Не жөнінде айтылады?" ойыны.</b> Мақсаты: сипатты белгісі бойынша табиғат құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). <b>"Дөңгелек лапта" қимылды ойыны.</b> Мақсаты: екі топқа бөліне білуге үйрету,</p>
---	--	---	--	--

	<p>артында бір-бірінің белінен ұстап тізіліп тұрған балапандардың ең соңғысын ұстап алуға ұмтылады.</p> <p>"Тауық" болса - екі "қанатын" (екі қолын) екі жаққа соза, балапандарын қорғаштайды.</p> <p>Балапандар да қарақұсқа алдырмауға тырысады.</p> <p>Олар тек тізбекті бұзбауға тиіс.</p> <p>Ұсталған балапандарды "қарақұс ұясына" алып кетеді. Екі-үш балапан ұсталған соң ойын жүргізушілер қайта сайланып, ойын қайта басталады.</p> <p>Педагог ойынның алдында балалармен қауіпсіздік ережелерін қайталау керек.</p> <p><b>Жұмбақ.</b></p> <p>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,      Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн)</p> <p><b>Болжам.</b> Батар күн қызыл шапаққа малынып барып ұясына кірсе, ертеңінде</p>		<p><b>шыдамдылыққа тәрбиелеу.</b></p>		<p>ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып; қозғалыс тепе-теңдігін дамыту.</p> <p><b>Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен).</b></p> <p>Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу.</p> <p>Құралдары: қолғаптар, қаптар.</p> <p>Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс.</p> <p><b>Балалардың еркін ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.</p>
--	--	--	---------------------------------------	--	--



	шыжыған ыстық болатынын білдіреді. <b>Еркін ойын: "Қу түлкі".</b> <b>Мақсаты:</b> жүгіру қабілетін дамыту.				
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
<b>Түскі ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p>Ауа ванналары.</p> <p>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру.</p> <p>Қолдарымыз қайда?</p> <p>Шығарайық алға.</p> <p>Жеңімізді түрейік,</p> <p>Жуынып көрейік.</p> <p>Су астына салайық,</p> <p>Уқалайық, сипалайық.</p> <p>Қандай тамаша!</p> <p>Қолдарымыз тап-таза.</p>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p><b>"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ойын барысы. Педагог балаларға көздерін</p>		<p><b>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу</p> <p>Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b></p> <p>"Ғажайып дорба".</p> <p>Мақсаты: балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Дорба, әртүрлі</p>	<p><b>Дидактикалық ойын "Не жасырынғанын айт".</b></p> <p>Мақсаты: балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p>

	<p>жауып, мұқият тыңдауларын (кұстардың дауысы, машина сигналы, адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады.</p> <p><b>"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.</p>		<p>барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. «Адам қандай заттарды жасаған?» - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені жаратқан?». Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен</p>	<p>ойыншықтар және заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".</p> <p>Мақсаты: балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лега ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).</p> <p>Шарты.</p>	<p>Шарты. Алғашында педагог, содан соң балалар жүргізушінің рөлін кезектесіп атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.</p> <p>Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жәнә нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды.</p> <p>Мысалы. "Бұл өсімдік қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар".</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын "Балабақша".</b></p> <p>Мақсаты: балалардың балабақша және бұнда жұмыс істейтін</p>
--	---	--	--	--	---

			<p>көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді.</p> <p><b>"Жер, су, ауа" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды.</p> <p>Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып, безендіріп қояды.</p> <p>Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді.</p> <p>Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді.</p>	<p>мамандардың негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Балабақшада жұмыс істейтін мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушысына қажетті құралдар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар алдымен өз еріктері бойынша балабақша қызметкерлерін тағайындайды.</p> <p>Мамандардың рөлінде ойнайтын балалар өздеріне қажет құралдарды таңдап, белгілі бұрышқа жинайды.</p> <p>Балалар мен мамандарды ойнайтындар кім, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлап алады.</p> <p>Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды, қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны</p>
--	--	--	---	--	---

					немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жаңылтпаш</b> Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатка тақпақ, Жатта тақ-тақ.		<b>Шығармашылық уақыты:</b> "Қағаздан желдеткішті бүктеу арқылы құрастыру". <b>Масқаты:</b> балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасуға деген құштарлығын жетілдіру.	<b>"Ғажайып дорба"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсаты. Сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.	<b>"Менің әжем"</b> <b>тақырыбында әңгімелесу.</b> Мақсаты. Баланың сөздік қорын жақын туыстарын білдіретін жаңа сөздермен толықтыру.
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
<b>Серуен</b>	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар. Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры. Арт-терапиялық суреттер бояу. <b>Шығармашылық уақыты: "Қала көшесі".</b> Мақсаты: балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру.				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".				

Күні: 02.09.23 ж.  
Тексерілді: Әдіскер *Риспа*

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таңшолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	05.09-09.09.2022				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жума</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатымен, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бой, салмақ өлшеу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың күн режимі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	"Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".	"Бөлме өсімдіктерін сугару". Мақсаты: Өсімдіктердің жарық пен	"Орындықтарды жуу". Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге.	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсаты: Балалардың тәртіпке	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсаты: Жұмыс басталар

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".</b>          Мақсаты.          Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.</p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктерін суғару".</b>          Мақсаты.          Өсімдіктердің жарық пен ылғалға қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу.</p>	<p><b>"Орындықтарды жуу".</b>          Мақсаты.          Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".</b>          Мақсаты.          Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.</p>	<p><b>"Ойыншықтардағы тәртіп".</b>          Мақсаты.          Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>
	<p><b>Үстел үсті ойыны.</b>          "Бұл үйде кімдер тұрады?"          Мақсаты.          Балалардың сөздік қорын арттыру, есте сақтау.          Шарты.</p>	<p><b>Санамақ.</b>          Бір дегенім - бесік,          Шықтық содан өсіп.          Екі деген - елім,          Дала, туым, көлім.          Үш дегенім - үміт,          Үміт артар жігіт,          Төрт дегенім - төзім,</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны.</b>          "Лото".          Мақсаты.          Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Әрбір бала ортақ атаумен</p>	<p><b>Фотосуреттерді қарастыру «Менің отбасым».</b>          Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу.</p>	<p><b>Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз».</b>          Мақсаты.          Балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады. Ойын атрибуттары.</p>

	Тәрбиеші үй терезесінен отбасы мүшелерінің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды.	Төзе білем - өзім, Бес дегенім - бақыт, Бағалайтын уақыт.	біріккен отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін жинайды.		"Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады.
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	<p>Педагог балалардың назарын өзіне аударып:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, енді тақтадағы суретке қарап жаттығуларды орындайықшы!</li> <li>- «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде. <ul style="list-style-type: none"> <li>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу;</li> <li>2 - бастапқы қалыпқа келу;</li> <li>3 - орамалмен айналып билеу;</li> <li>4 - бастапқы қалыпқа келу.</li> </ul> </li> <li>- «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады. <ul style="list-style-type: none"> <li>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру;</li> <li>2 - бастапқы қалыпқа келу.</li> </ul> </li> <li>- «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. <ul style="list-style-type: none"> <li>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру;</li> <li>2 - сызық ортасына келгенде тарап кету;</li> <li>3 - бастапқы қалыпқа келу.</li> </ul> </li> <li>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. <ul style="list-style-type: none"> <li>1 - екі қолды екі қапталға жаю;</li> <li>2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу;</li> <li>3 - бастапқы қалыпқа келу.</li> </ul> </li> <li>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. <ul style="list-style-type: none"> <li>1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру;</li> <li>2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру;</li> <li>3 - бастапқы қалыпқа келу.</li> </ul> </li> <li>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. <ul style="list-style-type: none"> <li>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау;</li> <li>2 - бастапқы қалыпқа келу;</li> <li>3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау;</li> <li>4 - бастапқы қалыпқа келу</li> </ul> </li> <li>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.</li> </ul>				

	1 - жұптар қолдарынан ұстап; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.				
<b>Таңғы ас</b>	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Арпа, бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	«Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.	Отбасы туралы мнемотехника бойынша тақпақ жаттау.	Отбасы туралы мақал-мәтелдер жаттау.	"Менің отбасым" тақырыбында отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау.	"Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету.
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b> "Буынға бөлейік"  <b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Қазақ тілі</b> "Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі".  <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Балабақша қызметкерлерінің еңбегі"	<b>Сауат ашу негіздері</b> "Буынға бөлуді қайталау"  <b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Математика негіздері</b> "Бақшадағы жемістер"  <b>Сөйлеуді дамыту</b> Балабақша қызметкерлері туралы әңгімелесу.	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Қазақ тілі</b> Дыбыстар мен әріптер"  <b>Математика негіздері</b> Себет толы жемістер  <b>Көркем әдебиет</b> "Атаның сөзі - ақылдың көзі"	<b>Математика негіздері</b> "Отбасымда мен нешіншімін?"  <b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Сөйлеуді дамыту</b> "Отбасында біз бесеуміз"  <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Отбасы және туыстарым"	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Мүсіндеу</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Сауат ашу негіздері</b> "Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар".  <b>Көркем әдебиет</b> "М. Төрежанов «Қамқорлық»"
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
<b>Серуен</b>	<b>Бақшадағы сәбіз бен</b>	<b>Күзгі орманды</b>	<b>Ауа райын бақылау.</b>	<b>Торғайларды бақылау.</b>	<b>Қайың ағашын</b>



<p><b>қызылшаны бақылау.</b> Мақсаты. Көгөністерге салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; көгөністерге тән ерекшеліктер туралы ойларын бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау. Зерттеу. Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтау (түсі, мөлшері). Топқа отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> <b>бақшадағы егінді жинау.</b> Мақсаты. Көгөністерді қазуды үйрету; топта жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> "Көгөністерді ата". Мақсаты. Көгөністердің аттарын бекітіп, допты қағып</p>	<p><b>бақылау.</b> Мақсаты. Діңі мен жапырақтарының түсі бойынша қайың мен көктеректі ажырата білуге үйрету, ағаш бөліктері (діңі, бұтақтары, түбірі) туралы ойды бекіту; туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> <b>гербарий үшін көктерек пен қайың жапырақтарын жинау.</b> Мақсаты. Жапырақтарды ажырата білуге үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> "Секірейік". Мақсаты. Ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын</b></p>	<p>Мақсаты. Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: көкөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек.</b> Мақсаты. Бірлесіп жұмыс жасауды үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> <b>"Қияр, қияр".</b> Мақсаты. Белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, лақтыруға күш беру қабілетін жетілдіру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</b> Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-</p>	<p>Мақсаты. Торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек: қызылшаны жинау.</b> Мақсаты. Жұмыс істеуге дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> <b>"Құстар мен мысық", "Қарғалар" (мөлшері 2-3 рет).</b> Мақсаты. Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын,</p>	<p><b>бақылау.</b> Мақсаты. Қайың ағашының белгілерін атау; оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына тамсануға деген ұмтылысты тәрбиелеу. <b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> <b>көгөністерді жинау.</b> Мақсаты. Ұжымдық жұмыс істеуге үйрету; топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> "Қояндар мен қасқыр". Мақсаты. Балалардың физикалық белсенділігін дамытуды жалғастыру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</b> Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау</p>
--	--	--	--	--

	алу іскерліктерін жетілдіру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.</b> Мақсаты. Қимылдарды үйлестіруді дамыту.	<b>материалдармен ойындар:</b> <b>қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсаты. Қимыл-қозғалыс көмегімен табиғатты аялауға тәрбиелеу; бөренелерден, тастардан, діндерден секіруге машықтандыру.	қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</b> Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
<b>Түскі ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>Дидактикалық ойын. "Тергеушілер".</b> Мақсаты. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға	<b>Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі".</b> Мақсаты. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту.	<b>Вариативті компонент - Ағылшын тілі</b> "How are you?"  <b>Дамытушы ойын.</b> <b>"Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді</b>	<b>Дамытушы ойын.</b> "Сынық телефон". Мақсаты. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	<b>Дамытушы жаттығу. "Тыныс алуды реттеу".</b> Мақсаты. Балаларды санау ырғағына сай тыныс алуда жаттықтыру; балалардың тыныс алу жүрйесін

<p>кезегімен түрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді. Ойынның тағы бір нұсқасы: қалаған бала түрлі заттар жатқан қораптан белгілі затты өздігінен алып, оған сипаттама береді.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Отбасы".</p> <p>Мақсаты. Балалардың отбасы мүшелері жөнінде ұғымдарын нығайту; отбасы мүшелерінің отбасыда атқаратын рөлі неде екендігін пысықтау; үлкенге құрмет, жақынына деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық-саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі,</p>	<p>Шарты.</p> <p>Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз қатесін өтейді, өнерін көрсетеді.</p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Үй құрылысы".</p> <p>Мақсаты. Балалардың ұй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа</p>	<p><b>көрсетіп қайтамыз".</b></p> <p>Мақсаты. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.</p> <p>Шарты.</p> <p>Жүргізуші.</p> <p>1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.</p> <p>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді.</p> <p>3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді.</p> <p>Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.</p> <p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын.</b> "Дәріхана".</p> <p>Мақсаты. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға,</p>	<p>Шарты.</p> <p>Балалар бір тізбекке отырады.</p> <p>Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді.</p> <p>Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды.</p> <p>Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады.</p> <p>Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды.</p>	<p>Шарты.</p> <p>Балалар бір тізбекке отырады.</p> <p>Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді.</p> <p>Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы отырған бала естіген сөзді дауысын шығарып жариялайды.</p> <p>Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады.</p> <p>Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды.</p>	<p>нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог алғаншында жаттығуды санау арқылы өткізеді. Содан соң жиі немесе сирек (терең дем алу) тыныс алу жаттығуларын ұйымдастыруға болады. Жаттығуды жүргізуде белгілі санамақты немесе тақпақты, әнді айтқызып, жаттықтыруға болады.</p> <p><b>Театрландырылған қойылым.</b></p> <p>"Үйшік" ертегісі.</p> <p>Мақсаты. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>"Үйшік" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, үйшіктің нақпшіні.</p> <p>Шарты.</p>
---	--	--	---	---	--

<p>ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп жатады, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, алдын ала күн тәртібіндегі қандай оқиғаны сомдау қажет екендігін анықтап жатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p>	<p>қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар).</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі.</p> <p>Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.</p> <p>Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің</p>	<p>жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Дәрі-дәрмектердің ойыншық пішіндері, "Дәріхана" сөмкелері, ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек көрсетуге арналған қандай құралдардың сатылатынын анықтайды.</p> <p>Балалар өзара дәріханашы мен профизор рөлдеріне қатысуды білдіреді, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог балалармен</p>	<p>Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.</p> <p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын.</b></p> <p>"Сұлулық салоны".</p> <p>Мақсаты. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және нақпіншіндері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына</p>	<p>Педагог балаларға алдын-ала "Ұйшік" ертегісінің мазмұнын қайталатады.</p> <p>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады.</p> <p>Алғашында автор тарапын педагог өзі алады, содан соңғы жағдайларда балалардың да арасынан автордың рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады.</p> <p>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады.</p> <p>Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады.</p> <p>Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне шамалы</p>
---	---	---	--	--

		<p>сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p>	<p>бірлесіп, ойынды тұтынушылар дәріханаға келіп, бастайтынын айтады.</p> <p>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады.</p>	<p>қолданатын таңбалауыштар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонында қызмет ететін шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысады. Дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қандай маман қандай құралдарды қолданатынын түсіндіреді.</p> <p>Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандарды таңдайды немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады.</p> <p>Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетіндегі</p>	<p>талдау жасатады.</p>
--	--	---	---	---	-------------------------

				суретті көрсету арқылы айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады.	
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>"Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу.</b> Мақсаты. Балалардың тілдерін дамыту; отбасы туралы білімдерін жетілдіру.	<b>"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.</b> Мақсаты. Балалардың тілдерін дамыту. Мысалы: Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортаң терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде - бесеуіміз.	<b>"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.</b> Мақсаты. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады.	<b>"Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу.</b> Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым -а там, Балаң үйрек - апам, Ортаң терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде-бесеуіміз.	<b>Санамақтар айтқызу.</b> Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің. Нешеу болды, қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ - балапанын. (М. Қуанышбеков)
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу.				
<b>Серуен</b>	Еркін ойындар, ауа райын бақылаулар.				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу)</b>	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.				

<p>қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Сюжетті-рөлдік ойындар. Театрлық қойылымдар. Көлеңке театры. Арт-терапиялық суреттер бояу. <b>Театрлық қойылым.</b> "Алма" ертегісі. Мақсаты: балалардың естеріндегі әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. Алма ағашының пішіні, ертегіге қатысатын кейіпкерлердің (қоян, қарға, аю, кірпі) киімдері, маскалары. Шарты. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталайды. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор рөлін педагог өзі алады, балалардың арасынан автордың рөлін орындайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>«Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу .«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Тексерілді: Әдіскер *Дүйс*  
 күні: 09.09.22 ж

Білім беру ұйымы  
 (балабақша/ шағын  
 орталық,  
 мектепалды  
 сыныбы)

№9 «Байтерек» бөбекжайы

Топ/сынып

**Мектепалды топ**

Тобы, топтың  
 реттік саны, атауы

«Таңшолпан» Мектепалды тобы

Балалардың жасы

**5 жасар балалар**

Педагогтің аты-  
 жөні

Ермекова Ж.

Жоспардың құрылу  
 кезеңі (апта  
 күндерін, айды,  
 жылды көрсету)

**12.09. - 16.09.2022**

Апта күндері

*Дүйсенбі*

*Сейсенбі*

*Сәрсенбі*

*Бейсенбі*

*Жұма*

Күн тәртібі

Балаларды  
 қабылдау

Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Балаларды бірінші күні толық құжатын алып, дене қызуын өлшеп, денесін, терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен қабылдайды. Бойы мен салмағын өлшеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**

Ата-аналармен  
 әңгімелесу, кеңес  
 беру

«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.

Балалардың дербес  
 әрекеті (баяу  
 қимылды ойындар,

"Өсімдіктерді  
 құнарландыру".  
 Мақсат-міндеттері.

"Біз топ бөлмесі мен  
 жатын бөлмедегі  
 терезе алды тақтайын

"Біз орындықтарды  
 орнына  
 орналастырамыз".

"Кітап бұрышындағы  
 еңбек".  
 (кітаптарды қалпына

"Өз төсегімізді жинауды  
 үйренеміз".  
 Мақсат-міндеттері.



	<p>әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Кім шеңберде қалады?", "Тірі лабиринт" ойындары.</b> Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдік, ептілік, қозғалыс жылдамдығы сезімін дамыту; бірлескен ұжымдық іс-әрекетке, тапқырлықты үйрету. <b>(танымдық іс-әрекет, дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Еркін ойын: "Кім епті?"</b> Мақсат-міндеттері. Допты лақтыруға және ұстауға машықтандыру. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>орналастыру. Ойын іс-әрекеті. Үш үлкен карточкада бақша, бау мен гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Үстел үсті ойыны "Лото. Жыл мезгілдері".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқампаздыққа баулу. Бұл қашан болады? Балалар жыл мезгілдерін көрсететін карточкаларды таңдайды. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады. Бұл ойында бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдануы мүмкін. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> <b>(дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды жүзеге асыру.</p> <p><b>Еркін ойын. "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды</p>	<p>Сайға сырғып жөнелдің <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Үстел үсті ойыны.</b> "Сикырлы сандар". Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар туралы білімдерін бекіту. Балалар сандар мозаикасын құрайды. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды, сигнал бойынша әрекет етуді үйрету. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p><b>Еркін ойын. "Тыйым салынған қозғалыстар".</b> Мақсат-міндеттері. Еске сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Ойын барысы. Ойыншылар шеңберге тұрады, педагог ортаға шығады. Ол олардың қайсына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қимылдар жасайды. Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қимылдарды қайталайды. Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қимылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қозғалысты 4-5 қайталаудан кейін өзгерту керек. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене</b></p>
--	--	--	---	--	---

			<p>жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. Барысы. Балалар дөңгелене шеңбер кұрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады, қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалардың сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиешінің белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан-жағына жылдам қарап, тақияның өзінде екенін білсе, ол жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді: тақпак, өлең, би және тағы басқа. Орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою-өрнек бейнесі</p>		<p><b>шынықтыру)</b></p>
--	--	--	--	--	--------------------------

			<p>беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз. Ойын ережесі. Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, жан-жағына қарауға болмайды. Бір-бірін итеруге, күш көрсетуге жол берілмейді.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>		
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p>1. "Секіртпені соз" жаттығуы.  Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, жіптің шетінен ұстау.  1 секіртпені шетінен ұстап, қолды алға созу.  2 жоғары көтеру, 3 кеуде тұсына әкелу. 4 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. "Сағаттың тілі" жаттығуы:  Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, секіртпені екі шетінен ұстау, қолды жоғары көтеру.  1 оңға еңкею.  2 бастапқы қалыпқа келу.  3 солға еңкею.  4 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>3. "Отыру" жаттығуы.  Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпе, қол төменде.  1-2 екі тізені бір-бірінен алшақ қою, секіртпемен қолды жоғары көтеру, сәл иіліп отыру.  2 бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>4. "Бүгілу, майысу" жаттығуы.  Бастапқы қалып: екіге бүктелген секіртпені екі шетінен ұстап, алға созған күйде етпетінен жату.  1-3 артқа қарай иілу, бір мезгілде аяқты көтере (аяқтың ұшын соза) секіртпемен қолды алға қарай жоғары көтеру.</p>				

	<p>4 бастапқы қалыпқа келу.  5. "Еңкею" жаттығуы.  Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, секіртпені екі ұшынан ұстау, қолды төмен түсіріп тұру.  1 заттардан аттап жүру.  2 секіртпемен еркін секіру. (<b>дене шынықтыру, дербес әрекет</b>)</p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.  <b>Көркемсөз</b>  Тағы міне, таң атты,  Дайын дәмді тағамдар.  Үлпілдеген тиінге,  Жарып берем жаңғақты.  Қою сүтті беремін,  Мысық пен күшікке.  Түлкіге қою айран,  Тышқанға дән саламын.  Ақ қоянға тәтті нан,  Тосап беремін араға.  Таңғы ботқа береміз,  Бақшадағы балаға.  (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау</b>)</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>Алтын күз тақырыбында, күздің ерекшеліктері туралы әңгімелесу.  (<b>қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті</b>)</p>	<p>Күз туралы жұмбақтар шешу. (<b>қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті</b>)</p>	<p>Күз туралы тақпақтар жаттау.  (<b>қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті</b>)</p>	<p>"Күз" тақырыбына байланысты мнемочарточкалармен жұмыс істеу. Балалар сурет бойынша толық мәтінді құрастырады.  (<b>қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті</b>)</p>	<p>Мозаика.  Мақсат-міндеттері. Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбесүйгіштікке тәрбиелеу.  (<b>қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-</b></p>

					<b>әрекеті)</b>
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[а] дыбысы және А а әрпі" Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін таныстыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Жыл мезгілдері. Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балаларға «күз», «жапырақтың түсуі» ұғымдарын; «алтын күз» туралы түсініктерін одан әрі дамыту; Ғ әрпі және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын табиғи құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[а] дыбысы және А а әрпін қайталау" Мақсат-міндеттері. Балаларға [а] дыбысы және А а әрпін қайталату.</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> "Сайқымазақтарды кім санапты?" Мақсат-міндеттері. Балаларда "үш" саны туралы түсінік қалыптастыру; "үш" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "екіден" құрылатыны туралы түсінігін дамыту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Мұқатай Жылқайдарұлы «Күз». Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейту, күз мезгілінің</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Жыл мезгілдері. Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балаларға «күз», «жапырақтың түсуі» ұғымдарын; «алтын күз» туралы түсініктерін одан әрі дамыту; Ғ әрпі және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын табиғи құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік қалыптастыру; «күз» туралы түсініктерін одан әрі дамыту; Ғ әрпі және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын табиғи құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік қалыптастыру; «күз» туралы түсінігін дамыту.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Қанша салсаң, сонша жинайсың". Мақсат-міндеттер: балалардың "төрт" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "төрт" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту.</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Мұқатай Жылқайдарұлы «Күз». Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдерінің ішіндегі бағаланатын күз мезгілінің ерекшелігін ашып түсіндіру, күз байлығы туралы әңгімелеу.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сурет салу Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[н] дыбысы және Н н әрпін қайталау" Мақсат-міндеттері: [н] дыбысы бар сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға үйретуді пысықтау.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Жұмбақтар әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттері. Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдауды, жауабын табуды үйрету.</p>

	<p>қалыптастыру; суреттерге сүйене отырып, балалардың «күз» тақырыбында интеллектуалды карта құра білуін дамыту, «күз» ұғымын анықтайтын негізгі сөз тіркестерін нақты айтуға дағдыландыру; қарама-қайшылықтарды салыстыру негізінде сөз тіркестерін дұрыс таңдауға жаттықтыру; қазақ тілін түсіну және сөйлеуде көркемсөзді қолдануға бейімдеу.</p> <p><b>.Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Себет толы көгөніс пен жеміс". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы көгөністер мен жемістер туралы түсініктерін тиянақтау; күз мезгіліне тән құбылыстарды бақылай білу қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>ерекшелігін бақылату.</p>	<p>дағдыландыру; қарама-қайшылықтарды салыстыру негізінде сөз тіркестерін дұрыс таңдауға жаттықтыру; қазақ тілін түсіну және сөйлеуде көркемсөзді қолдануға бейімдеу.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Сайқымазақтарды кім санапты?" Мақсат-міндеттері. Балаларда "үш" саны туралы түсінік қалыптастыру; "үш" жиын санының екі ең кіші элемент, "бір" және "екіден" құрылатыны туралы түсінігін дамыту</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Жұмбақтар әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттері. Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдау, жауабын табуды үйрету.</p>	<p>"Қияр қалай өсіп шығады?". Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністердің өсіп шығуы туралы түсініктерін жетілдіру; бақшада жұмыс істеу түрлерімен таныстыру; қиярды өз қолымен өсіру іс-тәжірибелерін жасау арқылы қияр туралы ұғымдарын толықтыру; танымдық үрдістерін дамыту; бір-бірін мұқият тыңдап, қойылған сұраққа нақты және толық жауап бере білуге тәрбиелеу; еңбексүйгіштікке баулу. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	
--	--	------------------------------	--	--	--



2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;</li> <li>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;</li> <li>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу;</li> <li>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.</li> </ul> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	<p><b>Бұлттарды бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспандағы бұлттарды байқауды және күн райының құбылуын бақылауға дағдыландыру. <b>Экологиялық міндет:</b> жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және тағы басқа) Сұрақтар: - Бүгін күн райы қандай? Бүгін аспан қандай?</p>	<p><b>Бұлттарды бақылау</b> (жаңбыр қалай пайда болады). (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауды үйрету. <b>Экологиялық міндет:</b> экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды. Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту. Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не</p>	<p><b>Бұлттарды бақылау</b> (бұршақ қалай пайда болады) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспаннан бұршақ жауу құбылысымен таныстыруды жалғастыру. Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз</p>	<p><b>Жаңбырды бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту Жауынның алғашқы белгілерін байқау: қалың бұлт, қара бұлт, түнерген бұлт. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту (су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, ол жерге жауын болып жауады; егер тамшылар кішірек болса жауын сіркіреді, ірі тамшылар жаңбыр болып жауады; әр бағытта, тура, қисық).</p>	<p><b>Суды бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Суды үнемді пайдалану туралы түсініктерін бекіту. <b>Тәжірибе. "Судың түсі жоқ, бірақ оны бояуға болады".</b> Кранды ашыңыз, ағып жатқан суды көруді ұсыныңыз. Бірнеше стаканға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір). Суды оған бояу қосу арқылы күңгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті болды? (Қызыл, көк, сары, қызыл). Судың түсі суға қандай түсті қосатынымызға</p>

<p>Аспаннан нені көреміз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғала ма немесе қозғалмай ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінен ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың айтқан жауаптарын және бейнелі сөздерін мақтаңыз.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет.</p> <p><b>Жұмбақ</b> Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт.)</p> <p><b>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде</p>	<p>болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендер, теңіздер мен шалшықтардағы және басқа жердегі судың булануынан ауада әрдайым су буы болатынын, бірақ біз оны көрмейтінімізді түсіндіріңіз. Бу аспанға көтерілгенде аспанда бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, барлық тамшылар бірге жиналып, үлке және ауыр болып жерге түседі, жаңбыр жауады.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын.</p> <p><b>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері.</p>	<p>бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ жауу - табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.</p> <p><b>Экологиялық міндет:</b> судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет.</p> <p><b>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру;</p>	<p>Жазда жауын әртүрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін. Бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын айту керек. Жерден жоғарыда ауа өте суық, ол жерден көтерілген буды суытады. Күзде жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту.</p> <p><b>Көркемсөз</b> Жаңбыр-жаңбыр жауады, Тамшылары тамады, Ойнап, ойнап, аламыз, Ойын сауық саламыз! Жау аяма нөсерле, Сенсіз бір түп өсе ме? Құйып, құйып өтпесең Бұлт жөніне көшер ме?</p> <p><b>Жұмбақтар</b> Тіл былдыр, үні сылдыр. (Жаңбыр.) Қырда қылыш жарқылдайды. (Найзағай.)</p> <p><b>Мақал-мәтел.</b></p>	<p>байланысты. Қорытынды. - Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін? (Суды кез келген түске оңай бояуға болады.)</p> <p><b>Көркемсөз</b> Самал жел, бізді желдетші, Күн нұры, бізді жарқырат. Таза ауа, дем берші, Мөлдір су, бізді салқындат.</p> <p><b>Дидактикалық ойын. "Батады-батпайды".</b> Мақсат-міндеттері. Заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту.</p> <p><b>"Су қандай?"</b> Балалар суды сипаттайды. Мақсат-міндеттері. Салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу.</p> <p><b>"Сумен ойындар".</b> Үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге</p>
---	---	--	--	--

<p>ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Д. Ахметова "Өткеншек".</p> <p>Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз.</p> <p>Жылдам-жылдам жүгіріп,</p> <p>Шеңберді айналдырамыз.</p> <p>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін.</p> <p>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа</p>	<p>Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі. "Мен - түлкі!" белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлілікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал ойын жүргізушісі (педагог) балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Содан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады.</p> <p>Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды.</p>	<p>шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды.</p> <p>Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.</p> <p>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады:</p> <p>- Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай.</p> <p>Тышқан көрсе - бас салады!</p> <p>Кім тышқанды құтқарады?</p> <p>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды</p>	<p>Жаңбыр жауса – жер ырысы.</p> <p><b>Еңбек:</b> жағалаудан қолөнерге жарайтын малтатастарды жинау.</p> <p><b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ортақ мақсат үшін саналы жұмыс істеуді үйрету.</p> <p><b>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>жеткізбеуге тырысу, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.</p> <p>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады).</p> <p>Әр бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.</p> <p>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:</p>	<p>шығарылады. Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құяды, қуыршақтарды жуындырады және тағы басқа.</p> <p><b>Еңбек:</b> ойыншықтарды жуу (оларды өңдеуге болады), төсенішке жаю, кептіру. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>"Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, бір-бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе:</p> <p>"Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Осы топтың ішінен, Анар атты қыз (Асан атты ұл ) керек!" - деп шақырады.</p> <p>Анар күш жүгіріп барып, қолдарын үзіп өту керек. Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай</p>
--	--	--	--	---

<p>бұрып, шеңбер ортасына қаратып тұрғызу керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p><b>Еңбек:</b> балалармен бірге гүлзарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Еркін ойын. "Күн мен жаңбыр".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың шығармашылығын, кеңістікті бағдарлауын, жылдамдығын, зейінін дамыту.</p> <p>Ойын барысы. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді және тағы басқа. Тәрбиеші</p>	<p>Осы жерден бастап, балалар"қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.</p> <p><b>Еңбек:</b> алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:</b> жүгіріп ұзындыққа секіру (кемінде 1м).</p> <p>Мақсаты: ұшу ауқымын дамыту.</p> <p>Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>жауып қояды.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеуге міндетті.</p> <p>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.</p> <p>Тышқан мен мысықтың диалогін қосуға болады.</p> <p>Тышқан:</p> <p>- Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық.</p> <p>Секектеймін ыршып та, Кезікпеймін қырсыққа, Ұстатпаймын мысыққа, Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық!</p> <p>Мысық:</p> <p>- Мияу!</p> <p>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді?</p> <p>Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін.</p> <p><b>Еңбек:</b> гүлзарларды суару. (еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?</p> <p>"Бояушы":</p> <p>- Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін.</p> <p>"Бояуды сатушы":</p> <p>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?</p> <p>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала қаша жөнеледі. Ал диалог әрі қарай жалғасады:</p> <p>- Бояудың бағасы қанша?</p> <p>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.</p> <p>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген мөлшерде қаққылайды, "бояуды қуалап кетеді.</p> <p>Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.</p> <p>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр</p>	<p>біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Баланың шапшаңдығын, күштілігін айтып мақтап жүреміз.</p> <p><b>"Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Қиялды дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсету. Еркін ойын ойнау.</p>	
---	---	---	--	---	--

	<p>"Жаңбыр жауды!" дегенде, балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Бұнда жерден жоғары тұрған құрылғылардың үстіне шығып кету туралы келісуге болады (бөренелер, орындықтар, сатылар).</p> <p>Тәрбиеші "Күн шықты!" дегенде, балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді. Бұнда келісілген негізгі қимылдың бірін орындап жүруге болады (тек қана секіру, арқаны алдыға қаратып жүгіру және тағы басқа)</p> <p>Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>		<p>Мақсат-міндеттері. Ересектерге көмек көрсетуді; өсімдіктерге қамқорлық жасауды үйрету.</p> <p><b>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, бағытты өзгертіп секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әрқалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді).</p> <p>Күрделенуі: 1) сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.</p> <p>Далаға шығарылатын материалмен еркін ойын ойнау.</p>	<p>болады.</p> <p><b>"Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Лақтыру ептілігін, икемділікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p> <p>Еркін ойын ойнау.</p>	
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- учаскіден шығар алдында, аяқкіімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;</li> <li>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;</li> <li>- ғимаратқа тыныш, есікті тарсылдатпай кіру;</li> <li>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою.</li> </ul> <p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.</p>				

	Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, әбден тазарғанша жуу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толыққанды дайын түрінде келуге машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)</b>				
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетін пысықтау. Үстелдегі тағамға назар аудару; этикет ережелерін қайталау. <b>Көркемсөз</b> Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, Тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан түйірлерін жерге түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айту әдеп үлгілерін қайталау. <b>Көркемсөз</b> Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Майлықты қолдануды әдетке айналдыру. Нанды үгітпеу, орындықты дұрыс қою, тамақ үшін алғыс айту, ауызды шаю, тамақтануға жағымды қатынасты тәрбиелеу. <b>Көркемсөз</b> Тағы, міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын гигиеналық іс-шараларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту. <b>Көркемсөз</b> Қуанады анашым, Таза оның баласы. Маңдайымнан сипайды, Саусағының саласы. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттері. Тамақтану дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану, ас құралдары, майлық; үстел басында тыныш отыру әдетін дамыту. <b>Көркемсөз</b> Ей, балалар, балалар, Бар қасиет нанда бар! Тоқаш, бөлке көп болар, Тәттіге жұрт тоқ болар. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<b>Ұйқыдан біртіндеп тұру (музыка ақырын ойнап тұр).</b>	Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу. <b>Тыныс алу</b>	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен	Біртіндеп ұйқыдан ояту. Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.

	<p>Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық!</p> <p>Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>жаттығуы:</b> Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1. «Балапандар серуенге шықты» шик - шик - шик. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілгекті жолмен жүру. 4. Тастардың үстерімен жүру. 5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру. 6. Табандар арқылы жүру. <b>Көркемсөз</b> - Балапандарым, ұйқыдан тұрайық. Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>	<p>жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. <b>Көркемсөз</b> Әдемі ирек жолдармен, Лақтай ойнақтап, Тастан-тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>	<p>жаттығулары. <b>«Ұшақ» жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту. <b>Көркемсөз</b> Ұйықтап жатқан кім екен? Уақыт болды тұратын. Жаттығуды жасайық, Ұйқымызды ашайық! Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>	<p>Толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. <b>Көркемсөз</b> Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір-біріңе жымыыңдар, Бастарыңды оңға және солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>
--	---	---	--	--	--

<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>Дамытушы ойын.</b> "Суретшінің қатесін тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар, жан-жануарлар, құбылыстар жөніндегі ұғымдарын пысықтау; табиғатына сәйкес емес белгілерді байқап, құрылымында немесе сипатында не дұрыс еместігін атауға жаттықтыру; қоршаған әлем заңдылықтарына қызығушылықтарды арттыру, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Сыртқы сипатында, құрылымында сәйкессіздіктері бар объектілер мен құбылыстар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Қасқырдың жүні жасыл емес, сұр болады", "Қоянның құлағы тышқанның құлағы сияқты кішкентай емес,</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b> "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері. Балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты. Балалар бір тізбекке отырады. Жүргізушіні санамақ арқылы таңдауға болады. Алғашында, педагог балаларға ойынды жүргізу үлгісін бір рет көрсетеді. Балаларға ойын шартын нақтылы орындап, оны бұзуға болмайтынын түсіндіреді. Жүргізуші бірінші болып шетте отырған баланың құлағына өзі ойлаған заттың атауын сыбырлап айтады. Оны естіген бала келесі балаға сыбырлап айтады, сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңғы</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b> "Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары). Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуды, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу. Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары. Шарты. Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауыштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап алуды ұсынады. Таңбалауыштағы</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b> <b>"Жылы сөздер қобдишасы"</b>. Мақсат-міндеттері. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, өмірге нық сеніммен қарау (оптимизм) сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болғанымен, біздің қолымызда қолшатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды". <b>(қарым-қатынас іс-</b></p>	<p><b>Сөздік жаттығу.</b> "Жаңа сөзді құрастырайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар, қасиеттері жайында білімдерін толықтыру; сөздік қорды байыту; ойлау, еске сақтау қабілеттерін дамыту; ой шапшаңдығына, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жаңбыр, шатыр, ай, аяқ, көз, шаш, көз, қап суреттері салынған мнемочарточкалар, түсі ақ карточка. Шарты. Педагог ұсынған мнемочарточкаларға қарап, сөзбен атап, одан жаңа түбірлес сөздерді тауып айту керек. - Жаңбыр - жаңбырлы. - Шатыр - қолшатыр. - Күн - күндіз, күнтізбе, күнбағыс. - Ай - Айжан, Айбол, Айнұр.</p>



<p>ұзын болады", "Күндіз аспанда жұлдыздар көрінбейді", "Бұлақ төменнен жоғары емес, жоғарыдан төмен ағады", "Бәйшешек күзде емес, көктемде шығады", "Аққала көктемде аулада тұра алмайды, еріп кетеді", "Ит ағаш ұясында емес, аулада, ағаш үйшікте мекендейді", "Жазда өзен мұз бола алмайды, себебі күн ыстық", "Түлкінің құйрығы қоянның қысқа құйрығы сияқты емес, қалың, сарғыш болады" және тағы басқа.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын.</b>  <b>"Сән көрсету подиумы".</b>          Мақсат-міндеттері. Балалардың "сән көрсету" және "подиум</p>	<p>отырған бала естіген сөзді дауыстап жариялайды.</p> <p>Егер баланың айтылған сөзі жүргізуші ойлаған сөз болып шықса, телефон сынбай істеді деп саналады.</p> <p>Егер соңғы сөз бастапқы сөз болмай қалса, балалар тергеуді жүргізіп, бұл сөздің қандай тізбекте ауысып кеткенін анықтайды.</p> <p>Бір айналым өткеннен кейін, бірінші бала соңғы орынға ауысады, сөйтіп бірінші еститін балалар үнемі жаңадан болып отырады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын.</b>          "Сұлулық салоны".          Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері</p>	<p>құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады.</p> <p>Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды және тағы басқа.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын.</b>          "Көлік жөндеу шеберханасы".          Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі көлік жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті</p>	<p><b>әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын.</b>  <b>"Туған күн".</b>          Мақсат-міндеттері. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атау салттары жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.          Туған күнді атап өтуге қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды нақпіндері, журналдан қиылған суреттері; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері.</p> <p>Шарты.          Педагог балалармен бірге әрбір отбасыда туған күннің қалай өтетіні</p>	<p>- Аяқ - аяқкіім, аяқтау.          - Шаш - шашбау.          - Көз - көзілдірік, Аякөз.          - Қап - қолғап; қаптау.          - Сары - сарғыш, Саржал, тоқсары.          - Ақ - ақша қар, ақжелкен, аққала, Ақбала, Ақжан.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын.</b>          "Мектеп".          Мақсат-міндеттері. Адамның білім алуында мектептің қандай маңызы барын балалармен бірге анықтау; мұғалімнің қызметі жөніндегі жалпы ұғымдарды тиянақтау; "сабақ", "үзіліс", "тақта", "үй тапсырмасы", "қоңырау", "сынып журналы", "күнделік" сөздерінің мәнін ойын барысында анықтау; оқу құралдарын пысықтау; нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту;</p>
---	--	---	--	--

	<p>жолы" ұғымдарын қалыптастыру; фотосуретші, киім үлгісінің дизайнері, модель мамандыға туралы түсініктер беру; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін, дене бұлшық еттерін дамыту; адамды құрметтеу, төзімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Құралдар. Подиум жолының макеті, түрлі киім үлгілері, киім үлгілерінің сызбалары. Шарты. Педагог балалармен бірге түрлі сән журналдарын, сәнді киімдерді көрсету туралы бейнежазбаларды көреді, зерттейді, олар жайында алдын ала әңгімелеседі. Әңгімелесулер барысында педагог балаларға сән көрсету, подиум туралы, киім үлгісінің дизайнері,</p>	<p>(шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); қолғап (перчаткалар), халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог ойын алдында балалармен бірге сұлулық салонынды қызмет ететін шаштараз, маникюр,</p>	<p>жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан</p>	<p>жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау салтының қайдан келгенін талқылайды. Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегі жасау керектігін жоспарлайды. Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды. Туған күні иесін балалар санамақ арқылы тағайындау мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күнінің иесі болып үлгеру тиіс. Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес</p>	<p>тәртіптілікке, төзімділікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Үстел мен орындықтар; оқу құралдары, тақта, бор, көрсеткіш; педагогтің сынып журналы, күнделіктер. Шарты. Дайындық жұмысы ретінде балаларды мектепке экскурсияға ертіп апаруға болады. Педагог балалармен бірге мектеп туралы суреттерді, кинофильмдерден (мысалы, "Менің атым Қожа") үзінділерді алдын ала қарап, мұғалім мен оқушылар туралы әңгімелеседі, мектептегі тәртіптің балабақшадағы тәртіпке ұқсамайтыны туралы айтады. Алғашында, мұғалімнің рөлін педагогтің өзі ойнауы мүмкін, содан соң рөлді қалаған балаларға тапсыра алады. Ойынның соңында мектепте үздік оқу үшін ізденімпаздық, төзімділік, ынта, тәртіпке бағыну</p>
--	---	--	---	---	---

<p>фотосуретші, модель бала (қыз бала, ұл бала) туралы нақтылы түсініктерді ұсынады. Педагог көрнекі материалдарды дайындаған кезде балалар сән үлгілеріне көңіл аударуы керек. Балалар дизайнерді таңдап, ол киім үлгілерін дайындайды, модель балаларға киім үлгілерін көрсетеді; көрсетілім өткеннен кейін, сахнаға шығып, құрметін білдіреді. Фотосуретші - модель (сән үлгісін көрсетуші) балалардың жүрісі кезінде оларды фотосуретке түсіріп жатады. Модель балалар өз киім үлгілерін подиум жолымен асықпай жүріп, көрермендерге киім үлгісін ұсынады. Ұлдар мен қыздардың жүрісі бөлек болады, бұны ескеру керек. Қалған балалар көрермендер болып, өз орындарына қатарға</p>	<p>педикюр шебері, бет әрлеуші жайында әңгімелесіп, суретімен татанысады, дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде алдынала әңгімелеседі. Балалар сұлулық салонында қай маман, қай құралдарды қолданатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында қызмет ететін мамандардың рөлін бөліп алады немесе санамақты қолданады; мамандар өздеріне қажет киім мен құралдарды алып, өз орындарына барады; балалардың қалғаны тұтынушылар болады. Педагог мамандарға өз орындарын дайындап отыру жайында, ал тұтынушылар өз мұқтажын дұрыс сөзбен немесе журнал бетін көрсету жайында айтады. Алғашында, педагог диалогтарды реттеп жатады, сұрақтарды тиянақты қоюға</p>	<p>бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру және жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау</p>	<p>қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады; қонақтардың дос болуы, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты ойластырылғаны. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>сияқты қасиеттердің қажеттілігі жайында айтып, қорытынды жасауға болады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>
--	---	---	--	--

	<p>отырады, көрсетілімді тамашалайды, қошемет көрсетеді.</p> <p>Алғашында, педагог өз тарапынан ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қояды, өзі журналист ретінде ойынға қатысып жүреді.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: дизайнер болу үшін киім үлгісін әдемі салу керек, киімді әдемі тігу керек; модель (сән үлгісін көрсетуші) болу үшін әдемі жүріп, суретке, көрерменге киімнің үлгісін әдемі жағынан көрсету керек; фотосуретші суреттерін әдемі шығару керек; модельдер киімді киіп, көрермендерге тамашалату керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-</b></p>	<p>жаттықтырады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>		
--	--	--	--	--	--

	<b>әрекеті, шығармашылық іс- әрекеті)</b>				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Дидактикалық ойындар.</b></p> <p><b>"Геометриялық пішіндер".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып айтуды үйрету.</p> <p>Көрнекілік.</p> <p>Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер.</p> <p>Барысы.</p> <p>Балалар геометриялық пішіндерді пайдаланып, педагогтің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек және тағы басқа). Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды.</p> <p>Тапсырмалар:</p> <p>а) дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойындар (үш дөңгелек</p>	<p><b>Саусақ театры.</b></p> <p>"Қасқыр және жеті лақ" ертегісін саусақ театры арқылы сахналау.</p> <p><b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қаладағы жыл мезгілдері"</b></p> <p><b>дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Барысы.</p> <p>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусым бейнеленген суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы</p>	<p><b>Бала тілін жаттықтыру.</b></p> <p>Өртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу.</p> <p>Мұқатай Жылқайдарұлы "Күз" .</p> <p>Алма, өрікті қамбаларға Толтырды әкеп алтын күз. Шәкірт болып парталарға Отырды кеп алтын күз.</p> <p>Бұлт болып та Алатауға Байланыпты алтын күз. Дастарқанда таба нанға Айналыпты алтын күз.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қаланың есте қаларлық жерлеріне мағынасы жағынан сәйкес сөздерді таңдау қабілетін дамыту.</p> <p>Барысы.</p> <p>Астана- еліміздің бас қаласы. Ол әдемі, үлкен қала. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>

	<p>салынған сандық карточканы көрсетеді);  б) мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар (бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді);  в) дәл осындай пішінді көрсетіндер (дөңгелекті көрсетеді) және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіндер.  Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады. Ойын барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды табуды үйренеді.  <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>		<p>күрделендіре алады.  <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>		
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бүктеп жинау, орнына ілу, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру,</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыландыру;</li> <li>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу;</li> <li>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу;</li> </ul>				

	- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <b>(дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Алтын күз тақырыбында әндер жаттау. Күй тыңдату, аспаптармен таныстыру. Ертеңгілікке дайындық. <b>(музыка)</b></p> <p>Өнер бұрышында алтын күз тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Логикалық, танымдық ойындар, басқатырғыш ойындар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар.</p> <p><b>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың құбылыстар туралы білімдерін бекіту; ойлауды, еске сақтауды, зейінді дамыту.</p> <p>Ойын барысы. Тәрбиеші кез келген маусымға тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың, жыл мезгілінің атауын табуға міндетті.</p> <p>Балаларды өз жауаптарын тек бір сөзбен айтып қана қоймай, жауабының себебін түсіндіруге ынталандыру.</p> <p><b>"Кім жылдам жинайды?" ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Көкгөністер мен жемістерді ажыратуды үйрету. Ойынға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Ойын шарты: тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көгөністер салынады.</p> <p>Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ заттарды жылдам, әрі дұрыс жинайды, сол топ марапатталады. Ойынды топ бөлмесінің ішінде немесе аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады. <b>(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарда мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?»	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-анаға балабақшаға уақытында келуін ескерту.	Айына бір рет отбасы күнін өткізу.	"Қош келдің, Алтын күз!" атты тақырыбында жоба ұйымдастыру.

Тексерілді: Әдіскер *Дүйсәлі*  
 күні: 07.10.22 ж.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық, мектепалды сыныбы)	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таңшолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	10.10.-14.10.2022				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен әңгімелесу,	Ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру. "Баланы еңбекке тәрбиелеу" тақырыбына әңгімелесу.				



<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Өзіне тапсырылған іске жауапкершілік сезінуге тәрбиелеу, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты ұстауға үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, зерттеу іс-әректі)</b></p>	<p>"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарға қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Топта ойыннан кейін тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; суды үнемді пайдалануды үйрету. Өзінің және басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
	<p><b>"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық</p>	<p><b>"Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Дойбы".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін</p>	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Мозаика".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттің бөлігін табуды</p>	<p><b>"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық</p>

	<p>қабілеттерін, зейіндерін дамыту.</p> <p><b>"Фигура жаса" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды жүгіруге жаттықтыру.</p> <p>Ойын ережелері. Балалар ойын алаңының бүкіл жерінде жүгіріп жүреді. Белгі берілген кезде орындарына жылдам тұрып, әртүрлі қимыл көрсеткен қалыпта тұра қалу керек. Шалқайып отыру, қолдарын көтеру, аяқтарын көтеру және тағы басқа. Тәрбиеші кімнің фигурасы қызықты екенін атап өтеді. Жыл соңына қарай ойын күрделене түседі, оған топтық фигуралар енгізіледі (жүшпен, үш). Педагог балаларға белгілі бір позициядағы фигураны ұсынуға кеңес беріледі: тұру, еңбектеген қалпында, отырған қалпында және тағы басқа. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>туралы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін табуды, дұрыс атауды, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.</p> <p>Ойын шарты.</p> <p>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, қай бала бәрінен бұрын барлық карточкаларын қояды, сол бала ойында жеңіп шығады.</p> <p>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілер бейнеленген, көлемдері 5×6 см карточкалар.</p> <p><b>"Арқан тарту" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>	<p>дамытады. Зеректікке баулиды.</p> <p>Ойынның мақсаты.</p> <p>Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.</p> <p><b>Дамытушы ойын.</b></p> <p>"Көлеңкесін тап".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Зейін, ойлау қабілетін, ынтасын дамыту.</p> <p>Балалар жануарлардың көлеңкесін суретімен сәйкестендіреді.</p> <p><b>Саусақ жаттығуы .</b></p> <p>Бас бармақтай балақай, (бас бармақты ұстап) Қайда болдың? Мынау үлкен ініммен (сұқ саусағын ашады) Орманда болдым бүгін мен.</p> <p>Ал мына бір ініммен (ортаңғы саусағын ашады)</p> <p>Ас пісірдім бүгін мен.</p> <p>Одан кейінгі ініммен (аты жоқ саусағын ашады)</p> <p>Ботқа жедім мен енді.</p> <p>Ал мына ініммен (шынашағын ашады)</p>	<p>және орнына орналастыруды үйрету.</p> <p>Тапқырлыққа, жылдам ойлануға тәрбиелеу.</p> <p><b>"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың ұғымындағы жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде келісімді сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Барысы.</p> <p>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусым бейнеленген суретті қолына алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсынады және тапсырманы</p>	<p>қабілеттерін, зейіндерін дамыту.</p> <p><b>"Шымшықтың балапандары мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды белгі бойынша алаңда жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдық пен ептілікті дамыту, табандылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар "торғайлардың" рөлін сомдайды, санамақ арқылы "мысықты" таңдайды.</p> <p>"Торғайлар" алаңның бір шетінде, орындыққа шығып отырады.</p> <p>"Мысық" екінші жақта ұйықтаған болып отырады.</p> <p>"Торғайлар" белгі бойынша алаңға жүгіріп шығып, қанаттарын жан-жаққа жайып жүгіреді. Мысық оянып кетеді, "мияу-мияу" деп керіліп-созылып алады, шымшықтың балапандарын қуа жөнеледі. Олар үйдің</p>
--	--	---	---	---	--

		<p>Ұлттық ойынды жаңғырту, ойынға қызығушылықтарын арттыру; ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; күш-жігерін дамыту, шыдамдылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі ұшынан ұстап, белгіленген меже бойынша күш сынасып тартысады. Берілген межеден асып кеткен топ жеңіледі. Оларды өздеріне тартып алған топ мәреге жетеді. Ойын осылай жалғаса береді. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>	<p>Айттым ән мен өлеңді. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>күрделендіре алады. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>төбесіне немесе ұяларына, өз орындарына бару керек. Мысық шымшықтың балапандарын өз үйіне алып кетеді.</p> <p><b>Еркін ойын:</b>  <b>"Орнынды тап".</b>  Мақсат-міндеттері. Жүгіруге жаттықтыру, төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Көркемсөз</b>  Шыр-шыр еткен торғайды,  Қорғамасаң, болмайды.  Кіп-кішкене торғайлар  Ағаштарды қорғайды.</p> <p>Таспен атып торғайды  Ұя бұзған оңбайды.  Құс өкпелеп кетеді,  Бақшамызға қонбайды.  <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p>Сапқа тізілу, оңға бұрылу, алға жүру; алға екі аяқпен секіріп жылжу, жүру және жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру, бірнеше бағанға қайта тұру.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығуларының кешені.</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алдарына созады, алақандарын ашып-жұмады.</p>				

	<p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.</p> <p>2.1. Оң аяқтарын артқа қояды, екі қолдарын артқа созады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>3.1. Өз орындарында тұру, басты оңға бұру.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (осы жаттығуды сол жаққа 5 рет қайталау).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Қолдарын жандарына созу.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануға дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақты асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын жерге түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.</p> <p><b>Көркемсөз</b></p> <p>Ө.Тұрманжанов "Нан".</p> <p>Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастарқан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>"Күз сыйы" тақырыбына әңгімелесу. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Жемістердің суреттерімен дидактикалық ойындар ойнау, сөздерді буынға бөлу. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Көгөністердің пайдасы туралы әңгімелесу. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы туған жерлері туралы білімдерін бекіту, Отанына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Барысы. Педагог балалармен бірге қаланың көрікті жерлерін</p>	<p>Балаларда эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік</p>

				бейнелейтін суреттерді қарастырады. Педагог балаларға ойын ережелерін түсіндіреді, тұтас суретті бөлшектерден қалай құрастыруға болатыны туралы бұрыннан белгілі ережені ескеріне түсіреді. Ойыншылардың санына сәйкес суреттерді таратады. Педагог ойынды "Бастаймыз!" сөзімен ашып береді. Балалар бөліктерден тұтас суреттерді құрастырады. Суретті бірінші құраған балаларға таңбалауыштар таратылады. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>	беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күн шуағын жинаймын. Достарыма сыйлаймын. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b> "[p] дыбысы және Р р әрпі". Мақсат-міндеттері. Айтылу ерекшелігіне байланысты [p] дыбысының дауыссыз дыбыс екенін балалардың өздеріне анықтату, Р р әрпімен таныстыру.  <b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b> "[p] дыбысы және Р р әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері. [P] дыбысын жеке, буында, сөзде, сөз тіркесінде, сөйлемде анық айтуға машықтандыру.  <b>Музыка Маман жоспарымен</b>  <b>Математика негіздері</b>	<b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b>  <b>Қазақ тілі</b> "Ұ, Ү дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)." Мақсат-міндеттері. Балаларды [ұ], [ү] дыбыстарымен, Ұ ұ және Ү	<b>Математика негіздері</b> "Нанның артығы болмайды" Мақсат-міндеттері. Балалардың он саны көлемінде тура және кері санай білу қабілетін арттыру; ұзындығы бес түрлі жолдардың ұзындығын, беттестіру, тұтастыру және логикалық ойлау амалдары арқылы салыстыру дағдыларын	<b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b>  <b>Мүсіндеу Маман жоспарымен</b>  <b>Сауат ашу негіздері</b> "[o] дыбысы және О о әрпі". Мақсат-міндеттері. [o] дыбысымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [o] дыбысының

	<p><b>Қазақ тілі</b> "Күз сыйлары". Мақсат-міндеттері. Балаларды көгөністер туралы өлеңмен таныстыру; «күзгі егін» ұғымын дамытуды жалғастыру; көгөністер мен жемістер, геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтіндегі көгөністердің атауларын нақты айтқызу, көгөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыландыру; зияткерлік картамен жұмыс істеу кезінде қазақ тілінде көгөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құрастыруды үйрету; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; ересектердің еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер". Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғаттағы жыл мезгілдеріндегі</p>	<p>"Күзгі жапырақтар шашуы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "төрт" саны туралы түсінік қалыптастыру, 4 цифрын тану және 4-ке дейін жылдам санауды жаттықтыру; "төрт" жиын санының екі ең кіші элементтері "бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатынын меңгерту.</p> <p>"Менің балапандарым қайда?" Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы бар ықыластарымен тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдап, мажорлық және минорлық сипаттағы әндерді ажыратуды үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің байлықтарын түсіндіру. <b>(танымдық</b></p>	<p>ү әріптерімен таныстыру. Ұ және Ү әріптерін ауада жазып көрсету, [ұ], [ү] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естуді, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұ және Ү дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету, [ұ], [ү] дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Күзгі жапырақтар шашуы." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "төрт" саны туралы түсінік қалыптастыру, 4 цифрын</p>	<p>жетілдіру.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері. Күз мезгілінің байлығын түсіндіруді пысықтау.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға құстар туралы білім беру, құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, музыка)</b></p>	<p>дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтатқызу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> Күләш Ахметова «Алтын дән» (өлең). Мақсат-міндеттері. Балаларды «Алтын дән» өлеңімен таныстыру; балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуді үйрету; еске сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
--	---	---	--	---	--

	<p>маусымдық өзгерістер туралы ұғымдарын жетілдіру; табиғаттағы ауа райының жай-күйін бақылауды және табиғат күнтізбесіндегі бақылау нәтижелерін атап өтуді үйрету. <b>(қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>тану және 4-ке дейін жылдам санауды жаттықтыру; "төрт" жиын санының екі ең кіші элементтері "бір" және "үш", "екі" мен "екіден" құрылатынын меңгерту; ағаштарды бір-бірінен ажыратуды, дұрыс атауды үйрету; ағаштарды жапырақтарының ерекшелігі бойынша ажырату дағдысын қалыптастыру; логикалық ойлау, еске сақтау, көру қабілетін дамыту; табиғатқа жанашыр болуға, байқампаздыққа, тиянақтылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  "Жұмбақтар әлеміне саяхат" пысықтау.  Мақсат-міндеттері.  Жұмбақтар туралы түсінік беру. Жұмбақты толық тыңдауды, жауабын табуды үйрету. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>		
--	---	--	--	--	--

2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяқкиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;</li> <li>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқкиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;</li> <li>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяқкиімді таза ұстауға баулу;</li> <li>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу.</li> </ul> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	<p><b>Бақылау. "Көгөністер - тірі дәрумендер". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністер туралы білімдерін бекіту (көгөністердің атаулары, олардың бөліктері), ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды үйрету (иісі, дәмі, сыртқы түрі мен жанасуы бойынша). <b>Көркемсөз</b> Көгөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көгөніс, Күзде берді көп өнім. - Балалар, сендер жақсы білесіңдер, көктемде табиғат жаңаша күйге енеді. Жаңадан шөп</p>	<p><b>Бақылау. "Көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбегі". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістердің атауларын жинақтау, жалпылауды дұрыс қолдану («көгөністер», «жемістер»); көгөніс өсірушілер мен бағбандар жұмысының мазмұны мен табиғаты туралы ойларын бекіту, көгөністер өсіру бойынша жұмыстардың жүйелілігі, техниканы пайдалану және олардың көгөніс өндірісіндегі рөлі туралы балалардың</p>	<p><b>Бақылау. "Азық-түлік дүкеніне саяхат". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жемістер туралы ойларды қорыту, көгөніс дүкеніндегі сатушының жұмысы туралы балалардың ойларын кеңейту. - Біз бүгін витаминді салатқа көгөністер сатып алу үшін көгөніс дүкеніне экскурсияға барамыз. - Балалар, қайсыларың дүкенге аналарыңмен бірге бардыңдар? - Онда не істедіңдер? (Балалардың жауаптары.) Педагог балалардан екі-екіден сап түзеуді</p>	<p><b>Көгөніс бақшасындағы жұмысты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Арамшөптерден бұрын жас көшеттерді бақылау; бақтағы өсімдіктердің барлығы бірдей емес екендігіне назар аударту, оларды салыстыру, мәдени өсімдіктер, арамшөптер мен көшеттерінің арасындағы айырмашылықты көрсету. - Арамшөптер мәдени өсімдіктердің өсуіне кері әсер етеді, олар қоректік заттарды, ылғалды алып, күн сәулесін жауып тастайды. Арамшөптерді тамырымен жұлып, бақшадан алып тастау</p>	<p><b>Күнді, күн сәулесінің қозғалысын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттері. Жансыз табиғаттың алуан түрлілігі, көкжиектер туралы түсініктерін кеңейту; қызығушылықты тәрбиелеу; табиғаттағы өзгерістер мен күннің позициясы арасындағы байланысты орнату қабілетін дамыту; жансыз табиғаттың алуан түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту. <b>Жұмбақ.</b> Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты, Ұшады кешке дейін</p>



	<p>шығып, өсімдіктер өседі. Осы кезде бау-бақшаны баптап, көгөністер отырғызамыз. Көгөністердің бірнеше түрлері бар. Адамдар оларға жаз бойы су құйып, күтіп-баптайды. Әрбір көгөніс дәнегінен (тұқымынан) пайда болып өседі. Біздің күнделікті жеп жүрген көгөністер бау-бақшаның өнімі. Көгөністердің адам ағзасына пайдасы мол.</p> <p><b>"Бақшашылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың көгөністерді бірлесіп жинауларын ұйымдастыру. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру.</p> <p><b>Еңбек:</b> бақшадағы жұмыс. Көгөністерді жинау. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Бақшадағы көгөністерді жинауға атсалысып, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен</p>	<p>білімдерін нақтылау. Ересектердің көгөніс бақтарындағы, бақтардағы, саябақтардағы жұмысына, көгөністер мен жемістерді ауыл немесе қаланың көшелерінде тасымалдау, оларды дүңгіршектер мен дүкендерде, көгөніс базарларында сату бойынша бақылау жүргізілді. Сабаққа көгөністер мен жемістердің 5-6 түрі дайындалады, көгөніс өсірушілер мен бағбандардың еңбек құралдары бейнеленген суреттер жиынтығы және кейбір ауылшаруашылық техникасы (трактор, қызылша жинайтын комбайн, картоп отырғызушылар және тағы басқа) дайындалады, көгөністер мен жемістер туралы жұмбақтар. Сабақтың басында педагог көгөністер мен</p>	<p>сұрайды, содан кейін ол балаларға көшедегі жүріс-тұрыс ережелері, жол ережелері туралы еске салады. Педагог балалармен бірге дүкенге барады, содан кейін көгөніс бөліміне апарады.</p> <p>- Балалар, біз дүкеннің азық-түлік бөліміне келдік.</p> <p>- Мұқият қарайық. Дүкеннің осы бөлімінен не сатып алатынымызды айтыңдаршы?</p> <p>Балалар дүкен терезесін мұқият қарап шығады, көгөністер мен жемістерді атайды. Дүкеннің осы бөлімінде көптеген түрлі көгөністер сатылады.</p> <p>- Көптеген түрлі көгөністер сататын дүкеннің мұндай бөлімі қалай аталады?</p> <p>- Дәл солай! Көгөніс бөлімі.</p> <p>Тәрбиеші балаларға көгөністер мен жемістерді көрсетеді, балалар көгөністер мен жемістердің аттарын</p>	<p>керек. Не үшін?</p> <p>"Арамшөптерді тап." Жердегі барлық өсімдіктер қажет, егер олар адамдарға қажет болмаса, онда құстар, жәндіктер мен жануарлар олардың дәндерімен қоректенеді. Табиғатта бәрі бір-бірімен байланысты, әр шөптің түрі, табиғаттағы әр гүл кездейсоқ емес, бір өсімдік басқасының өсуіне қажет.</p> <p>Қорытынды: арамшөптер отырғызылған өсімдіктердің қалыпты өсуіне кедергі келтіреді.</p> <p><b>Жұмбақтар.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бақшада өседі, көп өнімдерін береді. (Көгөніс.)</li> <li>2. Жер астында жез қазық, Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз.)</li> <li>3. Әр желінің асты толған көк қоян, Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям. (Қияр.)</li> </ol> <p><b>Эксперименттік іс-әрекет.</b></p> <p><b>"Бақша арамшөптен арылмаған жағдайда не болады?"</b></p> <p>Тәжірибенің мақсат-міндеттері: болашақ егін үшін арамшөптердің рөлін</p>	<p>дамыл таппай. (Күн.)</p> <p>- Балалар, күн жоғары болған кезде өте ыстық болады. Танертең және кешке күн төменірек болады, сондықтан ол онша ыстық емес. Күннің шығатын және бататын уақыттарын бақылап отырыңдар. Күн бататын жерді белгілеңдер.</p> <p><b>Болжам.</b></p> <p>- Күн көзі күз айларында бұлттанып батса жаңбыр болады. - Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады. - Күн құлақтанып батса, ауа райы жылынуға бет алғаны.</p> <p><b>Тәжірибе. "Күн сәулесі".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Заттың жарығы мен бейнесін бірнеше рет қалай көрсетуге болатынын мысалмен көрсету керек (оны көрінбейтін жерде көру).</p> <p><b>Эксперименттің барысы.</b> Күн шуақты</p>
--	--	---	--	---	---

<p>балаларды мақтау.</p> <p><b>"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, шыдамдылыққа, шапшандыққа баулу.</p> <p>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.</p> <p>Жүргізуші былай жариялайды:</p> <p>Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді.</p> <p>Қара қойым қашады, Құмалағын шашады.</p> <p>Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт!</p> <p>Балалар "арт" сөзін естисе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек.</p> <p>Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды.</p> <p>Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.</p> <p><b>"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жүгіру бағытын,</p>	<p>жемістерді балалармен бірге тексереді, балаларды «көгөністер» мен «жемістерді» жалпылауды жіктеуге және түсінуге машықтандырады, олар туралы жұмбақтар ойлап табуды үйретеді.</p> <p>Педагог балалардың көгөністер мен жемістер қайда өсетіндігі және оны кім өсіретіні туралы түсініктерін тиянақтайды: ауыл тұрғындары, көгөніс өсірушілер мен бағбандар оларды қандай өсіретінін анықтайды, мамандық атауы, жұмыс орны (көгөніс бағы, егістік, бақ) туралы білімдерін бекітеді.</p> <p>Көгөніс өсірушілер мен бағбандар мол өнім өсіруге тырысып жатқанын баса айтады, олар татулықта жұмыс істейді. Олар өсірген көгөністер мен жемістер қалаға әкелінеді, адамдар оны дүкендерден және базардан сатып алады.</p> <p>Қалада тұратын</p>	<p>атайды және қысқаша сипаттама береді.</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>- Балалар, дүкенде жұмыс істейтін тұтынушыларға қызмет көрсететін адамның кәсібінің атауын есте сақтадыңдар ма?</p> <p>- Дұрыс! Сатушы мамандығы. Сатушы өте қажет жұмыс және қиын жұмыс. Сатушы әр өнімнің қанша тұратынын, көгөніс базасынан қанша әкелінгенін білуі керек.</p> <p>Әр өнімді дұрыс өлшеу керек, чекті дұрыс жазып, ақшаны дұрыс санау керек. Дүкендер таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді, онда әрдайым адамдар көп болады.</p> <p>- Сатушы жұмыс күні қатты шаршайды, балалар дүкенге анасымен бірге келгенде қыңыр мінез көрсетіп, айқайлап жатса, сатушының басы ауырып, есептеу кезінде қате жіберуі мүмкін. Балалар, мен мұны әрдайым есте ұстауларыңды сұраймын.</p> <p>Дүкенде ешқашан шу</p>	<p>эксперименталды түрде көрсету.</p> <p>Эксперименттің барысы: балабақшаны жүйелі түрде арамшөптермен тазарту арқылы балалар бір егіннің кішкене учаскесіне қол тигізбейді. Біраз уақыттан кейін олар арамшөптердің мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсетініне сенімді болады. Соңғысы, жарықтың жетіспеушілігінен зардап шегеді, өсуден айтарлықтай артта қалып, жұқа, әлсіз болады. Себілген тұқымдарды көру үшін оларды шөптен ұзақ іздеу керек.</p> <p><b>"Ақсақ үйрек" украин ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың секіру дағдысын, күш-жігерін, шыдамдылығын дамыту.</p> <p>Алаңда бір аяғымен жүру дағдысын жетілдіру, мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: "Күн шықты, ойын басталды"; ойын шарттарын сақтау (екі аяғын қатар жерге қоймау</p>	<p>күні балалар күнді "қоянға" қарайды. Оны қалай алуға болатынын талқылаңдар (айнадағы жарық шағылысы).</p> <p>Олар қабырғадағы «қоянға» күн түскен жерде басқа айна қойса не болатынын біледі (ол тағы бір рет шағылысады). Балалар педагогтің сөздерінің дұрыс екеніне тәжірибе арқылы көз жеткізеді.</p> <p><b>Еңбек:</b> ағаштардан жерге түскен бұтақтарды жинау.</p> <p><b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>"Заттарды жылжыту" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсаты: ептілікті дамыту.</p> <p>Ойын барысы: жерге 8-10 метр қашықтықта 2-4 шеңбер (диаметрі 50 см) салынады. Бір шеңберге бірнеше түрлі заттар орналастырылған</p>
---	--	---	---	---

	<p>тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үйлестіру қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Педагог ойын барысында "Оңға!", "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беруі мүмкін.</p> <p>Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді ести жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай қимылдау тиіс.</p> <p>Демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады.</p> <p><b>Еркін ойындар.</b></p>	<p>ересектер мен балалар дәмді көгөністер мен жемістерді жейді және ауыл тұрғындарына жұмыстары үшін алғыс айтады.</p> <p><b>"Бақшаға не отырғызылып жатыр?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды белгілері бойынша (өсу орнына қарай, қолданылуына қарай) жіктеуге дағдыландыру, тез ойлауды, есту зейінін дамыту.</p> <p>- Балалар, сендер бақшаға не отырғызатынын білесіңдер ме? Мен әртүрлі заттарды атаймын, сендер мұқият тыңдап жауап бересіңдер. Егер мен бақта өсетінді атайтын болсам, «иә» деп жауап бересіңдер, ал егер бақшада өспейтін болса, «жоқ» деп жауап бересіңдер. Кім қате жіберсе, сол ұтылады».</p> <p>Тәрбиеші:</p>	<p>шығармандар және сатушыны жұмысына кедерге келтірмеңдер. Әрине, балалар, кез келген адам сыпайы және әдепті сөйлескенде риза болады. Дүкеннен тауар тандауға және сатып алуға көмектесетін адамдарға жылы сөздер айтуды ұмытпаңдар, олар қуанып қалады.</p> <p>Балалар сатушыға көрсеткен қызметі үшін, ал сатушы балаларға тауарды сатып алғаны үшін алғыс білдіреді.</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>- Осымен, балалар, азық-түлік дүкеніне саяхатымыз аяқталды. Біз салатқа қажетті көгөністерді сатып алдық. Енді, балалар, біз балабақшаға оралайық. Көгөністерімізді асханаға алып барып, кешкі асқа жаңа салат дайындай аламыз.</p> <p>(Тәрбиеші жаяу жүргіншілер ережесін балалармен бірге қайталайды!)</p> <p><b>"Тауық қорасындағы</b></p>	<p>керек).</p> <p><b>"Ыстық картоп" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Доптың шеңбер бойымен берілуін қамтамасыз ету.</p> <p>Ойыншылар шеңберге тұрады, ойыншылардың бірі допты қолына ұстайды. Музыка әуенімен немесе дабыл дауысы бойынша балалар допты шеңбер бойымен бір-біріне береді. Музыка тоқтаған бойда қолында добы бар ойыншы ойыннан шығады. Ойын жеңіске жеткен 2 ойыншы қалғанға дейін жалғасады. Допты беру кезінде лақтырмау; допты қолынан түсіріп алғандар ойыннан шығарылады.</p> <p><b>Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Ағаштарға күтім жасау, еңбекке баулу.</p> <p><b>Еркін ойындар.</b></p>	<p>(түйреуіштер, текшелер, ойыншықтар), екіншісі бос қалады. Бала бос шеңберде тұрып, ересек адамның белгісі бойынша осындағы заттарды бір шеңберден екінші шеңберге бере бастайды. Екі топ бір уақытта ойнай алады.</p> <p><b>"Осындай бола ма, болмай ма?" дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. Күзде қар жауа ма? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр?</p> <p><b>"Өз бүршігінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Гүлдерді ажыратуды, белгі бойынша әрекет етуді үйрету; жүгіру кезінде жаттығу.</p> <p><b>Еркін ойындар.</b></p>
--	---	---	---	--	--

		<p>- Сәбіз. Балалар: - Иә! Тәрбиеші: - Қияр. Балалар: - Иә! Тәрбиеші: - Қызылша. Балалар: - Иә! Тәрбиеші: - Өрік. Балалар: - Жоқ! <b>"Тым-тырақай"</b> <b>ойыны. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар,</p>	<p><b>түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Жалтарып жылдам жүгіруді, қимылдарды үйлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен таңдалады. "Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды". "Түлкі!" деген белгі естілген кезде "түлкі" інінен шығып, тауықтарға шабады, оларды ұстап алуға ұмтылады". "Тауық пен балапандар қораға қаша жөнеледі".</p>		
--	--	---	--	--	--

		<p>Бір, екі, үш - деп, санандар!  Бір, екі, үш! Ал тараңдар!  Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.</p> <p><b>Еркін ойын.</b>  <b>"Көгөністер дүкені".</b>  Мақсат-міндеттері. Көгөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мақтау; ойынға қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көгөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту.</p>	<p>"Ұсталынды" деген баланы қолмен түртіп қалу керек. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды. Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады. Басқа "түлкіні" ойнату үшін, санамақты қайта қолдану керек болады.</p> <p><b>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.</b>  Мақсат-міндеттері. Белгіленген орындарға аттап секіру дағдысын дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерді жетілдіру.</p> <p><b>Еркін ойындар.</b></p>		
Серуеннен	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:				

<p><b>оралу</b></p>	<p>- учаскіден шығар алдында аяқкиімді, қалталардың шаң-тозаңын қағу;          - балабақшаға кірер алдында аяқтарын жақсылап құрғату;          - ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;          - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою.          Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіну, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.          Жеңдерін түру, қолдарын сабындау, суды жан-жаққа шашыратпау, тазалап жуу дағдысын дамыту.          Айнаға қарау, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау және тағы басқа. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар.</b>          Мақсат-міндеттері. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.          Қолды дұрыс жуу, жеңді түру, қолды жуған кезде суды еденге шашпау, қолды сүлгімен құрғатып сүрту.  <b>Көркемсөз</b>          Алға жайып тұз-дәмін, Келтіреді үй сәнін.          Ол халқымның ақ жаны, Жақсы дәстүр маржаны, Кеңпейіл де арайлы, Осы жерден тарайды.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар.</b>          Мақсат-міндеттері.          Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.          Өзін-өзі күту дағдылары, тазалық сақтау, дұрыс отыруды, дастарқан басында ас құралдарын дұрыс пайдалануды қадағалау.  <b>Көркемсөз</b>          Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық. Сабын, суды аямай, Тазалықты ұғайық.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттері.          Қолды ұқыпты жуу қабілетін нығайту.          Қолды мұқият сабындап жуу денсаулық үшін өте маңызды екенін түсіндіру.  <b>Көркемсөз</b>          Тазалап жүр тісінді, Кішкене де, ыңғайлы, Тіс щеткасын пайдалан. Тазалауға болмайды, Щеткасымен басқа адам.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттері.          Балаларды өздігінен сүлгілерін тауып, беті-қолды мұқият сүрту дағдысын жетілдіру.          Сүртіп болған соң сүлгіні орнына ілу әдетін қалыптастыру; жуар алдында жеңдерің түру, бетті жуу, суды үнемдеу.  <b>Көркемсөз</b>          Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен.          Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де.          Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен-көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз,</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттері.          Тамақтану кезінде әдептілік мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру.          Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды үгітпеу, тамақты асықпай шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)  <b>Көркемсөз</b>          Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертең де, кешке де,</p>

				<b>қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Жуын күндіз де, кешке де, Жуын күндіз де, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Тыныш ұйқы үшін қолайлы жағдайлар жасау.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p>Майтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолымен жүргізу.</p> <p>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.</p> <p>"Мөлдір су" ойын жаттығуы.</p> <p>Ұйқымнан тұрайын, Бетімді жуайын, Осылайыша сақтайын, Тазалықты лайым.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Балаларды сипап ояту.</p> <p>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.</p> <p>Содан кейін толық жуыну: қолды шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын.</p> <p>Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.</p> <p>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшық еттерін нығайтады, денені тұтастай қорғайды.</p> <p><b>Көркемсөз</b></p>	<p>Баяу ойналатын музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады.</p> <p>Біртіндеп көтерілу (музыка ақырын ойнайды).</p> <p><b>Көркемсөз</b></p> <p>Қарсы ал ерте күн көзің, Төсегіңді жина өзің. Саусағыңды сормағын, Олақ, салақ болмағын. Әдеп қыл ісіңді, Тазалап жүр тісіңді. Қарағанда айнаға, Ұқыпты болсын киімің.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Балаларды көңілдендіру.</p> <p><b>Көркемсөз</b></p> <p>Ұйқымыздан тұрайық, Көзімізді ашайық. Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық!</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Төсек-орынды ретке келтіру: көрпе-жастықтың тысын ауыстыру.</p> <p><b>Көркемсөз</b></p> <p>Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>

		Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. <b>(дене шынықтыру)</b>			
<b>Бесін ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Тамақтану кезінде балаларға ескерту: тамақты ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу.  <b>Көркемсөз</b> Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Үстелді жабдықтау, тамақтану кезінде тазалық сақтауға қатытсы әрекеттерді орындау, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. <b>Көркемсөз</b> Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз ертемен, Көңілді әуен сазымен, Жаттығуды бастаймыз. Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Үстелді жабдықтау, тамақтану кезінде тазалық сақтауға қатытсы әрекеттерді орындау, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. <b>Көркемсөз</b> Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.  <b>Көркемсөз</b> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дән саламын. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгіме айтуы.  <b>Көркемсөз</b> Су ағызып шүмектен, Беті-қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды)	<b>Дидактикалық ойын. "Не артық?"</b> Мақсат-міндеттері.	<b>Дамытушы жаттығу.</b> "Қанша және қандай айырмашылықтары	<b>Дидактикалық ойын.</b> "Қарама-қарсы сөздер" (мезгілдер және	<b>Дамытушы ойын.</b> "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді	<b>Дамытушы жаттығу.</b> "Қанша затты көрсен, сондай санды көрсет".



<p>ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар. Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Азық-түлік" дүкені. Мақсат-міндеттері. Балалардың "Азық-түлік" дүкені, сатушының қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне</p>	<p>бар?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. Құралдар: суреттердің жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, көзге көрінбейтін бірнеше өзгерістер болады). Шарты. Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретті көруді ұсынады. Балалар екінші суретте, біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>құбылыстар). Мақсат-міндеттері. Заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы балалардың білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту. Шарты. Балалар педагог ұсынған әрбір сөзге қарама-қарсы сөздерді атап отыруы тиіс. - Лас - (Таза). - Қараңғы - (Жарық). - Түн - (Күндіз). - Ылғалды - (Құрғақ). - Жаңбыр - (Қар). - Аспан - (Жер). - Таң - (Кеш). - Су - (Мұз). - Су - (Бу). - Жаз - (Қыс). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Қонақ күтеміз". Мақсат-міндеттері.</p>	<p>көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Балабақша".</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың әрқелкі орналасқан заттарды көзбен қарап, санап алу қабілетін арттыру, жиын санын карточка арқылы көрсетуге ынталандыру; қабылдау, зейін қабілеттерін, ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар. Түрлі заттардың топтамалары кез келген жиындарда салынған көрнекілік карточкалары; үлестірмелі сандар. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Театрландырылған қойылым.</b> "Шалқан" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, еске сақтау, ой-қиял,</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптарда жармалар, әртүрлі макарондар, қатты азықтар, сүт өнімдерінің қораптары (қап ыдыстары), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог бұдан бұрын балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкен жайында суреттерді, бейнежазбаны көрсетіп, "азық-түлік тауарлары" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайында түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азықтардың сақталу мерзімі, азық-түлікті таза өнім күйінде тұтынудың маңыздылығын түсіндіру. Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Аспазхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту және оны ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, алдымен аспазхананың адамдар (тұтынұшылар) үшін тағамдар әзірлеу</p>	<p>Балаларға "қонақты күту" ұғымы, "қонақ" пен "қонақ күтуші" (үй иесі) ұғымдарын түсіндіру; ойын барысында рөлдерді игерту; қазақ халқының қонақты күту дәстүрі жайында білімдерін кеңейту; адамға, үлкенді құрметтеуді, сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Ойын үшін жиһаздар, ойыншық кейіпкерлер немесе балалардың өздері рөлдерді сомдауы мүмкін; ойыншық ыдыстар мен тағамдардың жасанды пішіндері; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофон; әдемі қапталған сыйлықтар. Шарты. Педагог балалармен бірге әрбір отбасыда қонақты күту алдында қандай тағамдарды, тәтті- дәмділерді әзірлейтінін, үстелге ыдыстарды, тағамдарды, құралдарды қалай қоятындарын алдын ала анықтайды.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшаның қызметі жөніндегі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құру қабілеттерін дамыту. Құралдар. Балабақшада жұмыс істейтін мамандардың құралдары: мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы. Шарты. Балалар балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара ақылдасып, жоспарлайды. Педагог диалогтар мен</p>	<p>эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шалқан" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, шалқанның нақпішіні. Шарты. Педагог балаларға "Шалқан" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Авторды балалардың арасынан ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарады, олардың қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иліп құрмет көрсетеді,</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырады, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтады, оны сатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтсе, сақтаса, олар бұзылмайды. Тауарлар сапалы болады, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстануы тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>қызметі және оның маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады. Педагог балалармен бірге ұсынылатын белгілі тағамдардың тізімдерін, ас-мәзірді жасайды. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады. Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды. Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады. Даяшы келген</p>	<p>Балалар педагогпен бірге қонақ күткенде қандай әрекеттерді жасайтынын жоспарлайды. Балалар екі топқа бөлінеді: қонақтар мен үй иелері. Үй иелеріне дастарқанды әзірлеуге уақыт беріледі, қонақ болғысы келген балалар дайындықты бақылайды, балалардың қонаққа өнерін көрсетуі үшін педагог бөлек орын дайындайды. Қонақтар үй иелеріне қандай сыйлықтарды әкелетінін ойластырып, бәрін дайындап әкеледі. Алғашында, педагог ойын барысын белгілі фразалармен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Ойын аяғында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: қонақты күту үшін тағамдарды сатып алып,</p>	<p>қатынастардың нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді жасап жатқаны немесе нені жасайтынын анықтап, балалардың алмасуын бағыттап жатады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>қошемет пен мақтауларға ие болады. Қойылым соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне талдау жасатады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>
--	---	--	--	---	--

		<p>тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді. Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар "төлем" жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсендіру үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында "рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық</p>	<p>оларды дайындап, дастарқанды жаю керек; қонақта үй иелері мен қонақтар өз өнерлерін көрсетеді, әңгімелеседі, жаңалықтармен бөліседі; қонақта әдептілік ережелерін ұстану керек (үй иесінің мүлкін бұзбау, әдепсіз сөздер айтпау, күтімге риза болу). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>		
--	--	--	--	--	--

		орындарда тәртіпке бағыну. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)</b>			
	<p>"Құстар".          Мақсат-міндеттер.          Белгі бойынша          әрекеттерді          орындауды үйрету.  <b>Өзіндік еркін ойын          әрекеттері, далаға          алып шығатын          материалдармен          ойындар.</b>  <b>"Жалауша". (дене          шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Заттарды құлатпай          жылан сияқты          жүруге үйрету.</p>	<p>Мақсат-міндеттер.          Балаларды жүгіруге          жаттықтыру; балықтар,          құстар, жануарлардың          аттарын бекіту.  <b>Өзіндік еркін ойын          әрекеттері, далаға          алып шығатын          материалдармен          ойындар: "Кеглді          құлат" (дене          шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Допты нысанаға          лақтыруды үйрету;          дәлдікті, зейінді          дамыту.</p>	<p><b>материалдармен          ойындар:</b> бір аяқпен          секіру. (дене          шынықтыру)          Мақсат-міндеттер.          Күшпен итеріліп, аяқпен          нық түсуді жетілдіру.</p>	<p><b>шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер. Дене          қимылдарын жетілдіру.</p>	<p>дамыту. (<b>дене          шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Заттарды қашықтыққа          лақтыру дағдыларын          бекіту.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.          Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.          Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.  <b>Көркем сөз</b>          Тағы міне, таң атты,          Дайын дәмді тағамдар.          Үлпілдеген тиінге,          Жарып берем жаңғақты.          Қою сүтті беремін,          Мысық пенен күшікке.          Түлкіге қою айран,          Тышқанға дәндер салам.          Ақ қоянға тәтті нан,</p>				

	<p>Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p>"Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. <b>Көркем сөз</b> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дөңдер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Дидактикалық ойын.</b> "Не артық?" Мақсат-міндеттер. Жемістер мен көгөністер жайындағы балалардың білімдерін пысықтау; жемістер	<b>Дидактикалық ойын.</b> "Сабағы мен тамыры". Мақсат-міндеттер. Балалардың көгөністердің өсуі, пісуі, өнуі туралы білімдерін нақтылау; достық	<b>Дамытушы жаттығу.</b> "Қанша және қандай айырмашылықтары бар?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қабылдау, зейін, ойлау	<b>Дидактикалық ойын.</b> "Сөздер тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды	<b>Логикалық ойын.</b> "Бұл бұрын не болған?" Мақсат-міндеттер. Балалардың қоршаған заттар мен құбылыстар жайында, адамның тұрмыс-тіршілігі,

<p>мен көгөністерді сақтау ережелерін игерту; ойлау, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; достық қарым-қатынас құруға ынталандыру.</p> <p><b>Шарты.</b> Жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Жемістер мен көгөністер" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балалардың "Жемістер мен көгөністер" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; достық қарым-қатынасқа, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Сөрелер,</p>	<p>қарым-қатынас құру іскерлігін, зейін мен есте сақтау қабілетін дамыту; зияткерлікті дамыту, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Көгөністердің үлестірмелі сурет-карточкалары.</p> <p><b>Шарты.</b> Балалар қолдарына түскен көгөністердің суреттеріне қарап, олардың топырақ үстінде, әлде топырақ астында өсіп, өнетіні туралы айтулары керек. Балалар өз жауаптарын құрастырып, көгөністерді екі топтамаға жинайды: сабағында және тамыр арқылы пісетін көгөністер.</p> <p>Балалар екі топтаманы жинауы мүмкін. Топырақ астында пісетін көкөністерді атайды: сәбіз, шалқан, қызылша, картоп, пияз. Топырақ үстінде пісетін көгөністерді атайды: қияр, қызанақ, баялды, бұрыш, қырыққабат.</p>	<p>қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Суреттер жұптары (екінші суретте бірінші суретке қарағанда, бірден байқалмайтын бірнеше өзгерістер болады).</p> <p><b>Шарты.</b> Педагог балаларға бірінші суретті көрсетіп, содан соң оған ұқсас екінші суретте көруді ұсынады. Балалар екінші суретте біріншіге қарағанда не өзгергенін айтады, айырмашылықтарын табады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Жанармай бекеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылау;</p>	<p>нығайту.</p> <p><b>Шарты.</b> Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала, өнерін көрсетеді.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттер. "Киімдер" дүкені, киім сатушы жұмысының ерекшелігі жөніндегі балалардың ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Сөрелер, қораптар,</p>	<p>жануарлардың тіршілігі жайындағы білімдерін тиянақтау; логикалық ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; тапқырлыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Заттық суреттер немесе мнемокарточкалар болуы мүмкін. Педагог тапсырмаларды сөз арқылы ғана да беруі мүмкін.</p> <p><b>Шарты.</b> Балалар педагог суретте көрсетілген оқиғаны сипаттап, оқиғаның алдында қандай логикалық құбылыстардың болғанын болжап айту керек. Педагог ойын шартын балаларға былай түсіндіруі мүмкін: "Мен атаған (көрсеткен) жанды немесе жансыз объект, құбылыс осыдан бұрын не (кім) болған? Атайықшы."</p> <p>Педагог ұсынатын сөздер мен сөз тіркестері: сары жапырақ жазда; қыстағы дала мұз айдыны; ересек адам; нан; қыстағы қар</p>
--	---	--	---	---

<p>жемістер мен көгөністердің нақпіндері, түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары.</p> <p>Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкеннің суретін, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" сөзінің мағынасын, жемістер мен көгөністерді сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайлы түсіндіреді.</p> <p>Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.</p> <p>Сатушы тауарларды</p>	<p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b></p> <p>"Дәріхана".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Дәрі-дәрмектердің модельдері.</p> <p>"Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар.</p> <p>Шарты. Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі.</p> <p>Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың</p>	<p>жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Жанармай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг жасанды пішіндері; рульдер, машиналардың жанармай бактарының жасанды модельдері; автомобильдерге арналған дөңгелектер.</p> <p>Машинаның автобагі орнына шырынның бос тетрапакетін жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог жанармай бекетінің қызметі жөнінде, осында еңбек ететін жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы</p>	<p>ілемектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысын ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің түрлері (сырт киім, үстіге киілетін киім, іш киім) сыртқы, болатыны жайында түсіндіреді.</p> <p>Киімдердің үтікеліп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылуы керектігін айтады.</p> <p>Сатушылар (санамақ арқылы) өз қалаулары бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.</p> <p>Сатушы тауарларды өз</p>	<p>жауыны; қаз; жылқы; күндіз мезгілі; қасқыр; үй ғимараты; үлкен емен ағашы; терезе бетіндегі оюлар; дән масағы; балапан; көктемде жылғалардан аққан су; сары жапырақтар жауыны; таңертеңгі мезгіл; түлкі; орындық; адамдардың арасындағы достығы алдында; ірімшік, т.б..</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Театрландырылған қойылым.</b></p> <p>"Түлкі мен қасқыр" ертегісі.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, есте сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>"Түлкі мен қасқыр" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері,</p>
--	--	--	---	--

	<p>сөрелерге орналастырады, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сақтаса, олар бұзылмай, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін және сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-</b></p>	<p>міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек жасау үшін қандай құралдардың сатылатынын анықтайды.</p> <p>Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады.</p> <p>Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>сияқты мамандар туралы суреттер мен бейнежазбалар негізінде әңгіме өткізеді.</p> <p>Балалар жанармай бекетінде кім қандай қызмет атқаратын анықтап (санамақ арқылы), өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға іс-әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін.</p> <p>Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін,</p>	<p>орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады. Ойынды ұйымдастыруда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-</b></p>	<p>маскалары, балықтардың жасанды кескіндері, қап. Шарты.</p> <p>Педагог балаларға дайындық жұмысы ретінде "Түлкі мен қасқыр" ертегісінің мазмұнын қайталатады.</p> <p>Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады.</p> <p>Алғашында педагог автор рөлін алады, содан кейін балалардың арасынан автордың рөлін ойнайтын баланы ұсынуға болады.</p> <p>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді ойнаған балаларды жеке қатарға шығарып, қандай рөлді ойнағандарын көрермендерге таныстырып жатады.</p> <p>Артист балалар көрермендерге иіліп, құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады.</p> <p>Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды,</p>
--	--	--	---	--	---

	әрекеті)		жанармай құюшы үнемі орнында болу керек, жұмысын жылдам және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде қауіпсіздік ережелерін үнемі сақталады, сіріңке жағып, темекі шегуге болмайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>	<b>әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>	кейіпкерлердің әрекеттеріне қысқа талдау жасатады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.</b> "Жомарт Күз" (суретті қарастыру). Мақсат-міндеттер. Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	<b>"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>"Сикырлы "ң" әрпі" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың "ң" әрпін дұрыс айтуларын қадағалау. Балалар "ң" әрпі бар сөздерді анық айтулары қажет. Мысалы: аң, таң және т.б.. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Әңгіме құрастыру.</b> "Табиғат". Мақсат-міндеттер. Баланың сөздік қорын табиғатқа байланысты сөздермен сөздермен байыту. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Дидактикалық ойын.</b> "Фотоаппарат". Мақсат-міндеттер. Ассоциативті ойлауды, ерікті зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: лото карталары немесе кез-келген басқа суреттер. Сипаттамасы. 5 секунд ішінде балаға карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастау және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыну. Егер

					балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақ қою: "қанша, қандай түс" және т. б.. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды.</p> <p>Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.</p> <p>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін).</p> <p>Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған жағдайда оларға көмектесу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)</b></p>				
<b>Серуен</b>	<p><b>Торғайдың күз мезгіліндегі тіршілігін бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; күздің келуімен құстардың мінез-құлқындағы өзгерістерді көруге үйрету; зейін мен жадын белсендіру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын</b></p>	<p><b>Көгершіндерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Құстар әлемі туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың немен қоректенетінін және олардың қай жерде тұратындығын, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау.</p>	<p><b>Теректі бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Күзгі терек туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Зерттеу.</b> Лупа арқылы жаңа түскен жапырақты қарау.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b></p> <p>жапырақтарды үйінділерге жинау және ауланы тазарту.</p>	<p><b>Маусымдық өзгерістерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстары туралы түсініктер қалыптастыру; күн туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауланы қоқыстардан тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Орындалған жұмысқа сүйсініп, қуануға үйрету.</p>	<p><b>Жаяу жүргіншілерді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау; ағаштардың тамырына түскен жапырақтарды</p>

	<p><b>карапайым еңбек тапсырмалары:</b> ағаштарды емдеу үшін жұмыс күшін ұйымдастыру. Мақсат-міндеттер. Ағаштар мен бұталарға дұрыс көмек көрсетуді үйрету; адал еңбектенуге тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Құстар". Мақсат-міндеттер. Белгі бойынша әрекеттерді орындауды үйрету. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.</b> "Жалауша". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды құлатпай жылан сияқты жүруге үйрету.</p>	<p><b>Зерттеу.</b> Көгершін мен тоқылдақты салыстыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары:</b> балабақша аумағында жемшашарларды ілу. Мақсат-міндеттер. Еңбек әрекеттерін орындауға үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Ұшу, секіру, жүзу". Мақсат-міндеттер. Балаларды жүгіруге жаттықтыру; балықтар, құстар, жануарлардың аттарын бекіту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: "Кеглді құлат"</b> (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Допты нысанаға лақтыруды үйрету; дәлдікті, зейінді дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Топпен жұмыс істеуге ұмтылуға тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Бағбандар", "От жағушылар". Мақсат-міндеттер. Педагогтың белгісі бойынша жүгіру іскерліктерін жетілдіру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> бір аяқпен секіру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Күшпен итеріліп, аяқпен нық түсуді жетілдіру.</p>	<p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Үйсіз қоян". Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру жаттығулары, ептілікке және төзімділікке тәрбиелеу. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Дене қимылдарын жетілдіру.</p>	<p>тырнауышпен тырналау. Мақсат-міндеттер. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Бағдаршам". Мақсат-міндеттер. Ептілікті дамыту; бағдаршамның мағынасы туралы білімдерін бекіту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды қашықтыққа лақтыру дағдыларын бекіту.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.</p>				



	Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. <b>Көркем сөз</b> Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дөңдер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b> Өнер бұрышында күз тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b> <b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Тауыс" Мақсат-міндеттер: балаларды қағаздың ортасына, оның толық бетін пайдаланып, тауыс бейнесін салу амалдарын игерту. <b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Жомарт күз" Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүктеу әдісі бойынша саңырауқұлақтың қалпақшасын, қағаздан кішкентай шеңберлер қию арқылы, тіктөртбұрыштан саңырауқұлақтың түбіртегін қағаз бетіне жапсыруға үйрету. Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b> Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-	Ата-аналарға кеңес. «Балаларға жолда жүру	«Ашық есік күндері» балабақшадағы	«Менің баламның армандары».	"Баланың сұрағына шыдамдылықпен жауап	Қимылды ойынның бала өміріндегі рөлі (топ

аналарға кеңес)	ережесі туралы түсіндірудің маңызы».	ұйымдастырылған іс-әрекетін, жұмыстарды қарау.		бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	жиналысы).
-----------------	--------------------------------------	--	--	---	------------

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Тексерілді: Әдіскер *Риске*  
күні 04.11.22 ж.

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таңшолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	07.11 - 11.11.2022				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".	"Бөлме өсімдіктерін сугару". Мақсат-міндеттер. Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".</b>          Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктерін суғару".</b>          Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін толықтыру, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Орындықтарды жуу".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге ынталанып көмектесуге, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыншықтардағы тәртіп".</b>          Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Лото".</b>          Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін</p>	<p><b>Дамытушы ойын. «Вагондарға дөңгелек таңдау».</b>          Ойынның мақсат-</p>	<p><b>«Дәл осындай пішінді тап».</b>          Ойынның мақсат-міндеттер. Геометриялық</p>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b>          Қуыр, қуыр, қуырмаш, Қуыр, қуыр, қуырмаш, Мен айтайын</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. «Домино».</b>          Мақсат-міндеттер. Баланың көліктер жайлы</p>

	<p>дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. Көлік. Балалар көліктерді адамдардың жүріп-тұруына қандай пайдасын тигізетініне қарай жіктей алады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Өз жұбынды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. балаларды салауатты өмір салтына</p>	<p>міндеттер. Геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Балалар әртүрлі пішіндердің ішінен вагондарға лайық келетін дөңгелектерді табады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Суық-ыстық" аз қимылды ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан</p>	<p>пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала санына сәйкес құлыптардың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралғанын айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Айна" қимылды ойын-жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: зейіні мен қиялын дамыту; қимылдардың реттілігін есте сақтауға жаттықтыру. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда еркін орналасады және келесі</p>	<p>қолыңды аш. Мынау тұрған - бас бармақ, Жұмыс содан басталмақ. Алақанның тұңғышы, Болсын осы жылқышы. Балаң үйрек жанында, Бейім сиыр бағуға. Мына жерде күн болар, Мына жерде түн болар, Мына жерден ай шығар, Мына жерден май шығар. Бәрін айтып болдық па? Келіп қалдық қолтыққа. Қытық, қытық, қызық-ай, Міне, өрік, міне, май. Е. Ашықбаев</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Ыстық картоп" қимыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып, атауын дұрыс айтқызу, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін доминоларды тізу, бірінші аяқтаған бала жеңімпаз атанады. Қажетті құралдар. Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6см карточкалар.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Қарама-қарсы сөз" дидактикалық ойыны (жұптар айтысы).</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құра білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды молайту; ой шапшаңдығын дамыту. Құралдар: қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>тәрбиелеу. Ойынның шарты: Ойыншылар екі баладан жұп құрап, қолдарына доп ұстап 6-8 метр жерден бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші ойнауға белгі берісімен, әр жұп доптарын бір-біріне қарай домалатып тигізуге тырысады. Доптары бір-біріне тиген ойыншылар ұпай жинайды. Ойынның соңында қай жұптың ұпайы көп болса, сол жұп жеңіске жетеді. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>тапсырмаларды орындайды: жүргізушінің артынан бір қимылды қайталау; жүргізушінің артынан бірқатар қозғалыстарды белгілі бір ретпен қайталау; құстың, жәндіктің қимылын қайталау. Үздік ойыншы жалпы дауыс беру арқылы анықталады және оған сыйлық немесе ұпай беріледі. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>доптың шеңбер бойымен берілуін қамтамасыз ету. Ойыншылар шеңберге тұрады, ойыншылардың бірі допты қолына ұстайды. Музыка әуенімен немесе дабыл дауысы бойынша балалар допты шеңбер бойымен бір-біріне береді. Музыка тоқтаған бойда, қолында доп бар ойыншы ойыннан шығады. Ойын жеңіске жеткен 2 ойыншы қалғанға дейін жалғасады. Допты беру кезінде лақтырмау; допты қолынан түсіріп алғандар ойыннан шығарылады. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>- Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық. Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек. Егер білмеген балалар болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады. <b>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)</b>  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.  1-таяқшаны алға созу;  2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;  3-таяқшаны алдыға созып ұстау;  4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;</p>				

	<p>5-таяқшаны алдыға созып ұстау;  6-бастапқы қалыпқа келу.  Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.  1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;  3-4- бастапқы қалыпқа оралу.  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.  1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;  2-сол аяқты оның қасына алып келу;  3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;  4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.  Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.  1- таяқшаны жоғары көтеру;  2-оңға иілу;  3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;  4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.  Көркем сөз  Нан – ардақты адал ас,  Кәрі, жас одан аттамас.  Ақ дастархан үстінде,  Қол жумай оны ұстамас.  Нан қоқымын шашпаңдар,  Жерде жатса баспаңдар,  Теріп алып, қастерлеп,  Торғайларға тастаңдар.  Ө.Тұрманжанов  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>"Ұшады, жүзеді, жүреді"  <b>дидактикалық</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын</b>  <b>"Қуыршақтарға моншақтар алыңыз».</b></p>	<p><b>"Жол белгілерін қою"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер.</p>	<p><b>"Көңілді қыстырғыштар"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойындары.</b>  <b>"Көліктерды топтастыр".</b></p>

	<p><b>ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер.          Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту).          Барысы. Педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауларын атауды сұрайды, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды.          Мысалы: автобус - жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер. Үлгі бойынша түсін таңдау.          Материал. Негізгі түстердегі қуыршақтардың фигуралары, әртүрлі мөлшердегі негізгі түстердің шеңберлері.  <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Балалардың жол жүру ережелері туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білуге үйрету. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.  <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер.          Қыстырғыштар арқылы саусақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту.          Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету.  <b>(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер.          Көліктерді ажыратып, атай білуге үйрету.          Керекті құралдар: көліктер.  <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>          "[у] дыбысы және Уу әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу".   <b>Дене шынықтыру</b>  <b>Маман жоспарымен</b>   <b>Қазақ тілі</b>          Көлік түрлері.          Қоғамдық көлікте тәртіп ережесі  <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>          "[ш] дыбысы және Шш әрпі, әріп таңбасын жазу".   <b>Музыка</b>  <b>Маман жоспарымен</b>   <b>Математика негіздері</b>          Көліктер тұрағында.   <b>Сөйлеуді дамыту</b>          "Көлік түрлері"</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Маман жоспарымен</b>   <b>Қазақ тілі</b>          Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).   <b>Математика негіздері</b>          Көліктер тұрағында</p>	<p><b>Математика негіздері</b>          "Жабайы аңдарды санау амалдары"   <b>Музыка</b>  <b>Маман жоспарымен</b>   <b>Сөйлеуді дамыту</b>          "Көлік түрлері" пысықтау   <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>          "Қазақстан табиғатын"</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Маман жоспарымен</b>   <b>Мүсіндеу</b>  <b>Маман жоспарымен</b>   <b>Сауат ашу негіздері</b>          "[ш] дыбысы және Шш әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу"   <b>Көркем әдебиет</b>          "«Қарлығаштың құйрығы"</p>



	"Ұшақ туралы әңгімелер"		пысықтау <b>Көркем әдебиет</b> "«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі".	қорғайық"	неге айыр?» ертегісін" пысықтау.
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз</b> )				
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған.				
<b>Серуен</b>	<b>Итті бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Жануарлардың сыртқы тұрқы, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне деген қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге	<b>Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштарды бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Ағаштар туралы білімді қалыптастыру (оларда не ортақ және қандай айырмашылықтар бар). <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> спорт алаңын жинау. Мақсат-міндеттер.	<b>Тікұшақты бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Әуе көлігі туралы білімдерін бекіту; ұшқыштың кәсібіне қызығушылық тудыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы тазарту. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту. <b>Қимыл-қозғалыс</b>	<b>Аула сыпырушының жұмысын бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілін дамытуға үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қоршаған ортадағы заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.	<b>Сауысқанды бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Сауысқан туралы білімдерін толықтыру, қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (күзгі жапырақтарды жинау). Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауға

	<p>деген ықыласты тәрбиелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауланы қоқыстан тазалау. Мақсат-міндеттер. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу; тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Біз көңілді балалармыз". Мақсат-міндеттер. Ойында мәтінді анық айтуға үйрету, ойын ережелерін сақтау.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Мақсат-міндеттер. Заттарды нысанаға дәлдеп лақтыру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді</p>	<p>Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Қуып жет". Мақсат-міндеттер. Кедергілерден жүгіру дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> ұзындыққа секіру. Мақсат-міндеттер. Секіріп жаттығу, екі аяқпен итеру; қимылдарды үйлестіруді жақсарту.</p>	<p><b>ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Ұшақтар".</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> "Өзенді жүзіп өт". Мақсат-міндеттер. Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары.</p>	<p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (белгілі жерге қоқыс жинау.) Мақсат-міндеттер. Қоқысты белгілі бір жерде жинау дағдыларын дамыту; ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Құстар мен жаңбыр". Мақсат-міндеттер. Балалардың бірге ойнауларына қолдау көрсету; ойындағы серіктестерімен өзара әрекеттесу қабілетін дамыту; аула сыпырушының жұмысымен танысу кезінде алған білімдерін ойын әрекетінде көрсетуге ұмтылуға ынталандыру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсат-міндеттер. Кеңістікте бағдарлау, уақытты мөлшерлеу, тепе-</p>	<p>үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> "Қарға мен ит", "Допты ұста". Мақсат-міндеттер. Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуге үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</b> Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтауға, бір аяқта тұрып, қолды белге қойып тік тұруға үйрету.</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>үйрету, қимылдарды үйлестіруді, ептілікті дамыту; физикалық жаттығуларға оң көзқарас қалыптастыру.</p>			<p>теңдікті және ырғақты сезінуді жақсарту.</p>	
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Ө.Тұрманжанов <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Күндізгі ұйқы</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.</p>				
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b></p>	<p><b>Біртіндеп ұйқыдан ояту.</b> Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары. «Ұшақ» жаттығуы. Мақсат-міндеттер: омыртқаның бұлшықет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшықеттерін күшейту. Көркем сөз Ұйықтап жатқан кім екен? Уақыт болды тұратын.</p>				

	<p>Жаттығуды жасайық,          Ұйқымызды ашайық!          Бізді күтіп тұрмайды,          Жылдам алға басайық!  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.          Көркем сөз          Нан – ардақты адал ас,          Кәрі, жас одан аттамас.          Ақ дастархан үстінде,          Қол жумай оны ұстамас.          Нан қоқымын шашпаңдар,          Жерде жатса баспаңдар,          Теріп алып, қастерлеп,          Торғайларға тастаңдар.          Ө.Тұрманжанов  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>Дидактикалық ойын.</b>  <b>"Ортақ қасиеті бойынша топқа біріктірің".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды заттардың (құбылыстар, жан-жануарлар, адамдар, ұғымдар) ортақ қасиеттерін байқап, оларды біріктіріп, түсіндіре білу қабілеттерін арттыру; ұғымталдыққа</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b>  <b>"Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістік арқылы сипаттау)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттама дұрыс немесе дұрыс еместігін анықтату, дұрыс</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b>  <b>"Жылы сөздер қобдишасы".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды адам, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа,</p>	<p><b>Дамытушы жаттығу.</b>  <b>"Не жоқ?"</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың қабылдау, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.          Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар.          Шарты.          Педагог балалардың алдына таны ойыншықтарды</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b>  <b>"Қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айт".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларда геометриялық пішіндерді ажырату, санау, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.          Құралдар. Түрлі геометриялық</p>

<p>тәрбиелеу; дүниетанымын кеңейту.</p> <p>Құралдар. Заттар немесе суреттер жиындары (жыл мезгілдері, түрлі өсімдіктер, жабайы аңдар, құстар, түрлі материалдардан жасалған заттар).</p> <p>Педагог өзінің қалауынша көптеген себептерге сүйеніп, тапсырмалар санын реттейді.</p> <p>Педагог осы жаттығуды ауызша да жүргізе алады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Жол жүру ережесі".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың жол жүру ережелері, көшедегі қозғалыстар, жол қозғалысына қатысушы тараптар: жүргізуші, полицей, жүргінші</p>	<p>нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.</p> <p>Балалардың жауаптары бұндай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді", т.б.</p> <p>Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады.</p> <p>Бұл ойынның нұсқалары көп.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ұшақпен сапар".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға ұшақпен сапарға шығу қандай</p>	<p>оптимизм сезіміне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер.</p> <p>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күн жаңбырлы болса да біздің қолымызда шатыр бар", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Автобус".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың автобуста қызмет ететін мамандар: жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы</p>	<p>немесе заттарды, жазықтықта әрқалай орналастырып, бір топ күйінде ұсынады. Саны алғашында 6-дан басталады, содан соң 10-12-ге де жеткізуге болады.</p> <p>Балалар көзін жұмып, педагог ойыншықтардың бірін алып тастайды.</p> <p>Балалар көздерін ашып, қандай ойыншықтың жоқ екендігін атайды.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайтланады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екендігін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде</p>	<p>пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Көлік жөндеу шеберханасы".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың түсінгіндегі көлікті жөндеу шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке,</p>
---	--	--	--	--

<p>жөніндегі ұғымдарын нығайту; олардың жол жүру ережесін сақтаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтауға; тәртіптілікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Бағдаршам, жол жүрудің негізгі белгілері, жүргіншілер жолы және үйлердің кескіндері; рульдер, ысқырық; қуыршаққа арбалар.</p> <p>Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстары ретінде жол қозғалысы жайында суреттерді қарап, түрлі жағдаяттармен бейнебаяндарды тамашалайды.</p> <p>Балалар жолдағы қозғалысқа қатысатын жүргізушілер, полицей, жүргіншілер сияқты адамдардың міндеттерін анықтайды.</p> <p>Балалар көше қозғалысына</p>	<p>әрекеттерден тұратынын, әуежайдың қандай орын екендігін түсіндіру; ұшқыш-пилот, стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүрзуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті;</p>	<p>білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздің ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастар құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатарда тізіліп тұруы; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері.</p> <p>Шарты. Педагог ойынды өткізуге дейін жолаушыларды тасымалдау, жол ережелерін сақтаудың маңызы туралы балалармен әңгімелеседі. Бұндай жұмыстар үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық</p>	<p>қандай тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Жасанды кеме бортын құрастыру үшін, орындықтарды екі бөлек қатарға тізу; капитан, күтуші, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); капитанның алдында кемені жүргізуге қажет батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған кемеде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.</p> <p>Шарты.</p>	<p>төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук.</p> <p>Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы), жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.</p> <p>Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда</p>
--	--	--	---	---

<p>қатысатын мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады (жүргізушілер, полицей, жүргіншілер). Жол қозғалысына қатысушылар өз рөлдеріне сай қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Алғашында педагог жол қозғалысын өзі сипаттап отырады, балалар сол әңгімелеуге сай қимылдап жатады.</p> <p>- Көліктер үшін бағдаршамның қызыл шамы жанды!</p> <p>- Көлік жүргізушілері, не істейсіңдер?</p> <p>- Жүргізушілерге қызыл жанса, жүргіншілер үшін қандай шам жанады?</p> <p>- Жүргіншілер, жасыл шам жанды!</p> <p>- Жүргіншілер, сендер не істейсіңдер?</p> <p>- Жүргіншілер, жолдан қалай өтесіңдер?</p> <p>- Полицей аға, бұнда бір машина қызылға</p>	<p>сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті.</p> <p>Шарты. Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдын-ала көріп түсінеді. Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын</p>	<p>жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалар жүргізуші мен бақылаушыны санамақ арқылы таңдайды. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауды қолдану туралы келісіп алады) салонға өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші "есік жабылды" сияқты сөздерді естігеннен кейін автобусты жүргізіу әрекетін көрсетеді (рульді бұрайды). Педагог аялдамаларды жариялап жатады. Егер мүмкіндік болса, өз дауысымен айтылған қажетті хабарламаларды жазып алып, қолдануға болады. Салоннан шыққан және ішіне кірген балалар</p>	<p>Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен кемеде саяхатқа шығу үшін, билеттерді салып алуы қажет; кемемен сапарға шығу алдында теңіз портында тіркеуден өтіп, кейін кеме бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар дайындық барысында теңіз порты, кеме борты сияқты жерлерді сурет пен бейнежазбаны көру арқылы түсінеді. Педагог кемедегі даяшы, капитан тағы басқа мамандық иелерінің қандай қызмет атқаратындарын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тиянақтау сұрақтары ғана қойылып, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ), кеме қызметкерлерінің міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға кемеде саяхаттау қызықты шара екендігін ойын барысында түсіндіруі тиіс.</p>	<p>әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
---	---	--	--	--

	<p>өтіп кетті! Не істеу керек? Осындай желімен ойын жалғасады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: жолда ешқандай апат болмауы үшін, көліктер сынбай, жүргіншілер аман-сау болуы үшін, жол ережелерін қатаң түрде сақтау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтары қойылады, балалардың арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс. Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады.</p>	<p>жолаушы рөлдерін атқарады. Бұнда егде жастағы адамдарға орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін қосымша сұрақтар қояды. Ойынның соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Автобуска отырып жол жүру кезінде көптеген жалпы ережелер болады, оның орындалу шарттарын қадағалау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>Алғашында педагог балалардың жеке мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады. Мамандар өз орындарына барған кезде балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтеді содан соң кеме бортына шақырылады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: кемеде саяхаттау үшін көптеген ерекше ережелерді орындау керек; тұтынушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; теңіз порты мен кеме борты - қоғамдық орындардың бірі; кеме - су көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	
--	--	--	---	--	--



		<p>Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру; қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу. Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу</p>		
--	--	---	--	--

		үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Дидактикалық ойын. <b>"Қазынасы бар сандық"</b> . Мақсат-міндеттер. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар. Қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған кез келген жеуге болатын (жеуге болмайтын) заттар. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)</b>	Дидактикалық ойын. <b>«Шектес сандарды ата»</b> . Мақсат-міндеттер. Балалардың ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі. Бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b>	Балалармен <b>"Көлік" тақырыбында әңгімелесу.</b> Сюжетті-суреттер қарастыру. Сұрақтар қою және балалардан сұрақтарға толық жауап беруді талап ету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b>	<b>"Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу.</b> Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Машина" (Оразақын Асқар) - Машина істе-серігің, Жолға шықсаң-көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім?  Тас қорытып домнада Металл күйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу.</b> Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. "Светофор" (Зайда Елғондинова) Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы: "Токта, жолдас!"- дегені.  Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: "Ал, дайындал!"- дегені.  Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: "Ал, өте бер!"- дегені. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып орнына қояды, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				

<p>Серуен</p>	<p><b>Итті бақылауды жалғастыру.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)          Мақсат-міндеттер.          Жануарлардың сыртқы тұрқы, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне деген қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге деген ықыласты тәрбиелеу.  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b>          ауланы қоқыстан тазалау.          Мақсат-міндеттер. Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу; тазалыққа тәрбиелеу.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> (дене шынықтыру)  <b>"Біз көңілді балалармыз".</b>          Мақсат-міндеттер.</p>	<p><b>Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштарды бақылауды жалғастыру.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)          Мақсат-міндеттер.          Ағаштар туралы білімді қалыптастыру (оларда не ортақ және қандай айырмашылықтар бар).  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> спорт алаңын жинау.          Мақсат-міндеттер.          Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> (дене шынықтыру)  <b>"Қуып жет".</b>          Мақсат-міндеттер.          Кедергілерден жүгіру дағдыларын жетілдіру.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> ұзындыққа секіру.</p>	<p><b>Тікұшақты бақылауды жалғастыру.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)          Мақсат-міндеттер. Өуе көлігі туралы білімдерін бекіту; ұшқыштың кәсібіне қызығушылық тудыру.  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b>          ауланы тазарту.          Мақсат-міндеттер.          Бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> (дене шынықтыру)  <b>"Ұшақтар".</b>  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> "Өзенді жүзіп өт".          Мақсат-міндеттер.          Бөренемен тіке және жанынан жүру жаттығулары.</p>	<p><b>Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)          Мақсат-міндеттер. Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеу тілін дамытуға үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қоршаған ортадағы заттарды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (белгілі жерге қоқыс жинау.)          Мақсат-міндеттер.          Қоқысты белгілі бір жерде жинау дағдыларын дамыту; ересектерге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> (дене</p>	<p><b>Сауысқанды бақылауды жалғастыру.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекет)          Мақсат-міндеттер.          Сауысқан туралы білімдерін толықтыру, қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (күзгі жапырақтарды жинау).          Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауға үйрету.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> (дене шынықтыру)  <b>"Қарға мен ит", "Допты ұста".</b>          Мақсат-міндеттер.          Құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуге үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b></p>
---------------	--	---	---	--	--

	<p>Ойында мәтінді анық айтуға үйрету, ойын ережелерін сақтау.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар:</b> қарым-қатынас дағдыларын дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Заттарды нысанаға дәлдеп лақтыру тәсілдерін жетілдіру; көзбен мөлшерлеуді үйрету, қимылдарды үйлестіруді, ептілікті дамыту; физикалық жаттығуларға оң көзқарас қалыптастыру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Секіріп жаттығу, екі аяқпен итеру; қимылдарды үйлестіруді жақсарту.</p>		<p><b>шынықтыру)</b></p> <p><b>"Құстар мен жаңбыр".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың бірге ойнауларына қолдау көрсету; ойындағы серіктестерімен өзара әрекеттесу қабілетін дамыту; аула сыпырушының жұмысымен танысу кезінде алған білімдерін ойын әрекетінде көрсетуге ұмтылуға ынталандыру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау, уақытты мөлшерлеу, тепе-теңдікті және ырғақты сезінуді жақсарту.</p>	<p><b>қозғалыстарды дамыту.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтауға, бір аяқта тұрып, қолды белге қойып тік тұруға үйрету.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;</li> <li>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;</li> <li>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;</li> <li>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;</li> </ul> <p>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.</p> <p>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде</p>				

	<p>асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастандар. Ө.Тұрманжанов</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Өнер бұрышында күз тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Автобус"</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларды қағаздың толық бетіне автобусты салуға үйрету; автобустың құрылымындағы барлық бөлшектерді орнымен орналастырып салуға үйрету.</p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b></p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".</p>	<p>«Балабақша және отбасы» спорт ойынына ата-аналар тізімін дайындау.</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>Балалар отбасында өздігінен не істей алатыны туралы әңгіме.</p>	<p>"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.</p>

Тексерілді: Әдіскер *Дүйсін*  
 күні: 14.11.22 ж.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таңшолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	14.11 - 18.11.2022				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Баланы ғаламтордың кері әсерінен қалай қорғауға болады?" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	"Өсімдіктерді құнарландыру". Максат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Максат-міндеттер.	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру).	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Максат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Өсімдіктерді құнарландыру".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".</b> Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кітап бұрышындағы еңбек".</b> <b>(кітаптарды қалпына келтіру).</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасай алу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. <b>(еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Лото".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың зейінін дамыту. Заттарды топтастыруға үйрету. Байқампаздыққа баулу. <b>(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Әріптерді жинау".</b> Мақсат-міндеттер. Осы әріптерден сөздерді құрастыру, дыбыстық, әріптік талдау жасау қабілеттерін дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: балалар саны бойынша бөлінген алфавит. Сипаттама.</p>	<p><b>Санамак</b> Санайық жаңаша Бір, екі, үш! Желбіре жалауша, Достықта біздің күш. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсының аты бар. Бас бармақ,</p>	<p><b>Дамытушы лото. "Геометриялық фигуралар".</b> Мақсат-міндеттер. Геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді нығайтады, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамытады. <b>(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Дойбы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсат-міндеттері. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.</p>

		<p>Мұғалім әріптерді атайды, балалар оларды алфавиттен теріп, сөз құрайды. Дұрыс жазылған сөз үшін бала бір ұпай алады. Ойынның соңында көп ұпай жинаған адам жеңеді. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>әрекеті)</b>   <b>"Этикет ережелері"</b>.          Мақсат-міндеттер.          Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту.  <b>(танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>(танымдық іс-әрекеті)</b></p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (гимнастикалық таяқшалармен)</b>          Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.</p>				



	<p>1-таяқшаны алға созу;  2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;  3-таяқшаны алдыға созып ұстау;  4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;  5-таяқшаны алдыға созып ұстау;  6-бастапқы қалыпқа келу.  Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.  1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;  3-4- бастапқы қалыпқа оралу.  Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.  1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;  2-сол аяқты оның қасына алып келу;  3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;  4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.  Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.  1- таяқшаны жоғары көтеру;  2-оңға иілу;  3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;  4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.  Көркем сөз  Дос бол сабын, сумен сен,  Жиі-жиі жуын сен,  Таңертен де кешке де,  Жуын күндіз-кешке де,  Жуын күндіз-түсте де,  Жуын тамақ алдында,  Жуын тамақ соңында,  Жуын ұйықтар кезінде,  Жуын тұрған мезгілде.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>Санамақтар айтқызу.</b> Қасқыр қақты қақпаны. - Ашыңдар, тез! - айтқаны. Сол-ақ екен лақтар, Титтей-титтей шұнақтар Жан-жағына жүгірді, Жасырынып үлгерді. Бірі - төсек астына, Бірі - пештің қасына, Бірі - сәкі астына, Бір - астына керует, Бірі - тапқыр керемет, Отыр бөшке түбінде, Қанша лақ бар бұл үйде? <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қажетті киімді ал".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал. Балалардың санына сәйкес қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Мұғалім жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек. <b>(таным іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар ... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Суреттерді орналастыр».</b> Ойынның мақсаты. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны. Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады. <b>(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта».</b> Ойынның мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кішкентай ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны. Балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтайды. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді. <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
--	---	---	--	--	--

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[с] дыбысы және Сс әрпі, әріп таңбасын жазу".</p> <p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> Орман жануарлары</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Аңдар неге ұйқыға кетеді"</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[с] дыбысы және Сс әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу".</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі".</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> Т-Д дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).</p> <p><b>Математика негіздері</b> Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе? пысықтау.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Қоянның үйшігі» орыс халық ертегісі қойылымын қарау".</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Жеті күн қасиеті"</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі" пысықтау</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Табиғат ғажайыптары"</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Жапсыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[с] дыбысы және Сс әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу".</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Қоянның үйшігі» орыс халық ертегісі қойылымын қарау" пысықтау.</p>
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)</b></p>				
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Серуендеуге дайындық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.</li> <li>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.</li> <li>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.</li> <li>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.</li> </ol> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				

<p>Серуен</p>	<p><b>Шыршаларды бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың таныс ағаштарды бір немесе екі белгі бойынша табу қабілетін бекіту; шыршаның ерекшеліктерін және оның көмегімен оны басқа ағаштардан ажырату іскерліктерін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ұсақ қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> <b>"Бос орын".</b> Мақсат-міндеттері. Шапшаңдықты, ептілікті дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Жалаушаға тезірек жет". Мақсат-міндеттері. Шеңбер бойымен сап</p>	<p><b>Қарғаны бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қарға туралы білімдерін толықтыру; құстардың өміріне деген қызығушылықтарын арттыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке дағдыландыру; топпен жұмыс істеуге деген құштарлықты ояту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> <b>"Қақпандар", "Лақтыру - ұстау".</b> Мақсат-міндеттері. Ашық ойындарды ұйымдастыруда тәуелсіздікті дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> аяқтың ұшымен жүру. Мақсат-міндеттері. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдап жүру қабілетін бекіту.</p>	<p><b>Құстарды бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Құстарды іздері арқылы ажыратуға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты ұсақ тастардан және құрғақ бұтақтардан тазарту). Мақсат-міндеттері. Ұжымдық жұмысқа ынталандыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> <b>"Лақтыр да, ұстап ал".</b> Мақсат-міндеттері. Допты екі қолмен ұстап алу және лақтыру іскерліктерін жетілдіру. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту, екі зат арқылы секіру дағдыларын бекіту.</p>	<p><b>Шетенді бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шетеннің суық мезгілде жануарлар мен құстарға тигізетін пайдасы туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы тастарды жинау.) Мақсат-міндеттері. Ауладағы тазалықты байқау қабілетін қалыптастыру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> <b>"Ұшақтар", "Торғайлар мен мысық".</b> Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша қимылдарды тез орындауға және көрсетілген бағытта жүгіруге үйрету, достыққа тәрбиелеу. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Себетке дәл түсір".</p>	<p><b>Қайың мен шетенді бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ағаштардың сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; ағаштарға сипаттама беру, ағаштың өсуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды жинау). Мақсат-міндеттер. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру)</b> <b>"Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады).</b> <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b></p>
---------------	---	--	---	--	---

	түзей білу, төрт аяғымен жорғалай білу жаттығулары.			Мақсат-міндеттері. Дәлдікті, көзбен мөлшерлеуді дамыту.	қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Түскі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Ұйықтауға ыңғайлы жағдай жасау.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау .				

	<b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b>				
<b>Бесін ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар.	<b>Дидактикалық ойын. "Не артық?"</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары. Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды	<b>Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арысында жасырынған санды тауып атауда жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>	<b>Дидактикалық ойын. "Не, қайда мекендейді?"</b> Мақсат-міндеттер. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарларының қайда мекендейтіні туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарлары және олар мекендейтін орындар салынған суреттер. Ойынның бірнеше нұсқасы бар.	<b>Дамытушы жаттығу. "Шапшандар сайысы".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың құстар жайындағы білімдерін тиянақтау; ой шапшаңдығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, білгірлікке тәрбиелеу. Құралдар: құстардың суреттері. Шарты. Жұмбақты шешкен балалар атауын тапқан құс туралы не білетінін баяндайды. Талдың басында, Жемі бар қасында.

<p>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп.</p> <p>Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.</p> <p>Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)</b></p>	<p>атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашы қызметі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.</p> <p>Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні неде екендігін</p>	<p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар.</p> <p>Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде ветеринардың жұмысы жайында суреттерді қарап, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін естеріне түсіріп, оқиды, сондай-ақ ветеринарлық емхана</p>	<p>1-нұсқа. Тек бір суретке қарап, жануарды және оның мекен ету ортасын табу. Жануарды және оның мекен ету ортасын білдіретін жұптарды құрастыру.</p> <p>2-нұсқа. Өздік ойын түрінде өткізу. Жануардың мекен ету ортасының атауын естіп, жануардың қалай аталатынын айту. Жануарды естіп, мекендейтін орнын атау. Балаларды өз ойларын түсіндіруге талпындыру қажет.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс</p>	<p>Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы)</p> <p>Сирағы ұзын, Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей, Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна)</p> <p>Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш)</p> <p>Тақылдатып, Мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ)</p> <p>Жем көрсе, Шықылықтап қалтаңдайды, Сескенсе, Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан)</p> <p>Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды,</p>
---	---	--	--	--

<p><b>әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Табиғи қорық".</b></p> <p>Максат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және</p>	<p>суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар өз ниеттеріне байланысты таңдалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында педагог ойын барысын өзі сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге</p>	<p>жайында әңгімелесу керек. Балалар ветеринар дәрігерінің жануарлар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қою қажеттілігін талқылап алу керек. Балалар ветеринарлық емханада қызмет атқаратын қызметкерлер кім болатынын өзара таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам өзінің қасында тіршілік ететін жануарлар мен құстардың саулығы үшін, жабайы табиғаттағы аңдардың сақталуы үшін жауапты екендігін айтуы</p>	<p>маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. Шарты. Педагог ойыннан бұрын балалармен бірлесіп, зообақ жайында суреттерді қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер</p>	<p>Жем іздейді там-тұмдап. (Қарға)</p> <p>Педагог балалардың ережені ұстанудағы әрекеттерін қолдайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Театрландырылған қойылым. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы.</b></p> <p>Максат-міндеттер. Балалардың естерінде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Құралдар. "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы қойылымына қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, күрек пен сыпырғыш. Шарты. Педагог балаларға "Шегіртке мен құмырсқа" мысалының мазмұнын қайталатып алады. Балалар өз қалаулары</p>
--	--	---	--	---



	<p>құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе</p>	<p>қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ереже - тыныштық сақтау, қатты сөйлемей; тағы бір ереже - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>тиіс. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға</p>	<p>бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында автор рөлін педагог өзі алады, содан кейін балалардың арасынан автордың рөлін сомдайтын баланы ұсынуға болады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды жеке қатарға шығарып, қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар көрермендерге иіліп құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға бөленеді. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлер әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
--	--	--	---	---	---

	<p>санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>			<p>қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойындары. "Бұл қай кезде болады?"</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы</p>	<p><b>«Оң және сол».</b> Ойынның мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі</p>	<p><b>«Суреттерді орналастыр».</b> Ойынның мақсат-міндеттер. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау</p>	<p><b>Көркем сөздер айтқызу.</b> "Кірпіжан" (Д.Ахметова) - Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың?</p>	<p><b>Көркем сөздер айтқызу.</b> "Қасқыр" (Жүсіп Қыдыров) Көрдіңіз бе, әне, аға, Атам қуған арланды! Түнде шауып қораға</p>

	білімдерін бекіту; үйлесімді сөйледі, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекеті)</b>	әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны. Педагог бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты алу керегін айтады. Ойын осылай жалғаса береді.	қабілетін дамыту. Ойынның құрал- жабдықтары: тор көз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны. Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы тор көздерге орналастырады. <b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс- әрекеті)</b>	- Жолым көп, жолым көп, Қоректі іздеймін. Қорек көп, қорек көп Тауып алып, жеймін. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті)</b>	Дүркіреткен бар малды.  Қолға түсіп қалыпты, Сыбағасын алыпты. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды киінудің ретімен таныстыру қажет; жылдың кез келген уақытында киім мен аяқ киім қазіргі уақытта ауа-райына сәйкес болуы керек және балалардың бастарына күн өтпеуіне немесе жеңіл бас киімдер кию. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
	<p>өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір</p>	<p>рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машинасының макеттері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелесулер, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетіп, супермаркетте адамның кез келген тауарды табуға мүмкіндігі барын түсіндіреді. Супермаркеттің алып жатқан орны кең және тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында да айтылуы тиісті.</p>	<p>стюардесса, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандар туралы ұғымдар қалыптастыру; ұшақтарда жолаушылардың қандай тәртіп бойынша саяхаттай алатыны жайлы жаңа білімдерді пысықтау; ойындағы рөлдік әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне, сыпайылыққа тәрбиелеу. Құралдар: "ұшақтың борты" - орындықтарды екі қатарға тізу; ұшқыш, стюардесса, полицей, есепшінің киім үлгілері (бас киімдері); ұшқыш-пилоттың алдында тұратын ұшақты жүрзуге арналған батырмалары бар панель; сусындар мен шырындардың бос ыдыстары; тағамдар макеттері; терминалда тұратын бақылау өткелінің макеті; сөмкелер мен қораптар, ойыншық чемодандар, ойыншық смартфондар; билеттер және жеке куәлікті</p>	<p>шеберханасы жайындағы ұғымдарын кеңейту; көлікті жөндеу шеберханасында еңбек ететін мамандар (механик, слесарь, программист (бағдарламашы) жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Көлік жөндеу шеберханасында қолданылатын ойыншық құрал-жабдықтар: бұрағыш, балға, тістеуік, қысқыштар; ойыншық көліктер, дөңгелектер, майлықтар; шеберханада еңбек ететін мамандарға киім үлгілері; ойыншық ноутбук. Шарты. Педагог балалармен көлікті жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандар жөнінде бұдан бұрынырақ әңгімелеседі. Балалар механик, слесарь, программист (бағдарламашы),</p>	<p>төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні неде екендігін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар өз ниеттеріне байланысты таңдалады немесе санамақ қолданылады.</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды</p>	<p>Супермаркетте сатушы емес, кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру керектігін айтатыны туралы балалар білу керек. Балалар ойынға қатысатын кейіпкерлерді санамақ арқылы таңдайды, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.</p>	<p>білдіретін таңбалауыштар; мөр; қағаз бетіне салынған ұшу алдында, ұшу барысында және аяқталған кезде тәртіпті сақтау ережелерінің сызбалы суреті. Шарты. Педагог дайындық жұмысында ұшақпен сапарға шығу үшін, билеттерді салып алу қажеттілігі; ұшақпен ұшу алдында әуежай терминалында тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ бортына өтуге болатынын анықтайды. Балалар әуежай, ұшақ салоны сияқты жерлерді суреттер және бейнежазбалардан алдынала көріп түсінеді. Педагог стюардесса, пилот, бақылаушы полицей, есепші мамандарының адамдарды ұшақпен тасымалдау үшін қандай әрекеттер жасайтынын біртіндеп түсіндіреді. Ойын кезінде тек тиянақтау сұрақтарын қойылады, балалардың</p>	<p>жүргізуші сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды. Балалар көліктерді жөндеу жұмыстарына қатысатын мамандардың рөліне бөліне бастайды, өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды; диалогтарға өзі де қатысуы мүмкін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктерді жөндеу үшін, оларды дәрігер сияқты тексеру керек; жөндеу жұмыстарын жасаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>Алғашында педагог ойын барысын өзі сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ереже - тыныштық сақтау, қатты сөйлемей; тағы бір ереже - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	---	--	---	---	---

	<p>мақтап, қошемет білдіретінін айту керек.</p> <p>Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; супермаркет - қоғамдық орын болғандықтан, әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>арасынан тағайындалған (санамақ) мамандардың міндеттері үлестіріледі. Ойынға қатысушылар өз құрал-жабдықтарын алып, орындарына барады, ойынға дайын тұрады. Педагог балаларға ұшақпен саяхаттау өте қызықты болатынын ойын барысында жеткізіп отыруы тиіс.</p> <p>Алғашында педагог балалардың мамандар ретінде өз орындарында міндеттерін атқару барысын реттеп, қадағалап отырады. Қажеттілік болса, педагог бетпердесіне де көңіл аударады.</p> <p>Мамандар өз орындарына барған кезде, балалар жолаушылар болып, билеттерін алады, тіркеуден өтіп, содан соң ұшақ салонына шақырылады.</p> <p>Стюардессалар көпшілікке жариялайтындай бірнеше ережені ескеруі керек: қол жүгін орнына салу; смартфондарды өшіру;</p>		
--	---	---	---	--	--

		<p>қауіпсіздік белбеуін тағу; салонда шуламау, көршісіне кедергі жасамау; ұсынған тағамды алу; демалу; ұшақ қонғаннан кейін белбеуді шешу, қол жүгін алып шығу.</p> <p>Стюардессалар мен ұшақтың пилотына қажетті нұсқауларды беріп жүргені дұрыс; балалар өз рөлдерін міндеттерін біртіндеп меңгеріп алады.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: ұшақпен сапарға шығу кезінде көптеген ерекше ережелерді орындау керек; жолаушылардың демалыстары үшін көптеген адамдар қызмет етеді; әуежай мен ұшақ салоны - қоғамдық орын; ұшақ - ерекше әуе көлігі, оны басқарып, жүргізу үшін жақсы оқып, көп дайындалу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>		
--	--	---	--	--

<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Кітап бұрышындағы жеке жұмыс.</b>          Мақсат-міндеттер: кітапқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Сәйкесін тап" ойыны.</b>          Мақсат-міндеттері. Үстел ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b>          1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық Бес күзетші ... бес пысық.          2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім Неше кіші ішік піштім?          3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Ойынды қалаған бала жиналғанда, бір тұтас бейне-сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақнамаларының бірін таңдап ала алады. Тұтас суретті құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан да көп бөліктерді бір тұтас суретке жинау керек. Қажетті құралдар. Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Қыс мезгілінде не болады?"</b>          Мақсат-міндеттері: қыс мезгілі кезіндегі табиғат құбылыстарын ажырата білу.          Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттер таратады. Осы суреттердің ішінен бала, қыс мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және де суретті бейнелеп береді.          Мысалы: Далада айналаның барлығы аппақ.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
-------------------------------------	---	---	--	---	---

<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b> Өнер бұрышында жаңа жылдық сыйлықтар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b> Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)</b> Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	Баланың тәрбиесі жайында сауалнама.	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.	"Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз."	«Дәрумендердің бала өміріндегі маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Сауалнама: "Балаңызды үй жұмыстарына шақырасыз ба?".

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

*Тексерілді: Дүсірәт  
күні: 30.12.2023*

Білім беру ұйымы	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таңшолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі	02.01 - 06.01.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Үйқы жетіспеушілігінің зияны" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу; үйде балалардың күн тәртібін сақтауды және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үстел ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			<p><b>"Орындықтарды жуу".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету; оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек</p>	<p><b>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау</p>	<p><b>"Ойыншықтардағы тәртіп".</b> Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпті ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты</p>

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>			<p><b>"Орындықтарды жуу".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру.          Ересектерге көмектесуге ынталануға, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыншықтардағы тәртіп".</b>          Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпті ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.          Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
			<p><b>"Қолғап" ертегісі</b>          Мақсат-міндеттер.          Қолғап ертегісін оқып, ертегі желісіне байланысты қойылым қою. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Саусақ жаттығуы.</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны.</b>          "Бұл үйде кімдер тұрады?".          Мақсат-міндеттер.          Балалардың сөздік қорын арттыру, есте сақтау.          Шарты. Тәрбиеші үй терезесінен ертегі желісіндегі</p>	<p><b>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер:          балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.          Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ</p>



			<p>"Қолғап". Қане, қолғапты киеміз, (алақандарды өзара уқалау) Бір қолды салып көреміз, (бір қолмен екіншіні сипау) Екінші жұп қолғапты (екінші қолымен бірінші қолды сипау) Киіп алсақ – жарап тұр. (алақандармен ары-бері бұраңдау). <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Сиқырлы қолғап"</b> Мақсат-міндеттер. Сиқырлы қолғап боямасын бояу. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: Сиқырлы қолғапты геометриялық фигуралардан құрау. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>кейіпкерлердің суретін көрсетеді, балалар оларды атайды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Дайын суретті бояу тапсырмасы.</b> Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған ертегі кейіпкерлері (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады. <b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Ненің құйрығы?"</b> Мақсат-міндеттер. Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Барысы. Бір күні таңертен орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді.</p>	<p>қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Айна" қимылды ойын-жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер: зейіні мен қиялын дамыту; қимылдардың реттілігін есте сақтауға жаттықтыру. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда еркін орналасады және келесі тапсырмаларды орындайды: жүргізушінің артынан бір қимылды</p>
--	--	--	--	--	---

				<p>Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай?" (сұр, ұзын және т.б.). <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>қайталау; жүргізушінің артынан бірқатар қозғалыстарды белгілі бір ретпен қайталау; құстың, жәндіктің қимылын қайталау. Үздік ойыншы жалпы дауыс беру арқылы анықталады және оған сыйлық немесе ұпай беріледі. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> «Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде. 1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. «Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады. 1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. «Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру. 1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу. - «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде. 1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу. - «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.</p>				

	1 - жұптар қолдарынан ұстап, ; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b>				
<b>Таңғы ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру. <i>Көркем сөз</i> Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Кернейді хош иісің, Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>			"Қыс қызығы" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Қысқы ойындарды ойнап жүрген балалардың суретіне қарап әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	"Қысқы көрініс" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>			<b>Қысқы демалыстар.</b> (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	<b>Қысқы демалыстар.</b> (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)	<b>Қысқы демалыстар.</b> (сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу)
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</b>				
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуендеуге дайындық.				

	<p>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.</p> <p>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.</p> <p>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.</p> <p>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
Серуен			<p><b>Суықторғайды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Қоныс аударатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Зерттеу:</b> құстардың іздерін қарастыру, оларды қарғаның ізімен салыстыру. Құстардың жануарлардан айырмашылығы неде? <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> қардан тазарту, ағаш тамырларын аяздан қорғау.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p>	<p><b>Қарлы боранды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> желді қарауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Бұрқасын". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасау.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын</b></p>	<p><b>Қардағы іздерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Құстардың қардағы іздерін тану қабілетін бекіту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> қарлы қалашық салу үшін қар жинау. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Топта жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру; жоспарлау жұмысы.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ізі бойынша таны", "Іздер". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Алға қарай секіру жаттығулары, қозғалыстың қарапайымдылығы мен дәлдігіне қол жеткізу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: 2-3 м</b></p>

			<p>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (<b>еңбек іс-әрекеті</b>)  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім мерген?", "Ағаштың суретін сал". (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер. Заттарды лақтыруға арналған жаттығулар; көзбен мөлшерлеуді дамыту; әртүрлі ағаштарды қарға бейнелеу қабілетін бекіту.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жем салған дорбаны жеткіз".</b>          Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру.</p>	<p><b>әрекеттері:</b>          қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Секіру техникасын жетілдіру.</p>	<p>арақашықтықта алға қозғалып, екі аяқпен секіруге жаттығу.          Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлестіруді жақсарту.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:          - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;          - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;          - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;          - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;          Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.          Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.          Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p><b>Түскі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.          Көркем сөз          Ерте тұрып таңнан,          Пісірді апам ақ нан.          Кетер емес әлі,          Таңдайымнан дәмі.          Кернейді хош иісің,          Тамсандырып үй ішін.          Жесем тоймай қаламын,          Әжемді еске аламын.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<p><b>Күндізгі ұйқы</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>
<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b></p>	<p>Біртіндеп ұйқыдан ояту.          Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары.  <b>«Ұшақ» жаттығуы.</b>          Мақсат-міндеттері. Омыртқаның бұлшық ет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшық еттерін күшейту.  <b>Көркемсөз</b>          Ұйықтап жатқан кім екен?          Уақыт болды тұратын.          Жаттығуды жасайық,          Ұйқымызды ашайық!          Бізді күтіп тұрмайды,          Жылдам алға басайық!  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Бесін ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер: балада денсаулығына пайдалы және зиянды нәрсе туралы ойды, дәстүрлі тағамдар туралы түсінікті қалыптастыру.          Көркем сөз          Ерте тұрып таңнан,          Пісірді апам ақ нан.          Кетер емес әлі,</p>

	<p>Тандайымнан дәмі.  Кернейді хош иісің,  Тамсандырып үй ішін.  Жесем тоймай қаламын,  Әжемді еске аламын.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>			<p><b>Дидактикалық ойын.</b>  "Логикалық жұптар" (спортшылар, спорттық құралдар)  Мақсат-міндеттер.  Балалардың спортшылардың қандай жабдықтарды қолданатыны жайындағы білімдерін пысықтау; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; салауатты өмір салты қағидаларын қалыптастыру.  Құралдар.  Спортшылар мен олар қолданатын жабдықтардың сурет-карточкалары.  Шарты.  Балалар әрбір спортшыға қажетті жабдықтар түрін таңдап, логикалық жұптарды құрастыру керек.  Жұптар мына сияқты болуы мүмкін: хоккейші - клюшка; футболшы - футбол добы; штангашы - штанга; боксшы - бокс қолғаптары; теннисші - теннис ракеткасы мен доп;</p>	<p><b>Дамытушы ойын.</b>  "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".  Мақсат-міндеттер.  Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.  Шарты.  1-нұсқа.  Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді.  Балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.  2-нұсқа.  Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезегімен көрсетеді.  3-нұсқа.  Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді.  Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.</p>	<p><b>Вариативті компонент. Жас зерттеуші</b>  "Туған өлкедегі қыс"  Мақсат-міндеттер: балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін нақтылау, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету.   <b>Дидактикалық ойын.</b>  "Дұрыс па? Бұрыс па?" (етістіктер арқылы сипаттау)  Мақсат-міндеттер. Балаларға белгілі жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалыстағы ерекшелігін сөздермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын не бұрыстығын анықтату, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.  Балалардың жауаптары</p>

			<p>шаңғышы - шаңғы; баскетболшы - баскетбол добы; мәнерлеп сырғанаушы - коньки; т.б..</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Үй құрылысы". Мақсат-міндеттер. Балалардың үй құрылысына қатысатын мамандар жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, кара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк машиналары, құрылысқа қажет ойыншық құралдар (балға, бұрағыш, тістеуік, тағы басқалар). Шарты. Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жөнінде алдын-ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер- құрылысшы, кірпіш қалаушы, жүргізуші, жүк тасушы сияқты мамандардың міндеттерін анықтайды.</p>	<p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Автобус". Мақсат-міндеттер. Автобуста қызмет ететін жүргізуші және кейбір көліктерде қызмет ететін бақылаушы туралы балалардың білімдерін тиянақтау; қоғамдық көлікте әдептілік және қауіпсіздік ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым- қатынастарды құруға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін жасанды үлгі, қатарға тізілген орындықтар; билеттер жинақтамасы, ойыншық смартфондар (төлемдер жасау үшін); бақылаушыға, жүргізушіге киім үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмысын өткізеді. Автобустың жолаушыларды</p>	<p>мынадай болуы мүмкін: "Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді" және т.б..</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Спорттық жаттығу залы". Мақсат-міндеттер. Спорттық жаттығу залы туралы балалардың ұғымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы қызметінің мәні туралы суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді. Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып</p>
--	--	--	--	---	---



			<p>Балалар құрылысқа қатысатын мамандарға бөліне бастайды; өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Содан соң балалар жүк тасушы, жүргізуші, кірпіштерді қалаушылар және инженер-құрылысшы сияқтылардың қызметтерін атқарып жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: үй құрылысының сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс мамандары бірлесіп, ақылдасып, жұмысты жоспар бойынша істеуінің арқасында жетуге болады; үй құрылысында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>тасымалдауы, жол ережелерін ұстанудағы негізгі қызметі мен маңызы туралы әңгімелеседі. Дайындық жұмыстары үнемі жүріп жатады, суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіледі, бейнежазбалар талқыланады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ арқылы жүргізушіні, бақылаушы таңдау амалы қолданылады. Педагог (бақылаушы) балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар (бұндай атауға келісу керек) салонға кіргенде билетті алады, ойыншық смартфон арқылы төлем жасайды. Жүргізуші "есік жабылды" деген хабарламаны естігенде автобусты жүргізу қимылдарын орындайды. Педагог аялдамаларды жариялап жатады немесе дауысын дыбысты жазу құрылғысына жазып, уақыты келгенде қосып</p>	<p>(тұтынушыны түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады. Ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p>
--	--	--	---	--	---

				<p>отырады.</p> <p>Салоннан шыққан және кірген балалар өз рөлдерін атқарады, балалар көлікте үлкендерге орын беріп жатады.</p> <p>Педагог ойын барысын өзі реттейді, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қойып жатады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: автобуска отырып, сапарлау кезінде сақтауға тиіс ережелер көп, оны орындау шарт; салондағы тәртіп жүргізушінің жол ережелерін бұлжытпай орындауы арқылы қамтамасыз етіледі.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>			<p><b>Дайын суретті бояу тапсырмасы.</b></p> <p>Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері таңдап, бояп шығады.</p>	<p><b>Жаңылтпаштар айтқызу.</b></p> <p>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ. Ақ сүт, айран, қант та аппақ.</p>	<p><b>"Сәйкесін тап" ойыны.</b></p> <p>Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.</p>

			(шығармашылық іс-әрекеті)	(қарым-қатынас іс-әрекеті)	(танымдық іс-әрекет)
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b> Өнер бұрышында қардың пайдасы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b> Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)			Кеңес беру. «Баланың ашуын қалай жеңуге болады?»	Кеңес беру. «Балаларды көшеде қауіпсіз жүруге үйретеміз».	«Салауатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарына әңгіме жүргізу.

Тексерілді: Әдіскер *Р.Сайып*  
 күні: 08.01.23ж.

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	№9 «Бәйтерек» балабақшасы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таншолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	09.01 - 13.01.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жума</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру; балалардың балабақшада өздерін ұстауы жайлы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш нисәлеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жана	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".</b> Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".</b> Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".</b> Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".</b> (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
	<p><b>Дамытушы лото.</b> "Геометриялық фигуралар". Мақсат-міндеттер. Геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді нығайтады, зейін, қабылдау, логикалық ойлауды дамытады. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Пазл".</b> Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі сюжетті суреті бар пазлды құрастыру үйрету, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштік қасиеттерін дамыту. Ісінің аяғына дейін жеткізуді қадағалап, шыдамдылыққа, байқампаздыққа</p>	<p><b>"Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Құрылыс ойындары "Робот".</b> Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b>  <b>"Қажетті киімді алыңыз" дидактикалық ойын.</b> Дидактикалық тапсырма:</p>	<p><b>«Мозаика».</b> Мақсат-міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы:</p>

	<p><b>"Этикет ережелері".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, этикет ережелерімен танысу, әртүрлі өмірлік жағдайларда балалардың мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалардың айналасындағы адамдармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту, балаларға қоғамда қажетті адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу, сөйлеуді дамытуға ықпал ету: дұрыс, дәл және әдемі сөйлеу, сөздік қорын байыту, зейін мен есте сақтауды дамыту.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>	<p>үйрету.  <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Стоп-кадр" пантомима жаттығуы.</b>          Мақсат-міндеттер: балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту.          - Балалар, қазір сендер әуенді тыңдап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісендер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-</p>	<p><b>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.</b>          Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.          Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз.          Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.          Дидактикалық материал: балалардың санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері.          Қысқы және жазғы пейзаждың суреттері.          Ойын барысы.          Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар мен қысқы және жазғы киімдер бейнеленген.          Мұғалім кезекпен жазғы және қысқы мезгілдердің суретін көрсетеді. Балалар қуыршақтарға сәйкес киім кигізу керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, оның мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытуға болатынын айтады.          Балаларға өрнектердің түсінің үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі.  <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>
--	---	--	--	---	--

		<p>жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады.</p> <p>Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>			
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b></p> <p>«Би» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, орамал ұстаған қол төменде.</p> <p>1 - қолдарын жоғары көтеріп, орамалдарын желпу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - орамалмен айналып билеу; 4 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>«Биші қыз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады.</p> <p>1 - қолды жоғары көтеріп, бір аяқтың ұшымен тұру; 2 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>«Паровоз» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұру.</p> <p>1 - сызық бойымен бір-біріне қарсы жүру; 2 - сызық ортасына келгенде тарап кету; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Қарлығаш» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.</p> <p>1 - екі қолды екі қапталға жаю; 2 - бір аяқты артқа созып қарлығашты бейнелеу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Іздер» - бастапқы қалып: қол белде, аяқтың арасы сәл алшақ болады. 1 - аяқтарын біріктіріп, орындарында оң жаққа бір ізбен жүру; 2 - аяқтарын біріктіріп, орындарында сол жаққа бір ізбен жүру; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Аққұтан» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, қол төменде.</p> <p>1 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген сол аяқты ұстау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - бір аяқпен тұрып, қолмен тізеге дейін бүгілген оң аяқты ұстау; 4 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>- «Достар» - бастапқы қалып: дене тік, аяқ қатар қойылады, жұппен тұрады.</p> <p>1 - жұптар қолдарынан ұстап, ; 2 - жұптасып айналу; 3 - бастапқы қалыпқа келу.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Нан қоқымын шашпаңдар,</p> <p>Жерде жатса баспаңдар.</p>				

	Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастандар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<b>Шаттық шеңбері</b> Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)</b>	<b>«Табиғат досы»</b> Қоршаған өмір әлемі, Не деген көркем, әдемі! Сол сұлулықты сақтайық, Мадақтайық, мақтайық! Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады. Мақсат-міндеттер. Қардың пайдасы туралы әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	<b>«Қылқалам ханшасы»</b> Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.  Мақсат-міндеттер. Қыс қызығы туралы әңгімелесу. Мнемотехниканы қолдану. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)</b>	<b>Шаттық шеңбері</b> Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!  Мақсат-міндеттер. Қыс туралы өздігінен сөйлем құрап, әңгіме құрау. Ойындар ойынау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)</b>	<b>"Қажетті киімді ал".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды қысқы және жазғы киімдерді ажыратуға үйрету. Зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу. Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киім таңдаңыз. Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу. Дидактикалық материал. Балалардың санына сәйкес қуыршақтар мен қуыршақ киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері. Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Мұғалім жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)</b>
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b> "[й] дыбысы және Йй әрпі".	<b>Сауат ашу негіздері</b> "[й] дыбысы және Йй әрпін қайталау".	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b>	<b>Математика негіздері</b> Жануарлардың жұпты мен үштік топтары	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b> <b>Сауат ашу негіздері</b>



<p><b>ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер: Й дыбысы мен әрпін таныстыру. Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Қар. Туынды сөздер." Мақсат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; қардың ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру; «қар», «қар ұшқыны» мысалдары, «ақшақар», «аққала» біріккен сөздер, яғни, екі түбірдің бірігуі арқылы жасалатын күрделі сөздер туралы білімдерін бекіту; судың көрінісі ретінде қардың еруі, мұздың қасиеттері туралы</p>	<p>Мақсат-міндеттер: Й дыбысы мен әрпін қайталау. Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> "Сиқырлы су" Мақсат-міндеттер. Балалардың қар мен судың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлы білімдерін кеңейту; судың шартты өлшемі туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың маңыздылығын түсіндіру; жылда санауға жаттықтыру; іс-тәжірибе жасау арқылы қорытынды жасай білу білігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлау, көру қабілетін, зейіндерін дамыту; ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа, нақтылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> "Һ дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау)." Мақсат-міндеттер. [-h] дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып Һ һ әрпін параққа бастырып жазуды көрсету; Һ дыбысын буында, сөзде, сөйлемнің ішінде дұрыс және анық айтуды үйрету; артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттуын қалыптастыру; көру және есту қабілетін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; жаңылтпаш айту арқылы тіл</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балалардың "тоғыз" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "тоғыз" жиын санын құрайтын элементтер түрлері жайлы түсінігін дамыту; сандардың өсу және кему нәтижелерін тұтастыру және беттестіру тәсілдері арқылы табуға үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Қысқы көріністі қайталау" Мақсат-міндеттер: қалалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Ақ ұлпа қар" Мақсат-міндеттер: қар жайлы білімдерін кеңейту, қардың</p>	<p>"[ғ] дыбысы және Ғғ әрпі". Мақсат-міндеттер: [ғ] дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, [ғ] дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету.</p> <p><b>Мүсіндеу</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Н. Жанаев «Ақ коян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу" (қайталау) Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс мазмұндауға үйрету.</p>
---	--	--	---	--	---

	<p>түсінік беру; мақалдың мысалында қардың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауды, байқауды, «қар» сөзімен түбірлес сөздерді атауды үйрету; мнемокестелерге сүйене отырып, құрамында төрт және бес сөзге дейін сөйлемдер құрай білу дағдыларын дамыту; «қар» тақырыбына арналған өлеңдердегі сөздерді айтуға машықтандыру; «Ақшақар» ертегісіндегі мысалдар мен су туралы ақылды карта сызбасына сүйене отырып, қардың қасиеті туралы қорытынды жасауды үйрету; логикалық ойлауды дамыту. Байқағыштыққа, қызығушылыққа,</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Қысқы көрініс" Мақсат-міндеттер: қалалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>байлықтарын арттыру, қыс мезгілі, қардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуіне, өзінің сөйлеу тілін қадағалауды тәрбиелеу.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Сиқырлы су" пысықтау Мақсат-міндеттер. Балалардың қар мен судың қасиеттері мен ерекшеліктері жайлы білімдерін кеңейту; судың шартты өлшемі туралы ұғымдарын қалыптастыру; судың маңыздылығын түсіндіру; жылда санауға жаттықтыру; іс-тәжірибе жасау арқылы қорытынды жасай білу білігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлау, көру қабілетін, зейіндерін дамыту;</p>	<p>қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру.</p>	
--	---	---	--	--	--

	<p>достыққа, қоршаған әлемге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қонаққа келген Аққала" Мақсат-міндеттер: балаларды қыс мезгілінде ойнатылатын ойындар туралы білімдерін тиянақтау; қысқы олимпиада ойындары туралы жалпы ұғымдар беру; ойындарға қатысу және бақылау нәтижесінде түсініктерді өздігінен айтуға үйрету.</p>		<p>ізденімпаздылыққа, тапқырлыққа, нақтылыққа тәрбиелеуді пысықтау.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Н. Жанаев «Ақ қоян» өлеңін оқу. Мазмұны бойынша әңгімелесу" Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс мазмұндауға үйрету.</p>		
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Серуендеуге дайындық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.</li> <li>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.</li> <li>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.</li> <li>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі.</li> </ol> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				

<p>Серуен</p>	<p><b>Ағаштар мен бұталарды бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту және тереңдету. <b>Зерттеу.</b> Шөп өскен жерде терең қарды қазып алыңыз. Қар жамылғысының астында әлсіз жапырақтары бар, жерге басылған кішкентай жасыл өсімдіктерді көруге болады. Балаларға қар топырақтың салқындауына жол бермей, суықтан қорғайды деген тұжырымға жетелеу. <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b> <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ағаштарға қар күреу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Қамқорлыққа</p>	<p><b>Қарға мен сауысқанды бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Сауысқан мен қарғаны салыстыруды, айырмашылықтарын табуды үйрету. <b>Зерттеу.</b> Балабақша алаңынан құстардың іздерін іздеу. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> тұқым себуге жүйекшелерді дайындау. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасай білуге баулу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Пингвиндер", "Басып кетпе!" Мақсат-міндеттер. Затты екі тізенің ортасына қысып алып, екі аяқпен секіру іскерліктерін дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту.</p>	<p><b>Қар ұлпаларын бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Ұлпақарлардың пішіні әртүрлі болатынына назар аудару; салыстыруға үйрету, танымдық белсенділікті дамыту. <b>Зерттеу.</b> Қардың қайда тезірек еритінін байқау. Қолғапта ма, қолда ма? Неліктен? Қардан не пайда болады? (зерттеу іс-әрекеті) <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> қардан лабиринт құрастыру. (еңбек іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Істі соңына дейін жеткізуге үйрету; бірлесіп әрекет ету қабілетін дамыту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Екі аяз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша зейінін және әрекет ету қабілетін дамыту.</p>	<p><b>Қар тазартқышты бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Көліктерді еңбекте қолданудың маңызы, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; технологияға деген қызығушылықты және ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. <b>Зерттеу.</b> Қар тазалайтын көлік пен жедел жәрдем көлігі екеуін салыстыру. (зерттеу іс-әрекеті) <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> алаңдағы қарды тазарту және лабиринт құрастыру. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, істі соңына дейін жеткізуге үйрету, еңбек дағдыларын тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Аңшылар мен аңдар", "Ұсталма", "Тез ал, тез қой". (дене шынықтыру)</p>	<p><b>Қардың түсуін бақылау.</b> (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. <b>Зерттеу.</b> Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ағаштардың тамырларын қармен жабу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары.</b> "Аққала ойыны". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын</b></p>
---------------	---	--	---	---	---

	<p>тәрбиелеу. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Әр түрлі аймақтарда не өседі?" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ағаштардың атауларын бекіту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Допты нысанаға лақтыру қабілетін бекіту.</p>	<p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Мұқият өт".</b> Мақсат-міндеттер. Заттардың арасынан "жылан" секілді өту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Моториканы нығайту; эмоционалдық саланы, ептілік пен батылдықты дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Көпірден өт".</b> Мақсат-міндеттер. Тепе-теңдікті сақтай отырып жаттығу жасау.</p>	<p><b>материалдармен ойындар:</b> қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Қарлақтыруды үйрету.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Көркем сөз Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p>Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды). Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p>				

	<p>Мақсат-міндеттер: балалардың киіну, аяқ киімді дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар.</p> <p>Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b></p> <p>"Қарама-қарсы сөздер" (Заттың орналасу орны)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың қоршаған адамдар, заттар мен құбылыстардың қасиеттері жайындағы білімдерін тереңдету, тиянақтау; ой шапшаңдығына, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; сөздік қорды байыту; эрудиция қабілеттеріне тәрбиелеу.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар педагог ұсынған әрбір сөзіне қарама-қарсы сөздерді атап отыруы</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b></p> <p>"Ассоциациялар" (Қыс мезгілі)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың қыс мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "қыс мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Қыс мезгіліне байланысты мнемочарточкалар.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар қыс мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b></p> <p>"Не, қалай естіледі?" (табиғат құбылыстары).</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларға табиғат құбылыстарынан қандай дыбыстар естілетінін ажыратуға, табиғи дыбыстарды сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдану арқылы білдіруге ынталандыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, елестету қабілеттерін дамыту; сезгіштікке, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: табиғи құбылыстардың дыбыстық жазбалары, таңбалауыштары.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалардың алдына түрлі таңбалауштарды қойып, өздеріне бір-бірден таңдап</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b></p> <p>"Не жасырынғанын айт".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Шарты.</p> <p>Алғашында педагог, содан соң балалар біртіндеп жүргізушінің рөлін кезегімен атқарады.</p> <p>Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, нақты атауын атамайды, ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.</p> <p>Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым</p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b></p> <p><b>"От, су, аспан, жер".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар: доп.</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады).</p> <p>Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқару мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін.</p> <p>Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып допты қолға лақтырады.</p>

<p>тиіс. - Оң жақ - (Сол жақ). - Ішінде - (Сыртында). - Төменде - (Жоғарыда). - Ортасында - (Шетінде). - Таязда - (Тереңде). - Солтүстікте - (Оңтүстікте). - Шығыста - (Батыста). - Жақында - (Алыста). - Оң жақ - (Сол жақ). - Артында - (Алдында). - Басында - (Аяғында). - Соңында - (Басында).</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Спорттық жаттығу залы". Мақсат-міндеттер. Спорттық жаттығу залы туралы балалардың</p>	<p>Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін тапқакты оқып беруі мүмкін, болмаса қыс туралы өздері білетін тапқактарды кезекпен айтып бере алады. Мысалы, А. Асылбековтің өлеңіне көңіл аударуға болады. Қандай суық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген . Қандай қызық қыс деген? Бәрін шебер істеген. Жерде, үйде, тауларда, Боялған ақ түспенен. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойын барысына өтуі мүмкін. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, қыс туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуға ұсына алады.</p>	<p>алуды ұсынады. Таңбалауыштағы құбылысты атап, оны дыбыстық жазбалардың арасынан тауып алу керегін айтады. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білгеннен кейін, оның дыбыстарын артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, "жел ш-ш-ш" немесе "у-у-у" деп дыбыстайды. Жаңбыр "там-там-там", "тақ-тоқ-тақ-тоқ" деп дыбыстайды т.б.. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Киімдер" дүкені. Мақсат-міндеттер. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысы ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p>	<p>және нақтылы береді, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді", "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпал етеді". <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Кітапхана". Мақсат-міндеттер. Кітапхана жайында балалардың түсініктерін нығайту; кітапханашының негізгі қызметін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Құралдар. Кітаптарға сөрелер, әртүрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде</p>	<p>Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, судың астында мекен ететін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Ойыншықтар" дүкені". Мақсат-міндеттер. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар</p>
--	--	---	--	--

<p>ұғымдарын нығайту; жаттықтырушы жайында, атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорттық жабдықтар немесе макеттері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде спорттық жаттығулардың маңызы, жаттықтырушы қызметінің мәні туралы суреттер, бейнежазбалар бойынша әңгімелейді. Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (тұтынушыны түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай</p>	<p><b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> "Аурухана".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып</p>	<p>Құралдар: сөрелер, қораптар, ілмектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, маусымдық киім және ішкі киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, сатып алушыға әдемі күйінде ұсынылуы керектігі жайында да айтылу тиіс. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат,</p>	<p>кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәнін білдіретін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында бейнежазбаларды, фотосуреттерді тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын қалай атқарып (оқырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды қолданатыны, оқырманның міндеті мен құқысын қалай іске қосуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар (өз қалауымен) таңдалады немесе санамақ қолданылады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге</p>	<p>қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) ойыншықтарды бірін таңдап, өз қалауларын айтып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны "сатады". Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
---	--	---	---	--



	<p>жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай тандау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады. Ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін атқарады, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады. Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша, әрекеттерін анықтайтын, сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады.</p>	<p>немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог</p>	<p>смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды сатады. Ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгіленген жерде киімдерді кигізіп көреді. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін</p>	<p>қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі шарттың бірі - тыныштық сақтау, қатты сөйлемей; тағы бір шарт - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	
--	--	--	--	--	--

	<p>Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығын мықты, денең шымыр болу үшін, ерінбей жаттығу жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>		
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Жаңылтпаштар айтқызу.</b></p> <p>Аппақ, аппақ, бәрі аппақ, Ақ қар аппақ, бәрі аппақ. Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ. Ақ сүт, айран, қант та аппақ.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ненің құйрығы?"</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып қалғанын көрді.</p> <p>Қоянда қасқырдың</p>	<p><b>"Сәйкесін тап" ойыны.</b></p> <p>Үстел үсті ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>(танымдық дағдылар)</b></p>	<p><b>Дайын суретті бояу тапсырмасы.</b></p> <p>Балаларға қағаз бетіне басып шығарылған қыс мезгілінің (антистресс) бірнеше суреттері беріледі, балалар өздері тандап, бояп шығады.</p> <p><b>(сурет салу)</b></p>	<p><b>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>

		<p>құйрығы, қасқырда түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлар мұңайып қалды. Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" сұрағына жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын және т.б.)</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет)</b></p>			
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	Тағамның атауын еске сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Өнер бұрышында қыс қызығы тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. <b>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен әңгімелесу «Жыл мезгіліне сай балалардың киінуі.	Әкелермен әңгімелесу: «Бала тәрбиесінде кімнің орны басты рөл атқарады?»	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес: «Ойын – баланы дамыту құралы».	Экологиялық қайырымдылық шарасы «Гүл отырғызайық». Ата-аналармен топ бөлмесін безендіру.
---	--	--	--------------------------------------	---------------------------------------	--

Тексерілді: Әдіскер *Рези*  
кемі: 13.01.23 TC

Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таңшолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	16.01 - 20.01.2023				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" тақырыбында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	"Өсімдіктерді құнарландыру". Максат-міндеттер.	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Максат-міндеттер.

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Өсімдіктерді құнарландыру".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс ітеу кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".</b>          Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам, мұқият орындау. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кітап бұрышындағы еңбек".</b>          (кітаптарды қалпына келтіру)          Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз".</b>          Мақсат-міндеттер. Балаларды өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
	<p><b>«Үй жануарын жабайы жануардан ажырат» – ойын шарты:</b>          Бала үй жануарын дала жануарынан ажырату керек. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Домино" дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі</p>	<p><b>Саусақ жаттығуын айтқызу.</b>          Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету), Ұшып барады, асықпай (саусақпен кезек-кезек жыбырлату).          Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау),</p>	<p><b>"Құстар" (андар, балықтар) дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту.</p>	<p><b>Дамытушы ойын. "Құстардың көлеңкесі".</b>          Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып, орнына орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атауды, сөзбен сипаттауды үйрету.</p>

		<p>жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Айналып, солға ұшып, (қолдармен екінші жаққа бұраңдау), Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру,) Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу).</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ойын барысы. Балалар шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Бояу беттеріндегі суреттерді бояу.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту.</p> <p><b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Танертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде <ol style="list-style-type: none"> <li>1 - оңға адым жасап, қолдарын жанына жіберу;</li> <li>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).</li> </ol> </li> <li>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол белде <ol style="list-style-type: none"> <li>1 - оңға еңкейіп, сол қолын басына қою;</li> <li>2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).</li> </ol> </li> <li>3. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде <ol style="list-style-type: none"> <li>1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу;</li> <li>3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).</li> </ol> </li> <li>4. Бастапқы қалып: жерде отырып, қолдарын артқа түзу тірейді; <ol style="list-style-type: none"> <li>1 - аяқтарын түзу ұстап, жоғары көтеру ""бұрыш"" жасау (иықтарын қушитпау);</li> </ol> </li> </ol>				

	<p>2 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).  5. Бастапқы қалып: тізеге отырып, қолды белге қою;  1- денені оңға бұрып, оң қолды сол жақ аяқтың өкшесіне тигізу;  2- бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).  6. Бастапқы қалып: арқаға жатып, қолдарын бастарына қою.  1- оң аяғын түзу көтеріп, саусақтарын башпайларға тигізу;  2 - бастапқы қалып (3-4 - жаттығу сол жаққа орындалады, жаттығу 5 рет қайталанады).  7. Бастапқы қалып: дене тік, қол белде.  1 - 4 - дейін санау арқылы оң жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Таңғы ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.  А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".  Сылдырлайды сылдыр су.  Мөлдір суға қолыңды жу.  Жуынсаң сен әрдайым,  Аппақ бетің маңдайың.  Тазалықтың досы,  Су дегенің осы.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>«Жабайы аңдар».  Елімізде мекен ететін аңдар жайлы әңгімелеу.  <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа</p>	<p>Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.  <b>(қарым-қатынас іс-</b></p>	<p>Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйін мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>

		тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс- әрекеті)	әрекеті)		
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ғ] дыбысы және Ғғ әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ғ] дыбысы және оның әріп таңбасын қайталау, [ғ] дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге пысықтау.</p> <p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Түлкі мен сұр қасқыр" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларға «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісін таныстыру; айла, алдау, ашкөздік, ақымақтық, мейірімділік және жанашырлық сияқты қасиеттер туралы түсініктерін</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[г] дыбысы және Гг әрпі". Мақсат-міндеттер: Г дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, Г дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету.</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> "Қысқы ормандағы тіршілік жайлы не білесің?" Мақсат-міндеттер: балаларды "тоғыз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; "тоғыз" санын тану, басқа заттар жиынтығымен салыстырып, ажыратуға жаттықтыру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Щ әріпі (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу, атау негіздері)." Мақсат-міндеттер. [-щ] дыбысының артикуляциясын нақтылай отырып, Щ щ әрпін бастырып жаздыруды үйрету; [щ] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуды үйрету, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағыттауын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; жұмбақ шешу, тақпақты</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Құстардың топтамасын тең бөліктерге бөлу" Мақсат-міндеттер. Балалардың "он" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "он" жиын санын құрайтын элементтер түрлері жайлы түсінігін дамыту.</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру" Мақсат-міндеттер: сөйлем түрлерін ажырата білуге үйретуді пысықтау.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Құстардың қыстағы қоректену ерекшеліктері" Мақсат-міндеттер:</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[г] дыбысы және Гг әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Г дыбысы және оның әріп таңбасын қайталау, Г дыбысына сөз, сөйлем табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге пысықтау.</p> <p><b>Жапсыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Қолғап» украин халық ертегісі" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне</p>



	<p>қалыптастыру; маусымдық өзгерістер туралы; құстар мен жануарлардың жаз, қыс мезгіліндегі тіршілігі; адам өмірінің ерекшеліктері туралы идеяларын дамыту; еңбек қажеттілігі және жақсы мінездің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту; мейірімділікке, еңбекқорлыққа, жомарттыққа, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қардың қасиеттері". Мақсат-міндеттер: балаларға қардың құрылымы және оның судың айналуының бірі екендігі туралы қарапайым білімдерді пысықтау.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру" Мақсат-міндеттер: сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.</p>	<p>жаттау арқылы тіл байлықтарын арттыру; күн тәртібі, аңдардың тіршілігі жайында білімді пысықтау, кеңейту; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс жасауына, өзінің сөйлеу тілін қадағалауды тәрбиелеу.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Қысқы ормандағы тіршілік жайлы не білесің?" пысықтау Мақсат-міндеттер: балаларды "тоғыз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; "тоғыз" санын тану, басқа заттар жиынтығымен салыстырып, ажыратуға жаттықтыруды пысықтау.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Қолғап» украин халық ертегісі" Мақсат-міндеттер: балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы</p>	<p>балалардың қоныс аударатын және қыстайтын құстарды тану дағдыларын қалыптастыру; оларды қыста қорғау және тамақтандырудың амалдарымен таныстыру.</p>	<p>деген қызығушылықтарын арттыру.</p>
--	--	--	---	---	--

			түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру.		
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуендеуге дайындық. 1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау. 2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. 4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Серуен</b>	<b>Қар ұлпаларын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Қар ұлпасының қасиеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> жолдағы қарды	<b>Сыпырушының жұмысын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Сыпырушының жұмысымен танысуды жалғастыру; басқаларға көмекке келуге ұмтылу қасиетін қалыптастыру; ересектердің еңбегіне деген құрмет сезімін тәрбиелеу; мағыналы сөйлеуді дамытуға	<b>Суықторғайларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> жолды сыпырғышпен сыпыру. (еңбек іс-әрекеті)	<b>Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жұмысқа	<b>Қарғаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу. <b>Ересек адамдармен бірге</b>

	<p>тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>          Мақсат-міндеттер.          Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b>  <b>"Боран",</b>  <b>"Секірейік". (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Заттарды соғып алмай, қар ғимараттары арасында бірінен соң бірі жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> "Келесі кім?" <b>(дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p>ықпал ету.  <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b>          жолдағы қарды тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың күрекпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; қарды бір үйіндіге қалай дұрыс жинау керектігін көрсету.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Аяз ата", "Шыршада". <b>(дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай еркін жүгіруге дағдыландыру; педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ету; балалардың эмоционалды көңіл-күйлерін арттыру.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b>          қозғалыстарды дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Моториканың дамуына ықпал ету (жүгіру,</p>	<p>Мақсат-міндеттер.          Жұмыс тапсырмаларын орындауға жаттықтыру.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b>  <b>"Құстардың ұшуы",</b>  <b>"Қояндар мен қасқырлар". (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Өрмелеу, баспалдақтан секіру, жүгіру жаттығулары.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b>          моториканың дамуына ықпал ету. (жүгіру, секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру). <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Жылқылар", "Бақалар". <b>(дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b>          учаскедегі жолдарды қармен қоқыстан тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b>          Мақсат-міндеттер.          Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету.  <b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Қарғалар". <b>(дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер. Екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b>  <b>қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          "жылан" секілді жорғалау іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.</p>
--	--	--	---	--	---

		секіру, қар кескіндерін нысанаға лақтыру).			
<b>Серуеннен оралу</b>	<p>Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрасты).</p> <p>Аяқ массажы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: төсекте жатып, гимнастикалық жаттығуларды өздігінен жасауға машықтандыру.</p> <p>Режеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.</p> <p>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".</p> <p>Сылдырлайды сылдыр су.</p> <p>Мөлдір суға қолыңды жу.</p> <p>Жуынсаң сен әрдайым,</p> <p>Аппақ бетің маңдайың.</p> <p>Тазалықтың досы,</p> <p>Су дегенің осы.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p>Шаңғы жаттығуы; (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созу, жинау; табанды төсек үстіне үйкеу).</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.</p> <p>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".</p> <p>Сылдырлайды сылдыр су.</p> <p>Мөлдір суға қолыңды жу.</p> <p>Жуынсаң сен әрдайым,</p> <p>Аппақ бетің маңдайың.</p>				

	Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>"Құстар қалай үн қатады?"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту.  Педагог балаларға құстардың суреттерін қолға алып, қандай дыбыс шығаратынын айтуға шақырады.  Аққу сұңқылдайды, қиқулайды. Әуілдек әуілдейді. Этеш шақырады. Байғыз шұрылдайды.  Безгелдек безектейді. Бозторғай шырылдайды. Бөдене бытпылдықтайды. Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін уілдейді. Көкек көкектеді. Күркетауық</p>	<p><b>Вариативті компонент. Жас зерттеуші</b>  <b>"Қыстайтын құстар".</b>  Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстардың тіршілігіндегі басты ерекшелігі: ең қажетті жағдайы және өлі табиғаттағы болатын өзгерістердің тірі табиғатқа әсері туралы мәлімет беру.</p> <p><b>"Құстар" (андар, балықтар)</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту.  Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту.</p>	<p><b>"Ұшты-ұшты"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту.  Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын заттарды тануға үйрету.  Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту.  Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.  Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады.  Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді.</p>	<p><b>"Зообаққа орналастыр"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.  Ойынға керекті құралдар: зообақ торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет.  Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек.  Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол</p>	<p><b>"Бұл қандай құс?"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды сипаттама арқылы тануға үйрету.  Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.  Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек.  <b>(қоршаған ортамен танысу)</b>  <b>"Құстар мен мысық"</b>  <b>қимыл-қозғалыс ойыны.</b>  Мақсат-міндеттер: ептілікке, шапшаңдыққа,</p>

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>Әңгімелесу:</b>  <b>"Демалыс күндерін қалай өткіздік".</b>          Мақсат-міндеттер: ұзаққа есте сақтау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>"Әдепті өтініш" жаттығуы.</b>          Мақсат-міндеттер: балаларға біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сыпайы сөздердің мағынасын түсінуге көмектесу.          Балаларды қабылданған әрекеттердің, оқиғалардың</p>	<p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.          Арайлап таң атты,          Алтын сәуле таратты.</p>	<p>Техника әлемінде.          Балалар заттарды электрлік және механикалыққа, дөңгелегі бар және дөңгелегі жоқтарға жіктей алады.</p>	<p>Балалардың эмоционалды жағымды көңіл-күйі мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындығын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.          Арайлап таң атты,          Алтын сәуле таратты.          Жарқырады күніміз.</p>

		адамгершілік жағын көруге, олардың мәнін түсінуге үйрету.	Жарқырады күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>		Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ө] дыбысы және Өө әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ө] дыбысы мен әрпін таныстыру. Оның айтылу ерекшеліктерін атап өту және жазылу жолын үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Ақылды егінші" ертегісі. Мақсат-міндеттер: балаларды "Ақылды егінші" ертегісін қазақ тілінде мұқият тыңдауға, тірек сөздерді дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[з] дыбысы және Зз әрпі". Мақсат-міндеттер: [з] дыбыстарымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға дағдыландыру.</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> Мақсат-міндеттер: балалардың 1-ден 10-ға дейінгі сандар мен цифрлар жайлы білімдерін тиянақтау; "үлкен", "кіші", "тең" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру; заттар жиынын салыстыра отырып "&gt;", "&lt;" және "=" белгілерін қолдануды меңгерту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "[Ц] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [Ц] дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету, артикуляциялық жаттығуларды бағытталуын қалыптастыру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Заттардың салмақтарын салыстырайық" Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таразы) және қолдарға салып заттың шамасын</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Балықтың салмағын өлшеу" Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таразы) заттардың салмағын өлшеуді меңгерту; заттарды салыстыру арқылы ауыр және жеңіл екендігі жайлы түсінік беру.</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Үй құстары" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Мүсіндеу Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[з] дыбысы және Зз әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: 3 әрпі бар сөздерді оқып, сауатты жаза білуге үйрету.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Қаңтар мен Ақпан» ертегісі" (қайталау) Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету.</p>

	"Бөлме өсімдіктері" Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктердің жіктелуі туралы білімдерін бекіту; бөлме өсімдіктерінің түрлерімен таныстыруды жалғастыру; бөлме өсімдіктерінің адам және қоршаған орта үшін маңызы туралы түсініктерді кеңейту.	"Үй құстары" Мақсат-міндеттер: өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.	салыстыруға үйрету. <b>Көркем әдебиет</b> "«Қаңтар мен Ақпан» ертегісі" Мақсат-міндеттер: ертегінің мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету.	"Жол ережелері" Мақсат-міндеттер: балалардың жолда жүру ережелерін ұстану және қоғамдық көлік тәртібін ұстану біліктерін жетілдіру; жол белгілерін ажыратуға үйрету; жолда жүру ережелері туралы білімдерін түрлі жағдаяттарда жалпылау; өз орнын қоғам ортасында білу, түсіну қабілеттерін қалыптастыру.	
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз</b> )				
<b>Серуенге дайындық</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )				
<b>Серуен</b>	<b>Терезедегі өрнектерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау.	<b>Мұз сүңгісін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету.	<b>Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Аспан және оның біздің планетамыздың өміріне әсері туралы түсініктерін кеңейту; аспан сферасының әсемдігі мен алуан түрлілігін	<b>Жылқыны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Жануарларды белгілері бойынша салыстыруға үйрету; бақылау дағдыларын дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті	<b>Қарға мен сауысқанды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Құстар туралы білімдерін толықтыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> аулада ұйымдасып жұмыс істеу. ( <b>еңбек іс-әрекеті</b> )



	<p>Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған көңілді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.</p> <p><i>Көркем сөз.</i></p> <p>Бір топ бала сырғанап, Барады эне жарысып. Қалды артта қыр қалып.</p> <p><b>Қимылды ойын. «Айлакер түлкі». (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: жан-жаққа шашырап жүгіруге жаттығу.</p> <p><b>Еңбек:</b> қардан бекініс жасауды үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету.</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.</p> <p><b>Жорамал:</b> қыс аязды</p>	<p>Тапсырма: «Мұз» тақырыбына сурет салу.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Мұз қандай болады?</li> <li>2) Оның пішіні қандай?</li> <li>3) Мұз қалай пайда болады?</li> <li>4) Күнге жақта ма, әлде терістік жақта ма?</li> <li>5) Олар қайдан пайда болады?</li> <li>6) Осыдан қандай қорытынды жасауға болады?</li> </ol> <p><i>Көркем сөз.</i></p> <p>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.</p> <p>Мұзафар Әлімбаев.</p> <p><b>Қимылды ойын: «Қоянның үйшігі». (дене шынықтыру)</b></p> <p>Үйсіз қалған қоян. Ертегіні сахналап отырып, қимылды ойынды ойнату.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойынның тәртібін сақтай</p>	<p>қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Зерттеу.</b> Жылқыға ұқсайтын бұлттарды табу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> бұталар мен ағаштардың түбіне қар күреу, төбешіктегі қарлардан тазарту. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуді үйрену, нәтижеден қуаныш алу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Екі аяз". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Кеңістікті бағдарлай алу іскерліктерін жетілдіру.</p> <p><b>Еркін ойындар.</b> Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы кадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>тәрбиелеу; үй жануарлары туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> балаларға арналған төбешік жасау. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, тапсырмаларды өз бетінше үлестіре білуге үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпасын ұстап ал", "Үйшіксіз қоян". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Дәлдікті, зейінді, көзбен мөлшерлеуді дамыту; ойын ережелерін сақтауға үйрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Сырғанау кезінде жаттығу; сырғанау кезінде еңкеюді үйрету.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, орындалған жұмыс пен оның нәтижесінен қуаныш алуға үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалма". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Жүгіру, ептілікпен секіру қабілеттерін бекіту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы кадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу. <b>(дене шынықтыру)</b></p>
--	--	--	---	--	--

	<p>болса, жаз ыстық болады. Жұмбақ. Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз) <b>Еркін ойындар.</b> Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы кадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>отырып, секіріп алға жүгіру. <b>Еркін ойындар.</b> Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу. <b>(дене шынықтыру)</b></p>			
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Түс уақыты келгенде, Дастарханға жайғастық. Тамақ ішу әдебін, Ішімізден ойластық. Аяғымыз орнында, Сөйлемейміз бәріміз. Тамақ ішіп болған соң, Жинасамыз тағы біз.</p>				

	<p>Тамақтану тәртібін, Есте сақтап алыңыз. Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сүртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
<b>Бірге-бірге тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p>Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар. Дорба,</p>	<p><b>Вариативті компонент. Жас зерттеуші</b> "Менің мысығым" Мақсат-міндеттер: мысыққа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру; мысықтың сыртқы түрі туралы білімін нақтылау. <b>Дидактикалық ойын. "Тергеушілер".</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не артық?"</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Мен кімін? Мен немін?"</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген жануар, құс, зат, құбылыс, мамандық иесінің сипаттамасын естіп, оның не немесе кім екенін табуға ынталандыру; қоршаған заттар,</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты.</p>

	<p>эртүрлі ойыншықтар мен заттар.</p> <p>Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстау, сипау арқылы тануға тырысады; затты көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғанын, адамға қажеттілігі туралы баяндайды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Дәрі-</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.</p> <p>Шарты. Педагог балаларға кезегімен түрлі заттарды көрсетіп жатады. Балалар заттың кімге және не үшін қажетін екенін түсіндіреді.</p> <p>Ойынның тағы бір нұсқасында бала өз қалауымен эртүрлі заттар жатқан қораптан белгілі бір затты алып, оған сипаттама береді.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың "Ойыншықтар" дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу.</p>	<p>Құралдар. Бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.</p> <p>Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Азық-түлік" дүкені.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ""Азық-түлік"" дүкені, азықтарды сатушы қызметі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p>	<p>құбылыстар, заңдылықтар мен оқиғалар жайындағы білімдерін тиянақтау, жалпылау; білгірлікке тәрбиелеу.</p> <p>Шарты. Алғашында педагог, содан кейін қалауын білдірген балалар кезекпен шығып, қалған балаларға өздерінің жұмбақтарын жасырады. Жұмбақты шешкен бала өзі жаңа жұмбақты жасырады. Жұмбақты жасыру мынадай түрде болады, мысалы, "Мен ақ халатты киемін. Қолымда ақ сөмке болады. Мені көріп біреулер қуанады, біреулер алаңдайды".</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы".</b></p>	<p>Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Алғашқы кезеңде ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін, жүргізуші рөлін педагог атқаруы мүмкін.</p> <p>Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерінің бірін дауыстап айтып допты баланың қолына лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, суастында мекендейтін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Жанармай бекеті".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>дәрмектердің модельдері. "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар. Шарты. Педагог балалармен дәріханада қызмет ететін мамандар жөнінде әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор сияқты мамандардың міндеттерін, дәріханада қандай дәрі-дәрмектер мен медициналық көмек жасау үшін, қандай құралдардың сатылатынын анықтайды. Балалар дәріханашы мен провизор рөлдерін кімнің ойнайтынын анықтайды, қалғандары тұтынушылар болады. Өздеріне қажет киім және</p>	<p>Құралдар. Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары. Шарты. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон) ойыншықтардың бірін таңдап, өз қалауларын атып жатады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-</b></p>	<p>Сөрелер, сөмкелер, қорапшаларда немесе пластик қаптағы жармалар, әртүрлі макарондар, қатты азық-түліктер, сүт өнімдерінің қораптары (қап, ыдыстар), түрлі пішінді себеттер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаражат қағаздары. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен азық-түлік дүкеніне саяхатты ұйымдастыруы мүмкін. Педагог балаларға дүкен жайында суреттерді, бейнежазбаны көрсетіп, ""азық-түлік тауарлары"" сөзінің мағынасын, оларды сақтау үшін түрлі ережелерді ұстану керектігі жайлы түсіндіреді. Балалар азық түрлеріне сүт, ет, нан өнімдері жататыны туралы әңгімелейді. Балаларға азық-түліктің сақталу мерзімі, оларды таза өнім күйінде тұтыну туралы мәлімет беруі өте</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лего ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бұрышты ұйымдастырып,</p>	<p>құрал-жабдықтарды сататын сатушы туралы білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанарамай бекеті жазуы; жанармай құятын жасанды орын, автомобиль бағанасы мен ойыншық шланг; рульдер, машиналардың жанармай бактарының ойыншық пішіндері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Автобак орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады. Шарты. Педагог дайындық жұмысында жанармай бекетінің қызметі, жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар туралы суреттер мен бейнежазбаларды пайдаланып әңгімелеседі. Балалар жанармай бекетінде кім қандай қызмет атқаратынын келіседі (санамақ арқылы), өздеріне</p>
--	---	--	---	---	---

	<p>құралдарды алып, орындарына барады. Педагог тұтынушылар дәріханаға келіп, ойынды бастайтынын айтады. Алғашында педагог диалогтарды реттеп жатады, тиянақты сұрақтарды қоюға жаттықтырады.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>маңызды.</p> <p>Сатушы өз қалауы (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады.</p> <p>Сатушы тауарларды сөрелерге орналастырып, бағаларын анықтайды, сатып алушыларға тауардың ұтымды жақтарын айтып, оны сатады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын қадағалайды, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды ережелерге сай күтіп сақтаса, олар бұзылмайды, сапалы болады, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді</p>	<p>безендіріп қояды.</p> <p>Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын әкеліп, шеберлерге өз көрсетеді, шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді.</p> <p>Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады.</p> <p>Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін.</p> <p>Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болып, жұмысын жылдам және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін сақтап, өртке қарсы қауіпсіздікті қатаң түрде қадағалауға міндетті.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
--	---	--	---	--	---

			<p>қолданып, әдептілік ережелерін ұстанулары тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)</b></p>		
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Теңіз асты тұрғындары"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды топтастар ұжымымен бірігіп, теңіз асты әлемі сюжеті салуға үйрету.</p> <p><b>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Сандар".</b></p> <p>Міндеттері.</p> <p>1-ден 10-ға дейінгі реттік сан есімдерді оқыту; суреттегі нысандардың санымен салыстыруды үйрену; ерікті назар аударуға үйрету, шыдамдылықты тәрбиелеу.</p> <p>Нұсқаулық.</p> <p>Балалар сандардың суреттері бар 2-3 орталық блокты және 1-ден 10-ға дейінгі заттардың суреттері бар 10 фигурадан тұратын картаны алады.</p> <p>Балалар бүкіл шеңберді алу үшін орталық блокты</p>	<p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Ақылды қоян"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жазық қағаз бетіне қоян қимаулігін орналастырып жапсыруға, ақ түсті қағазды жырту әдісі бойынша, қағазды ұсақтап жыртып, қоян қимаулігінің үстіне жапсыруға үйрету.</p> <p><b>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Құстар" сөздік ойыны.</b></p> <p>Дидактикалық міндеті.</p> <p>Балаларды сөзі мен әрекетін сәйкестендіре білуге жаттықтыру; балалардың сөйлеу тілін белсендіруді жалғастыру.</p> <p>Ойын ережесі.</p> <p>Құс болып жүрген балалар өз әрекетін тапқтың сөздерімен сәйкестендіруі керек.</p> <p>Құстар өз қалауымен басқа құстарды таңдай алады.</p> <p>Ойын әрекеті.</p> <p>Құстардың қозғалысын келтіру: жаңа құстарды таңдау; құстарды</p>	<p><b>Ұлттық ойын "Бес тас"</b></p> <p>«Бестас» - өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі.</p> <p>Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады.</p> <p>Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды.</p> <p>Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін қолға епті, ұстауға ыңғайлы тастар таңдалып алынады.</p> <p>Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден</p>

		сәйкес фигуралармен байланыстыруы керек. <b>(таным іс-әрекеті)</b>		бейнелейтін бас киімдерді қолдану. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. <b>(таным іс-әрекет)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Түс уақыты келгенде, Дастарқанға жайғастық. Тамақ ішу әдебін, Ішімізден ойластық. Аяғымыз орнында, Сөйлемейміз бәріміз. Тамақ ішіп болған соң, Жинасамыз тағы біз. Тамақтану тәртібін, Есте сақтап алыңыз.</p>				



	<p>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сүртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. <b>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.</p>

<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	Баланың қабілеті жайлы әңгімелесу.	«Қайрымдылық пен қуаныш сыйлайтын күн» әңгімелесу.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.	Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу.
--	------------------------------------	--	--------------------------------------	---	---

Тексерілді: Әдіскер *Дәуіт*  
күні: 03.02.23 ж

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	№7 «Таңшолпан» Мектепалды даярлық тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	06.02 - 10.02.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі	06.02.2023.	07.02.2023.	08.02.2023.	09.02.2023.	10.02.2023.
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Балаңызбен қыста серуендеуді қалайша жағымды және пайдалы етуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".</b> Мақсат-міндеттер. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктерін сұғару".</b> Мақсат-міндеттер. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық жасауды тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Орындықтарды жуу".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталануға, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың тәртіпті сақтауға деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Ойыншықтардағы тәртіп".</b> Мақсат-міндеттер. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпті ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
	<p><b>Санамақ.</b> Жиналған соң достары Қазтай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бірі болды бақшашы, Екіншісі - егінші,</p>	<p><b>Диалогқа негізделген сөзді-рөлдік жаттығу.</b> <b>«Не істейді?»</b> Педагог балаларды жұптарға бөледі. Педагог: - Білесіңдер ме, балалар, мамандар кімдер үшін</p>	<p><b>Жаттығулар</b> Күні бойы, күні бойы, Күні бойы, күні бойы, Біздің қыздар секірді, Оң аяқпен секірді, Сол аяқпен секірді, Алға қарай секірді, Артқа қарай секірді,</p>	<p><b>Диалогтар ойыны.</b> <b>"Мамандықтар туралы жұмбақтар".</b> Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы білімдерін пысықтау, тиянақтау,</p>	<p><b>"Шатаспай есте сақта"</b> үстел үсті ойыны. Барысы. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ,</p>

	<p>Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші, Бесіншісі - балташы Алтыншысы - аспазшы Жетіншісі - жылқышы Сегізінші - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші Оныншысы - орманшы. Ермек Өтеутілеуов. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті)</b></p>	<p>жұмыс істейді? Әрине, балалар, дұрыс айтасыңдар! Адамдар үшін қызмет етеді. - Қазір біз жұптарға бөлінеміз: бірінші - мамандық иесі, екінші біреуің - тұтынушы боласыңдар. - Мамандық иелері тұтынушының тілегін орындайды. - Мысалы, ол дәрігер болса, емделушіні емдеу керек. - Аспаз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушыға тамақ дайындау керек.) - Мұғалім болса, онда не істеу керек? (Оқушыны оқыту керек.) - Шаштараз болса, онда не істеу керек? (Тұтынушының шашын қию керек.) Жарайсыңдар! Әрқайсы бетпердені киіп, сәйкес мамандықтың құрал- жабдықтарын алады: - дәрігер - дәрігер (бетпердесі), тонометр,</p>	<p>Айналдыра секірді, Айналдыра секіргішті Биікке де секірді. Екі саусақты кезек- кезек алға, артқа, солға, оңға секіртіп, үстел үстінде орындалатын жаттығу. <b>(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс- әрекеті)</b></p>	<p>коммуникативтік қабілеттерді жетілдіру. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті)</b></p>	<p>қалам, машина, ат, этеш т.б.). Педагог: "Қазір мен сендерге бірнеше сөзді оқимын. Алдарыңдағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап алыңдар да, оны бөлек жерге қойыңдар", - деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Балалар суреттерді таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет. <b>(қарым-қатынас іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті)</b></p>
--	--	---	--	---	---

		<p>дәрумендер сауыты;  - шаштараз - шаштараз  (бетпердесі), ойыншық  қайшы мен тарак;  - аспаз - аспаз  (бетпердесі), ойыншық  пышақ, тақтайша,  ойыншық көгөністер,  мескей.  - мұғалім - мұғалім  (бетпердесі) - әріп  карточкалар.  <b>(қарым-қатынас іс-  әрекеті, қазақ тілі)</b></p>			
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (арқанмен)</b></p> <p>1 - басты оңға ию, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға ию, 4 - бастапқы қалыпқа келу.  1 - басты оңға бұру, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұру, 4 - бастапқы қалыпқа келу.  1 - жоғарыға қарау, 2 - бастапқы қалып; 3 - төменге қарау, 4 - бастапқы қалып; 2 рет қайталау  2. бастапқы қалып: аяқ бірге, арқан төменде  1 - арқанды алға ұстау, 2 - жоғарыға көтеру, 3 - алға, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау  3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда  1 - оң жаққа иілу, 2 - бастапқы қалып; 3 - сол жаққа иілу,  4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау  4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау  1 - арқанмен бірге оңға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау  5. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқан жоғарыда  1 - тізені бүкпей арқанды жерге қою, 2 - қол белде, аяқ алшақ тұру, 3 - тізені бүкпей арқанды алу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.  Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды</p>				

	жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <b>Бата беру</b> Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Әумин <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	«Мен кім болып, қайда жұмыс істейтінімді тауып көрші?» <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	Мамандықтарға байланысты дидактикалық ойындар ойнау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	Менің арманымдағы мамандығым. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>	"Алуан-алуан кәсіп" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b> "[ә] дыбысы және Ә әрпі". Мақсат-міндеттер: [ә] дыбысын және Ә әрпімен таныстыру.  <b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b> <b>Қазақ тілі</b> "Мамандықтар жайында диалогтар". Мақсат-міндеттер: балалардың мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту; қазақ тіліндегі "Қызықты мамандықтар"	<b>Сауат ашу негіздері</b> "[ә] дыбысы және Ә әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: [ә] дыбысын және Ә әрпін қайталау. Ә дыбысынан басталатын сөздерді анықтау. <b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Математика негіздері</b> "Балықтың салмағын өлшеу" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды шартты өлшемнің көмегімен (таразы) заттардың салмағын өлшеуді	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Қазақ тілі</b> "[М] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [М] дыбысының артикуляциясын нақтылау, М дыбысын буында, сөзде, сөйлем ішінде дұрыс, анық айтуға үйрету.	<b>Математика негіздері</b> "Үй шаруасына көмектесеміз" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың он көлеміндегі сандар туралы түсініктерін дамыту, оны тану, атай білу цифрларды дұрыс атап, ажырата білу іскерлігін жетілдіру  <b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Сөйлеуді дамыту</b> "«Құмырсқа қанағаты» ертегісі" (қайталау) Мақсат-міндеттері:	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Мүсіндеу</b> <b>Маман жоспарымен</b>  <b>Сауат ашу негіздері</b> "[ж] дыбысы және Жж әрпі". Мақсат-міндеттер: [ж] дыбысын және Ж әрпін таныстыру. Артикуляция бойынша Ж дыбысын дұрыс айтуға үйрету.  <b>Көркем әдебиет</b> "Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов" (қайталау) Мақсат-міндеттер: өлеңінің

	<p>әңгімесінің мазмұнымен таныстыру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Мамандықтар" Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі мамандықтар жөніндегі білімдерін кеңейту; топта жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, ғылыми терминдер мен сөздерді сөйлеуде қолдануды үйрету.</p>	<p>меңгерту; заттарды салыстыру арқылы ауыр және жеңіл екендігі жайлы түсінік беру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "«Құмырсқа қанағаты» ертегісі" Мақсат-міндеттері: ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Үй шаруасына қалай көмектесуге болады?" Мақсат-міндеттер: балалардың он саны туралы ұғымдарын дамыту, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; он жиын санын құрайтын элемент түрлері жайлы түсініктерін жетілдіру.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Бала - біздің болашақ" Қ. Аманжолов" Мақсат-міндеттер: өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату.</p>	<p>ертегіні оқып беру арқылы балаларға қанағатшыл деген мағынаны түсіндіру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Кішкентай зерттеушілер" Мақсат-міндеттер: әртүрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру; мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру.</p>	<p>мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату.</p>
<p><b>2- таңғы ас</b></p>	<p>Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз</b>)</p>				
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (<b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b>)</p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Қарлы боранды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті,</b></p>	<p><b>Суықторғай мен самырқұсты салыстырмалы бақылау. (қарым-</b></p>	<p><b>Ауа райын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-</b></p>	<p><b>Күнді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Қарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b></p>

<p><b>таным іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Желді ауа райындағы қардың қозғалысы туралы түсінік беру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> желді карауға арналған айналмалы бағыттаушыны жасау. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Бірлесіп шығармашылық жұмыспен айналысу қабілетін дамыту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. (дене шынықтыру) "Ұшақ".</b> Мақсат-міндеттер. Бір-біріне соқтығыспай жүгіру қабілеттерін дамыту; епті, жылдам болуға тәрбиелеу. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер.</p>	<p><b>қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Құстарға деген танымдық қызығушылықты тәрбиелеу; суықторғай мен самырқұсты салыстыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> тайғақ жолдарға құм шашу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. <b>Еңбексүйгіштікке, ересек адамдармен бірге орындайтын қарапайым еңбек тапсырмаларын орындауға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар", "Жемшашарлар". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Әртүрлі бағытта жүгіруге жаттығулар жасау және белгі бойынша әрекет ету іскерліктерін дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын</b></p>	<p><b>әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін анықтай алу іскерліктерін жетілдіру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (төбешіктерді және жолдарды қардан тазалау) <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Сыпырғышты дұрыс қолдана білуге үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар және жаңбыр", "Мысықтар мен тышқандар". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Секіргіштер". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды алға қарай</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Күннің шығуы туралы білімдерін дамыту. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (жолды қардан тазарту). <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Басталған жұмысты соңына дейін жеткізуге үйрету. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар", "Құстар мен мысықтар". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Ережелерді сақтау арқылы ойнауды үйрету; ептілікті, зейінді дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Жоғары лақтыр". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Допты жоғары лақтырып, оны қағып алуға үйрету; зейінді дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеті туралы балалардың білімдерін толықтыру. <b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауладағы қарды тазарту.) Мақсат-міндеттер. Жолдарды тазартуға нұсқау беру. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары", "Жалауға кім тезірек жүгіреді?" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Нақтылықты, ептілікті, жылдамдықты, тапқырлықты дамыту. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Кім жоғары секіреді?" (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Биіктікке секіруге үйрету, күш пен ептілікті дамыту.</p>
---	--	---	--	---



	Бір жерде тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету.	<b>әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Шаңғымен сырғанау дағдыларын жетілдіру.	секіруге үйрету.		
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Түскі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. <b>Көркем сөз</b> Әдемі ирек жолдармен, Лақтарша біз ойнақтап, Тастан - тасқа секіріп, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>Дамытушы ойын. "Жылы сөздер қобдишасы".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында	<b>Дидактикалық ойын. "Логикалық жұптар" (Мамандық иелеріне қажетті құралдар).</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың мамандық иелерінің қандай құралдарды қолданатыны	<b>Дидактикалық ойын. "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі ертегінің кез келген кейіпкерінің айтылған сөздерін ары қарай	<b>Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту.	<b>Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?"</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін,

<p>балық, кірпі. Пирамида құрастырылғаннан кейін тәрбиеші балаларға әр сатының өз маңызы бар екенін айтады. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті, шығармашылық іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)</b></p> <p><b>Қимылды ойын: «Етек - етек»</b> Мақсат-міндеттер: топтан қалыспай тез қимылдауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Балалар ішінен біреуі құс болады. Ал, басқалары бірінің етегінен бірі ұстап, бастапқы баланың артынан жүреді. Етектен айырылып қалған баланы құс ұстап жеп қояды. Ол бала ойыннан шығарылады. Ал, ұстандар етектен, Айырылмандар жетектен, Біз шөжелер боламыз,</p>	<p><b>әрекеті, шығармашылық іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Жанармай бекеті".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі жанармай бекеті жайындағы ұғымдарын нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдық сатушы жөнінде білімдерін кеңейту, тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Жанармай бекеті жазуы; жанармай құятын орын, автомобиль бағанасы мен шланг макеті; рульдер, көліктің жанармай бактарының жасанды үлгілері; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Машинаның автобак үлгісінің орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап,</p>	<p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын. "Табиғи қорық".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан- жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи</p>	<p>Балалар-ау, балалар! Шақырады далалар. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Қыр басына шығайық, Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген, Гүлді көріп сүйінген, Алақайлап жүгірген, Қып-қызыл бет – бүлдірген, Қарындасқа қаршадай, Жас балапан аршадай, Гүлдің шоғын берейік, Қуанғанын көрейік. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуды ұсына алады. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті,</b></p>	<p><b>әрекеті)</b></p> <p><b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Киімдер" дүкені.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың "Киімдер" дүкені, киім сатушының жұмысының ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым- қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, іلمектер, киім үлгілері (көрнекілік қуыршаққа арнайы тігілген); ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қаражат қағаздары; қуыршақтар. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен дүкенге саяхатты ұйымдастыруы мүмкін.</p>
---	---	---	--	--

<p>Алдымызда анамыз. Кім айырылса етектен, Шығып қалса жетектен, Соны ұстайды қарақұс, Сол болады құсқа жем, Ұрынады қатерге, Ана сөзін екі еткен. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>иыққа іліп алуға болады. Шарты. Педагог балалармен жанармай бекетінің қызметі жөнінде, осында еңбек ететін жанармай құюшы, есепші, көлік жабдықтарын сатушы сияқты мамандар жөнінде суреттер мен бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелеседі. Балалар жанармай бекетінде кім, қандай қызмет атқаратынын анықтап, рөлдерді бөліседі (санамақ та арқылы болады), өздеріне қажет киім және құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, ойыншыларға әрекеттерін анықтайтын сұрақтарды қойып жүреді, өзі де қатысуы мүмкін. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог</p>	<p>қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді.</p>	<p><b>шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар</p>	<p>Балалар дүкен жайында суретті, бейнежазбаны көрсетіп, "тауар" ұғымына киімдер де жататынын, киімдердің сыртқы киім, үстіге киілетін киім және ішкі киім болып бөлінетіні жайында түсіндіреді. Киімдердің үтіктеліп, әдемі күйінде сатып алушы алдына ұсынылу керектігі жайында да айтылуы тиісті. Сатушы немесе бірнеше сатушы өз қалаулары (немесе санамақ) бойынша тағайындалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, қаражат, смартфон), ойын барысында қолданады. Сатушы тауарларды өз орындарына орналастырып, бағаларын анықтап, сатып алушыларға киім үлгілерінің ұтымды жақтарын айтып, оларды "сатады".</p>
--	---	--	--	---

		<p>балалармен бірге қорытынды жасай алады: көліктердің еркін жүруін қамтамасыз ету үшін, жанармай құюшы үнемі орнында болу керек, жұмысын жылдам және мұқият орындау керек; жанармай бекетінде үнемі қауіпсіздік ережелерін ұстану керек, от жағуға, темекі шегуге болмайды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді,</p>	<p>ойынды ұйымдастырғанда киімді өлшейтін орынды да ескеру керек. Балалар өз қуыршақтарын алып, белгілі жерде киім кигізіп жатады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы сатылады; дүкендерде сатушы мен сатып алушы сыпайы сөздерді қолданып, әдептілік ережелерін ұстану тиіс; сатушының еңбегін құрметтеу керек; сатып алушының таңдауын құрметтеу керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-</b></p>
--	--	--	--	---	---

				<p>тиянақтау сұрақтарын қояды.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі, тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<b>әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Саусақ жаттығуы.</b></p> <p><b>Гүлдер</b></p> <p>Көктемде жайнар алқаптар - (ортаңғы және сұқ саусақтармен "жүру")</p> <p>Айналаға гүл қаптар. (алақанды ашып, қолмен айналаны көрсету)</p> <p>Шашағы аппақ түймедақ, (алақанды, саусақтарды ашып, қозғау.)</p> <p>Көктікен мен қызғалдақ</p> <p>Жердің көркін ашады.</p>	<p><b>"Ненің құйрығы?"</b></p> <p><b>дидактикалық ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Жануарлар туралы білімдерін бекіту, есте сақтау, ойлау, зейін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>Барысы. Бір күні таңертең орман жануарлары оянып, бәрінің құйрықтары ауысып кеткенін көрді.</p> <p>Қоянда қасқырдың құйрығы, қасқырда</p>	<p><b>Ойын-жаттығу</b></p> <p><b>"Табиғатпен сырласу"</b></p> <p>Балалар арасынан "жолбасшы"</p> <p>тағайындалады. Балалар шеңберге бірінің артынан бірі тұрып, жолбасшының қимылын қайталайды.</p> <p>Өзеннен өту.</p> <p>Тауға өрмелеп шығу.</p> <p>Шалшық сулардан өту.</p> <p>Ормандағы сулардан өту.</p> <p>Ашық алаңға жетіп, қуанып, демалды.</p>	<p><b>«Мейірімділік ағашы»</b></p> <p>Ойынның мақсат-міндеттер: «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді</p>	<p><b>"Дидактикалық ойын</b></p> <p><b>"Ұшады, жүзеді, секіреді"".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: әртүрлі жануарлардың қозғалу іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Мысалы:</p> <p>Балық - жүзеді, аққу - ұшады, қоян - секіреді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)"</p>

	(көктікен - саусақтардың бастарын қосып, жан-жаққа шашырату, "қызғалдақ"- саусақтарды кесе сияқты жинау). (О.И. Крупенчук; Е.Елубаев) <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	түлкінің құйрығы, түлкіде аюдың құйрығы. Жануарлардың көңіл-күйлері түсіп қалды. "Қасқырдың құйрығы қоянға сәйкес келе ме? "Бұл ненің құйрығы?" деген сұраққа жауап бере отырып, жануарларға құйрықтарын табуға көмектесу. "Міне, қасқырдың құйрығы. Ол қандай? (сұр, ұзын)." және т.б.. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>	<b>(дене шынықтыру)</b>	сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	<b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Тағы міне, таң атты,				

	<p>Дайын дәмді тағамдар.          Үлпілдеген тиінге,          Жарып берем жаңғақты.          Қою сүтті беремін,          Мысық пенен күшікке.          Түлкіге қою айран,          Тышқанға дәндер салам.          Ақ қоянға тәтті нан,          Тосап беремін араға.          Таңғы ботқа береміз,          Бақшадағы балаға.  <b>Салт-дәстүр. Асату.</b>          Табақтағы тамақты (ет) жеп болғаннан кейін ондағы қалғанетті қарттар жас балаларға асатады. Балалар ет асаймыз деп күтіп тұрады.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b>          Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.          Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.          Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.          Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>«Біздің отбасы серуенде».</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>	<p>Ата-аналармен жиналыс өткізу. «Бала дамуыны отбасының ықпалы».</p>	<p>«Бала - ата-ана көзімен» сауалнамалар жүргізу.</p>	<p>«Баланы қоршаған әлемді танып-білуге дағдыландырыңыз».</p>



**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Тексерілді: Әдіскер *Кісіп*  
Күні: 14.04.23 ж

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таңшолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	17.04 - 21.04.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу)	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер.	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау.

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".</b>          Мақсат-міндеттер.          Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".</b>          Мақсат-міндеттер.          Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың түсінігінде жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Оларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".</b>          (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)          Мақсат-міндеттер.          Балаларға жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу.          Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Кір сүлгілерді ауыстыру".</b>          Мақсат-міндеттер.          Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
	<p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b>  <b>"Гүлденген ағаштар"</b>          Мақсат-міндеттер: көктем мезгілі келісімен табиғат оянып, ормандағы ағаштардың гүлдеп, бүршік атулары жайлы білім беру.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Дәрілік өсімдіктің атауын анықта?"</b>  <b>дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларға емдік қасиеті бар өсімдіктердің иісіне, түр-түсіне қарап, атауын табуға үйрету.          Шарты. Педагог</p>	<p><b>Вариативті компонент - Жас зерттеуші</b>  <b>"Көктемгі ағаштар"</b>          Мақсат-міндеттер:          ағаштар туралы білімдерін кеңейту, ағаштарды ажырата білуге үйрету; ағаштардың маңызы туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b>  <b>"Көктем көркі"</b>          Мақсат-міндеттер:          балаларды ашық және қою түсті жасыл түсті ермексаздарды қосу арқылы ағаштың ұшар басын жасап, мүсіндеудің шиыршықтау әдісін</p>	<p><b>Пазл "Теңіздегі балықтар".</b>          Мақсат-міндеттер.          Баланың зейінін, ынтасын, байқампаздыққа, ойлау қабілетін, саусақ моторикасын, жылдамдығын дамытады. Теңіз балықтарының атауын</p>

	<p><b>«Түрлі-түсті гүл шоғы».</b>          Мақсат-міндеттер.          Балалардың эмоцианалды көңіл-күйін көтеру.          - Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіндер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр.          Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма?          Біз орманда саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б..          Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек.  <b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p>дәрілік қасиеті бар өсімдіктерді дәріханадан әкеліп, кішкентай табақшаларға салып қояды. Балалар екі топқа бөлініп табақшадағы кептірілген өсімдіктерді бақылайды. Әр топ өсімдіктердің атауын дұрыс тауып, олардың қасиеттерін естеріне түсіріп, айтып береді. Өсімдіктің атауы дұрыс табылса, тиісті таңбалауышты ыдыстың жанына қояды.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b></p> <p><b>«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.</b>          Мақсат-міндеттер.          Сөйлеу тілін дамыту.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Дидактикалық ойын.</b>          «Түстері бойынша бөл».          Өз еріктерімен суреттерді бояу.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>пайдалана отырып ағаш жапырақтарын жасау арқылы ағашты мүсіндеуге үйрету.  <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p><b>"Көктем" өлеңін жаттау.</b>          Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді.          Бәйшешектер құлпырып,          Деп тұрғандай: «Көр мені!»          Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті.          Қар көктемге жеткізбей,          Тауға шығып кетіпті!          К.Ыбырайұлы  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>атап білімдерін бекіту. Ойын шарты. Теңіз балықтарының суреті бар пазлды құрау.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>“Не артық” ойыны</b>          Мақсат-міндеттер:          Балалардың қабылдауын анықтау, артық суретті айта білуге үйрету.          Шарты: 4 сурет берілген картокадағы артық суретті табу.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары "Қара жорға"				

	<p>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау)</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - аяқты аяқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров)</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>"Көктемгі ағаштар" тақырыбында әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Гүлденген ағаштар" суретіне қарап әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ағаштың түрлері, қасиеттері туралы әңгімелесу. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>Ағашқа байланысты мақалдар жаттау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Тақырыпқа байланысты қызықты мәлімет айту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[ц] дыбысы және Цц әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: балаларға [ц] дыбысы мен әрпін таныту. [ц] дыбысына байланысты жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Й дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер. "Й" дыбысы мен әрпімен таныстыру. "Й" дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қазақстандағы ұлттар мәдениеті"</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[щ] дыбысы және Щщ әрпі". Мақсат-міндеттер: Щ дыбыстарын және Щ әрпін таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> "Көңілді көктем келді" Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға, музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға, дыбыстарды биіктігіне қарай ажыратып, әуеннің басталуы мен аяқталуына мән бере білу қабілеттерін жетілдіру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Достық үйінің</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Достық" ертегісін баяндау. Достық дегеніміз не?". Мақсаты: Қазақстандағы халықтар достығы туралы ұғымды дамыту; "Достық" ертегісінің сюжетін есте сақтауға, мағынасын түсінуге үйрету; стандартты емес жағдайларда достар айтқан негізгі сөз тіркестерін айтуға үйрету.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Достармен бөлісе біл" Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту;</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Достармен бөлісе біл" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды салыстыру негізінде тең төрт бөлікке бөліп, сандық мөлшерін теңестіруді меңгерту; сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру.</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> "[щ] дыбысы және Щщ әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: Щ дыбыстарын және Щ әрпін таныстыруды қайталау. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйретуге дағдыландыру.</p> <p><b>Жапсыру Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Көктем сәні" (қайталау) Мақсат-міндеттер: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу.</p>

	<p>Мақсат-міндеттер: балаларға Қазақстанда тұратын көп ұлттар туралы мәліметтер жиынтығын толықтыру.</p>	<p>құрылысы" Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі оқиғалар, мен ертегілер мысалында және іс-тәжірибеде тұтас бөлікті тең екі және төртке бөлу тәсіліне үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>"1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні"</b> Мақсат-міндеттер: 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға оқып беру арқылы түсіндіру.</p>	<p>сандар құрамын жылдам анықтауға, тез санауға жаттықтыру.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Көктем сәні" Мақсат-міндеттер: ертегінің желісін кейіпкерлерін, мазмұнын түсіну. Ертегіні баяндауда өз ойларын алдымен ұштастыруға баулу.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Тірі және өлі табиғат" Мақсат-міндеттер: тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту; қойылған сұрақтың дұрыс жауабын табуға үйрету; қызығушылығын, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылық қиялын дамыту.</p>	
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
<b>Серуенге дайындық</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
<b>Серуен</b>	<p><b>Жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Шыбынның пайда болу ерекшеліктері,</p>	<p><b>Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>	<p><b>Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Көлік түрлері туралы</p>	<p><b>"Серуендегі қауіпсіздік". Балабақшаның алаңында мақсатты түрде серуендеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-</b></p>	<p><b>Бұлттарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде, жер мен көктің бірлігі туралы сананы</p>

<p>оның өмір сүруі туралы білімдерін дамыту.</p> <p><b>Зерттеу.</b></p> <p>Шыбындардың ұшуын қадағалау (ұшу ұзақтығы); шыбындардың көп шоғырланған ауданын табу (неге бұл аймақта шыбындардың көп шоғырланған және онымен қалай күресу керек).</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ас бұршақ тұқымын отырғызу. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Асбұршақ отырғызу дағдыларын дамыту; еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Допты ұста". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Дәлдікті дамыту.</p>	<p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (кішкентай бұтақтарды жинау)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Өз бетімен еңбектенуге үйрету. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ереже бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жүгірейік". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Жылдамдықты, ептілікті дамыту.</p>	<p>білімдерін бекіту, ересектердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Өзіңе жұмыс тап". (еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалармен осы жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекті құрметтеу сезіміне тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Дәл тигіз". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.</p>	<p><b>әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды балабақша алаңын тексеруге шақыру, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (құстарды тамақтандыру).</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдау; құстардың тіршілігін бақылау; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру.</p> <p><b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b></p>	<p>қалыптастыруды жалғастыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауладағы бұтақтарды жинау).</p> <p><b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:</b> "Ең жылдам".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.</p>
---	---	--	--	--

	<p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b> қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер. Қабырғаға доппен ойнау техникасын жетілдіру.</p>			<p><b>қозғалыстарды дамыту:</b> "Секірейік, шаршамайық" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалар педагог белгілеген межеге дейін қос аяқтап секіреді. Ең бірінші секіріп, орнына қайтып келген бала жеңіске жетеді.</p>	
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Күндізгі ұйқы</b></p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.</p>				



<p><b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b></p>	<p>Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау . <b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Бесін ас</b></p>	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p><b>Дидактикалық ойын «Қай өсімдік екенін тап».</b> Мақсат-міндеттер: тақырыпты сипаттау және оны сипаттама бойынша тану. Ойын барысы. Тәрбиеші бір баланы өсімдікті сипаттауға немесе ол туралы жұмбақ жасауға шақырады. Басқа балалар бұл қандай өсімдік екенін табуі керек. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b>  <b>Ұлттық ойын. Ханталапай</b> Бұл отырып ойналатын ойын.</p>	<p><b>"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?». Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден</p>	<p><b>"Күнді ата" дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: күннің бөліктері туралы түсініктерді бекіту (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге дейін) Материалдар: күннің бөліктері бейнеленген карточкалар. Ойын барысы. Тәрбиеші балалармен бірге күннің неше бөліктен тұратындығын біледі, олардың аттарын атап, сәйкес суреттерді көрсетіп, дұрыс ретпен орналастыруды ұсынады (таңертең, түстен кейін, кешке, түнге). Тәрбиеші күн құруды ұсынады және күннің бір бөлігін атайды. Балалар күннің қалған бөлігін тізімдейді және сәйкес</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Ассоциациялар" (көктем мезгілі).</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем мезгілі жайындағы түсініктерін тиянақтау, қысқы құбылыстарға көңіл аудару; "көктем мезгілі" ұғымына сәйкес келетін сөздерді табуға ынталандыру; ой-қиялын дамыту. Құралдар. Қыс мезгілі жайында суреттер немесе бейнежазба. Көктем мезгіліне байланысты мнемочарточкалар. Шарты. Балалар көктем мезгіліне байланысты құбылыстарды, жанды және жансыз табиғатта болатын ерекшеліктерді атау керек. Педагог балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын ояту үшін</p>	<p><b>Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.</p>

<p>Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтың ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірден асық иіріледі де, қорытынды бойынша ойыншылардың кезектері анықталады. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» көз салады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай</p>	<p>шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.</p>	<p>суреттерді көрсетеді. Ойын 2-3 рет қайталанады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Ұлттық ойын.</b> <b>Алтыатар ойыны</b> Көндегі кенейлердің бір шетіне түпте қалған ( сақасы шықпаған)баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (суданшығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны — 6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған</p>	<p>тақпақты оқып беру мүмкін немесе балалардың қыс туралы білетін тақпақтарын кезекпен айтып бере алады. Мысалы, Ө. Тұрманжановтың өлеңіне көңіл аударуға болады. Балалар-ау, балалар! Шақырады далалар. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Қыр басына шығайық, Көктем тілін ұғайық. Қызғалдақты терейік, Теріп үйге келейік. Көбелектей киінген, Гүлді көріп сүйінген, Алақайлап жүгірген, Қып-қызыл бет – бүлдірген, Қарындасқа қаршадай, Жас балапан аршадай, Гүлдің шоғын берейік, Қуанғанын көрейік. Педагог көркем сөзді оқып болғаннан кейін, ойынға көшеді. Егер балаларда қиындықтар туындап жатса, көктем туралы суретті немесе бейнежазбаны алдымен көрсетіп, кейін көз алдынан алып қойып, содан соң</p>	<p>Ойынның басында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар". <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Теңіз толқиды" аз қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын</p>
--	--	--	--	---

	<p>жазылады. Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100, 40) ойын жүргізуші алдын-ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен</p>	<p><b>(дене шынықтыру)</b> <b>Еркін ойын: "Менің бұлтым".</b> Мақсат-міндеттер: қиялды, зейінді, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы. Балалар ашық жерде, шөпте жайлы орналасады, тынышталып, көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта демалуды елестетіп көріңіз. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>	<p>баланікі болып есептеледі. <b>(дене шынықтыру)</b> <b>Қалаған ертегіні мазмұндау.</b> Мақсат-міндеттер: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>балаларға қыс жайында ассоциацияларды айтуды ұсына алады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b> <b>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аурухана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі медициналық мамандықтар (бала дәрігері, тіс дәрігері, ЛОР-дәрігер, хирург, мейірбике) жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің ауруханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Медицина мамандарына қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; ауруханаға қажет жиһаз, сөмкелер; кейіпкер ойыншықтар. Балалар қуыршақтар мен кейіпкер ойыншықтарды ауруханаға қаратып немесе</p>	<p>дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b> <b>Сюжеттік-рөлдік ойын. "Табиғи қорық".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері жөніндегі ұғымдарын нығайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи қорықтың қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар; орман, бұлақ, жасанды таулар үлгілері. Шарты. Педагог балалармен</p>
--	---	---	--	---	--

	<p>сүйретіп апаруға, орнынан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде-бір асық тимеуі керек. Себебі ол – хан. <b>(дене шынықтыру)</b></p>			<p>өздеріне қаралатын жағдайлар жайында өзара келісіп шешеді. Шарты. Педагог дайындық жұмысында балалармен медицина мамандары жайында әңгімелесуі керек. Балалар дәрігерлердің адамның қандай дене мүшелерін емдейтіні туралы ғана емес, қандай құралдарды қолданатыны, қандай сұрақтарды қоятынын талқылап алуы керек. Балалар өздеріне ұнайтын дәрігерлердің рөлдерін бөлісіп алады, олардың киетін киімдерін және қолданатын құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалогтарда әдептілік ережелерінің сақталуын, ойыншылар арасында сөйлеу тізбектерін реттейді, тиянақтау сұрақтарын қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адамның денсаулығына ауа райы, жыл мезгілі,</p>	<p>бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде табиғи қорық туралы суреттерді қарап, Қазақстандағы табиғи қорықтар жөнінде бейнебаяндарды тамашалайды. Балалар орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігері сияқты мамандардың табиғи қорықта не істейтіні (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге кесіп алуға тапсырма береді; ауру аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны көбейіп кеткен жыртқыштарды атып алады), қандай құралдарды қолданатыны туралы талқылап алу керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін және құралдарды алып, орындарына барады.</p>
--	---	--	--	---	---

				<p>тамақтануы, күнделікті жасайтын әрекеттері әсер ететінін анықтайды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып, белгілі орындарға қондырып, қимылға келтіреді.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қадағалап, көмегін беріп, қорғану да керек.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p><b>"Қағаздан бүктеу" оригами жұмысы.</b> Тақырыбы: "Тырна". Мақсат-міндеттер. Қағазды бүктеу арқылы әртүрлі аңдар, құстар мен гүлдердің пішіндерін жасауға мүмкіндік беру. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Жаңылтпаштар жаттау.</b> 1. Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық. Бес күзетші ... бес пысық. 2. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім? 3. Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>Тұманбай Молдағалиев «Гүлдер».</b> Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер, «Жайнар кезім келді» - деп, Қанаттарың желбіреп, Таңмен бірге оянып, Күн нұрына боянып, Көрік бердің балаға.</p>	<p><b>"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	

			Гүлдер, гүлдер не түрлі Құлпырды да, жетілді. <b>(қарым-қатынас іс- әрекеті)</b>		
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтешесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Кешкі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, (І.Жансүгіров)</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен)</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-допты оң қолымен ұстап, қолдарын жанына жіберу; 2-допты жоғары көтеріп, келесі қолына салу; 3-қолдарын жанына жіберу; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6-7 рет қайталау.</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, оң қолымен допты төменде ұстау. 1-оң аяққа иілу; 2-3-допты оң аяққа, содан кейін сол аяққа домалату; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 6 рет қайталау.</p> <p>3. Бастапқы қалып: тіземен тұру, допты екі қолымен ұстау. 1-2-өкшеге отырып, денесін оң жаққа бұру және допты еденге тигізу; 3-4 -бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.</p> <p>4. Бастапқы қалып: еденге отырып, допты екі аяқтың арасына қысып ұстап, қолдарын артқа тіреу. 1-2-аяқтарын түзу ұстап, допты түсіріп алмай, жоғары көтеру; 2-3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге шалқасынан жатып, қолдарын түзу ұстап, допты басынан асыра қою. 1-2-қолдарын түзу ұстап, жоғары көтеріп, допты оң аяғына тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол аяқпен</p>				

	<p>қайталау. Жаттығуды 5-7 рет қайталау.</p> <p>6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы сәл алшақ, допты оң қолға ұстау. 1-допты еденге ұрып, екі қолымен ұтып алу. Жаттығуды 8-10 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау. Допты жоғары лақтырып, ұтып алу. Жаттығуды 5-6 рет қайталау.</p> <p>8. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, допты оң қолға ұстау.</p> <p>1-8 дейін санау арқылы алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру, бұрылып, екі аяғымен қайтадан секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>«Менің көңіл-күйім»</b></p> <p>Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу . Балалар кезек-кезек жылдың қай мезгілі, табиғат құбылысы, ауа-райы олардың бүгінгі</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b></p> <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b></p> <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b></p> <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b></p> <p>Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!» - деп</p>

	<p>көңіл-күйіне ұқсас екенін айтады.</p> <p>Салыстыруды тәрбиеші бастауы тиіс: «Менің көңіл-күйім көгілдір аспандағы ақ ұлпа бұлттарға ұқсайды, сенің көңіл-күйің қандай?» деп, балаларды ойынға тартады. Ойынның соңында тәрбиеші қорытындылайды – бүгін топтың көңіл-күйі қандай: көңілсіз, көңілді, күлкілі, ызалы екенін айтады.</p> <p>Қолайсыз ауа-райы, суық, жаңбыр, түнерген аспан сияқты агрессивті элементтер эмоционалды күйзелісті көрсететінін түсіндіру керек.</p> <p><b>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p>сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін.</p> <p>Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр күйсын.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік!</p> <p>Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!</p> <p>Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік!</p> <p>Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p>Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз.</p> <p>Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекет)</b></p>	<p>кіремін.</p> <p>Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>"Сөздер мен сөйлемдер"</p> <p>Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>"Сөздер мен сөйлемдер"</p> <p>Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>"Қызықты әріптер".</p> <p>Мақсат-міндеттер: сөзді</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p>"Жиыны қанша?"</p> <p>(пысықтау)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі оқиғалар, апта күндері,</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>.Жапсыру</b></p> <p><b>Маман жоспарымен</b></p>

<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Көктемгі егістік." "Құмырсқа" ертегісін мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттер: балалардың көктемгі егіс, нан өсіру және жинау процесі туралы түсініктерін кеңейту; "Құмырсқа" ертегісінің мазмұнымен таныстыру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қош келдің, жаз!" Мақсат-міндеттер: балалардың ауамен тәжірибелер мен зерттеулер арқылы іздеу-танымдық белсенділігін дамыту; ой-өрісін кеңейту.</p>	<p>арқылы сөйлем құруға үйрету.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> "Бақшадағы жұмыстар" (қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың көктемгі бақша жұмыстары жайлы білімдерін тиянақтау; заттардың салмағын өлшеу біліктіліктерін арттыру.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой «Екі жолдас»". Мақсат-міндеттер: әңгімені оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру.</p>	<p>буындап, тұтас оқу дағдыларын одан әрі қалыптастыру; сөйлеу мәнерін, байланыстыра сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын, жұмбақ шешу, сөз ойлау арқылы тіл байлықтарын дамыту.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Жиыны қанша?" Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Қоян және кірпі» ертегі-пантомима" Мақсат-міндеттер: балалардың пантомималарды сахнада қою білігін нақтылау. Балаларды көркем бейнені толық жасауға түрткі болу.</p>	<p>тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Музыка</b> <b>Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b> "«Көңілді жаз» тақырыбында шығармашылық әңгіме құру". Мақсат-міндеттер: жаздың кезі көңілді тақырыбына шығармашылық әңгіме құру. Жаз мезгілімен таныстыра отырып, табиғат өзгерістері туралы түсінік беру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> "Қош келдің, жаз!" Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Сөздер мен сөйлемдер" Мақсат-міндеттер: сөз, сөйлем жайында түсінік беру. Сурет арқылы сөйлем құруға үйрету</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "«Қоян және кірпі» ертегі-пантомима" (қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың пантомималарды сахнада қою білігін нақтылау. Балаларды көркем бейнені толық жасауға түрткі болу.</p>
--	--	---	--	---

2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	<p><b>Кемпірқосақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Кемпірқосақтың пайда болу құбылысын түсіндіру, түстері туралы айту; кемпірқосақ жайлы білімдерін толықтыру.</p> <p><b>Тапсырма.</b> Асфальтқа түрлі-түсті бормен кемпірқосақ салу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> ауладағы қоқыстарды жинау. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Сыпырушыға көмектесу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Біз көңілді балалармыз". (дене</p>	<p><b>Жердегі тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Өлі табиғаттың бөлігі ретінде тастар туралы түсінік қалыптастыру. (Қандай тастар бар? Адам тастарды қайда пайдаланады?)</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру). (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Қазынаны тап".</p>	<p><b>Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру.</p> <p><b>Зерттеу.</b> Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</b> аумақты ескі жапырақтардан тазарту. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жұптасып жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Ұсталып</p>	<p><b>Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру, олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы тазалау). (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p><b>Алғашқы жәндіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)</b> Мақсат-міндеттер. Күннің жылынғанына, топырақтың бетіндегі өзгерістерге, жәндіктердің оянғанына назар аудару.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы қоқыстан тазалауға көмектесу) (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұйымдасып еңбек ету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттер. Алға қарай екі аяғымен секіру қабілетін қалыптастыру; бір-біріне соқтығыспай</p>



	<p><b>шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Педагогтің бұйрығын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту, тапсырмалардың дұрыстығын бақылау.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:</b>          қозғалыстарды дамыту.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер.          Жерде жатқан ерекше тастарды табу;          байқағыштық қабілеттерін дамыту.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b>  <b>қозғалыстарды дамыту: "Секірейік".</b>          Мақсат-міндеттер.          Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.</p>	<p><b>қалу". (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Жүгіру, секіру дағдыларын бекіту.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Секірейік".</b>  <b>(дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер. Сол және оң аяққа секіру қабілетін дамыту.</p>	<p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар".</b>  <b>(дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Физикалық белсенділікті дамыту.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b>  <b>қозғалыстарды дамыту: "Жылан".</b>          Мақсат-міндеттер.          Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту.</p>	<p>жүгіру; мәтінге сәйкес ойын әрекеттерін орындау.  <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b>  <b>қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру)</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды жоғарыдан төмен қарай секіруге жаттықтыру.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.  <b>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>          Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.          Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.  <i>Көркем сөз</i>          Нан анасы бидаймын,          Елге астық сыйлаймын.          Дәнім толып піскенде,          Қауызыма сыймаймын.          Ақ, қарамын, сарымын,          Мен өнімді тарымын.          Халқым еңбек сіңірсе,          Қайтарамын қарымын.</p>				

	<b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	"Мысықтың ызалануы" жаттығуы (тіземен тұру, белді бүкірейту, басты төмен түсіру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту, мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Супермаркет".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларға "Супермаркеттің" қызметі жайында түсіндіру; супермаркетте әртүрлі тауарлар сатылатыны жайында мәліметтер беру; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға, қоғамдық тәртіп ережелеріне тәрбиелеу. Құралдар. Сөрелер, қораптар, ілмектер, киім, аяқкиім үлгілері, ыдыс-аяқтар, жиһаздар, азықтар, ойыншықтар; ойыншық смартфондар, төлем	<b>Сюжетті-рөлдік ойын.</b> <b>"Аспазхана".</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Құралдар. Аспазхана	<b>Дамытушы ойын.</b> "Жылы сөздер қобдишасы". Мақсат-міндеттер. Балаларды адамға, ауа райы, құбылыс, мезгіл, зат, жан-жануар жайында жылы, сыпайы сөздерді айтуға ынталандыру; жағымды эмоциялар сферасын дамыту; сөздік қорды байыту; сыпайылыққа, оптимизм сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгіліне тән құбылыс, зат, жан-жануар салынған суреттер. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін, мысалы, "Әкеміз айбарлы, адал, еңбекқор адам", "Күніміз қандай жарқын, аспанымыз ашық, бүкіл жер күннің жылы нұрына толды".	<b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Жақсы - жаман".</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп. Мақал-мәтелдерге	<b>Дидактикалық ойын.</b> <b>"Бұл қай мезгілде болады?"</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілдерге тән құбылыстар жөнінде білімдерін тиянақтау; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балалар құбылыстың қайдан пайда болатынын, оның жыл мезгіліндегі ерекшелігін түсіндіруде ойларын толық қандыашып берулері тиіс. Жыл мезгіліне тән кез келген табиғат құбылысы

	<p>карточкалары, сөмкелер, тауарларға арбалар, қаражат қағаздары; есептеу машиналарының мжасанды үлгілері. Шарты. Педагог дайындық жұмысы ретінде балалармен әңгімелеседі, супермаркет жайында суреттерді, бейнежазбалар мен жарнамалар көрсетеді, супермаркетте адамның кез келген тауарды сатып алуына болатынын түсіндіреді. Супермаркеттің іші кең болатынын және ондағы тауарлар көптеген сөрелерде топтасып орналасатыны жайында да айтылуы тиісті. Супермаркетте сатушы емес кеңесші мен есепшілер (есептеу машинасы) көп болатыны, кеңесшілер тауарларды сөрелерге уақытында орналастырып, сатып алушыларға тауарды</p>	<p>жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп, алдымен аспазхананың адамдар (тұтынушылар) үшін тағамдар әзірлеу қызметі және оның маңызы туралы әңгімелеседі. Бұл кезде суреттер көрсетіліп, педагогикалық жағдаяттар шешіліп жатады. Балалардың рөлдерді атқарудағы қалаулары, содан соң санамақ амалы қолданылады. Сонымен қатар, педагог балалармен бірлесіп ұсынылатын белгілі тағамдардың</p>	<p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>"Сақина" аз қимылды ойын.</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Баланың алақанына жасырынатын шамадағы сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір балаға кезегімен сақинаны салған сияқты қимылдар жасайды. Алақанына жасырын салынған сақинасы бар бала, жүргізуші шақырған кезде орнынан ытқып шығып, шеңбердің тысына шығып кетуі керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алу керек. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p>мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз. Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық"; "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың"; "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p>	<p>жайындағы көркем сөзді мысалға келтірген балалардың жауаптары үлгі болып саналады. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</b></p>
--	---	--	--	--	--

	<p>таңдауға көмектесетіні, есепшілер тек таңдалған тауарларды санап беріп, қанша қаражатты беру керектігін айтатыны туралы балалар білуі керек.</p> <p>Ойынға қатысатын балалар санамақ арқылы таңдалады, сатып алушылар қолдарына қажетті құралдарды алып (карточка, арба, қаражат, смартфон) ойын барысында қолданады; кеңесшілер балаларға не таңдау керектігі туралы кеңес айтып жатады, есепшілер есептейді. Педагог диалогтарды, қатынастарды, сөйлеу тізбектерін реттеп отырады, қосымша және тиянақтау сұрақтарын қойып жатады.</p> <p>Ойынның соңында қорытынды жасауға болады: тауарларды жақсы күтсе, сапасы сақталып, жақсы</p>	<p>тізімдерін, мәзірді жасайды. Ол үшін педагог және балалар кешкі уақыттарда түрлі тағамдардың суреттерін журналдардан қиып алады, ойында қолданады.</p> <p>Педагог адамдардың келуі алдында (балалар орындарында отырып) қызметкерлердің жұмысын бақылайды.</p> <p>Барлық тағамдар әзірленген кезде балалар (тұтынушылар) тамақтану залына шақырылады.</p> <p>Даяшы келген тұтынушыларға мәзір ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді.</p> <p>Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар төлем жасайды.</p>			
--	---	--	--	--	--

	<p>сатылады; супермаркет - қоғамды орын, ол жерде әдептілік ережелерін ұстану керек; супермаркетте жүрген барлық адам бір-бірінің уақытын, еңбегін бағалау керек.  <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p>Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды. Адамдарды дәмді тағамдармен тамақтандыру үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбектенетінін айту. Ойында "рақмет" пен "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында тыныштық сақтау, асықпай тамақтану, құралдарды дұрыс пайдалану, қоғамдық орындардағы тәртіпке бағыну.  <b>(қарым-қатынас іс-</b></p>			
--	--	--	--	--	--

		<b>әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</b>			
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Үстел үсті ойыны. "Дойбы".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды.</p> <p>Ойынның мақсат-міндеттері.</p> <p>Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>Бала тілін дамыту. "Көбелек" (Әбен Дәуренбеков)</b></p> <p>Сен де кудың көбелек,</p> <p>Мен де кудым көбелек,</p> <p>Жүйрік екен керемет,</p> <p>Ұстатпады, не керек?!</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Қағаздан бүктеу" жұмысы.</b></p> <p>Тақырыбы: "Бақа".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Аңдар, құстар және гүлдерді қағаздан бүктеп жасауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Көзінді жұмып, қолыңмен анықта".</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту.</p> <p>Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.</p> <p>Барысы.</p> <p>Балалар сипап сезу арқылы заттың ұзын не қысқалығын анықтайды.</p> <p>Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады.</p> <p>Жүргізуші бір баланы шақырып, оған "көзінді жұм да, қарындаштың ұзын не қысқалығын анықта" деген тапсырма береді.</p> <p><b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p><b>"Әдемі үйшік" пазлын құрастыру.</b></p> <p>Бір үйшікте мекен ететін жануарлар достығы туралы әңгіме жүргізу.</p> <p><b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. <b>(мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау				

	<p>дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p> <p>Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен</p>

жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету.

Өнер бұрышында аңдардың қысқы тіршілігі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.

Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.

Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.

Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.

Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)**

Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.

Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).



<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Егер бала жиі ашуланса ..."	Баланың эмоциялық жағдайы.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Әңгіме жүргізу. "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Балаларының жетістігі жайлы ата-аналарына айту; апта тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.
--	---	----------------------------	--------------------------------------	--	--

Тексерілді: Әдіскер *Резиде*  
Күні: 19.05.23 ж

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	№9 «Бәйтерек» бөбекжайы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Таңшолпан» Мектепалды тобы				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Ермекова Ж.				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	22.05 - 26.05.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Үйде балаларға қандай кітаптарды оқуға болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".	"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". Максат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".	"Асхана бойынша кезекшілік". Максат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Максат-міндеттер.

<p><b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b></p>	<p>"Үйде балаларға қандай кітаптарды оқуға болады?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.</p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p><b>"Ұйымдастырылған іс-әрекетке арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".</b>          Мақсат-міндеттер.          Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".</b>          Мақсат-міндеттер.          Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шанды кетіру әдісін таңдауға үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".</b>          Мақсат-міндеттер.          Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу.          Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Асхана бойынша кезекшілік".</b>          Мақсат-міндеттер.          Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>	<p><b>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".</b>          (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)          Мақсат-міндеттер.          Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету.  <b>(еңбек іс-әрекеті)</b></p>
	<p>Үстел үсті ойыны.  <b>"Дойбы".</b></p>	<p><b>"Қауіпті өсімдіктер"</b></p>	<p><b>Ұлттық ойын.          Теңге ілу</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b></p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b></p>

<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды. Ойынның мақсаты. Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларға таныс емес қауіпті өсімдіктерді қолданудың қауіпсіздік ережелерін білуге үйрету; қауіпті өсімдіктердің түрлерімен таныстыру; табиғат аясындағы жеуге жарамды өсімдіктерді қолдану шараларын білуге үйрету. <b>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p><b>Бояу қағазының суреттерін бояу.</b> Мақсат-міндеттер. Балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. <b>(шығармашылық іс-әрекет)</b></p>	<p>Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында</p>	<p>"Жазғы демалыс" Мақсат-міндеттер: балаларды жазғы демалыс туралы ұғымдары мен ой-қиял жасау нәтижесінде, өз еркімен қағаз бетіне сюжетті жоспарлап, салуға үйрету. <b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>	<p>"Шегіргүл - бөлме өсімдігі" Мақсат-міндеттер: балаларды гофрленген қағаздың түрінен шегіргүл гүлін құрастыруға үйрету; жырту, ұсақтау әдісі бойынша жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру. <b>(шығармашылық іс-әрекеті)</b></p>
---	---	---	--	--

			<p>бөгелуге болмайды.          Ұпайәр          сайыскердің іліп          алған теңгелерінің          санына қарай          есептеледі. Қай топ          көп ұпай жинаса,          сол топ жеңеді.  <b>(дене          шынықтыру)</b></p>		
<p><b>Таңертенгі жаттығу</b></p>	<p><b>Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)</b></p> <p>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, таяқша төменде.          1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, құрсау төменде.          1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.          1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, таяқша төменде.          1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.          1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшак, таяқша жерде.          Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.          Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды</p>				

жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

**Бата беру**

Сұрасаң бата берейін  
Үстем болсын мерейің  
Ықыласпен қол жайсаң  
Көп тілекті төгейін  
Дастарханың мол болсын  
Уайым қайғың жоқ болсын  
Сұрағаның алдыңнан  
Іздемейақ көп болсын  
Әумин

(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

**Ұйымдастырылған  
іс-әрекетке  
дайындық**

**Әңгімелесу:**  
**"Демалыс күндерін  
қалай өткіздік".**  
Мақсат-міндеттер:  
ұзаққа есте сақтау,  
байланыстырып  
сөйлеу қабілеттерін  
дамыту.

**Шаттық шеңбері**  
Балаларға эмоционалды  
жағымды көңіл-күй мен  
ұйымдастырылған іс-  
әрекетіне мотивациялық  
дайындықты  
қалыптастыру, балаларға  
бір-бірімен сәлемдесуге  
мүмкіндік беру, ұжымда  
достыққа тәрбиелеу.  
Армысың, асыл күн,  
Армысың, асыл жыр.  
Армысың, көк аспан,  
Армысың, достарым,  
Жылуыңа жылу қос,  
Міне менің қолым!  
**(қарым-қатынас іс-  
әрекеті)**

**Шаттық шеңбері**  
Балалардың  
ұйымдастырылған  
іс-әрекетін көтеріңкі  
көңіл күйде,  
мотивациялық  
дайындықпен бастау  
дағдыларын  
қалыптастыру,  
балаларға бір-  
бірімен сәлемдесуге  
мүмкіндік беру,  
ұжымда достыққа  
тәрбиелеу.  
Қуанамын мен де  
Қуанасың сен де,  
Қуанайық достарым!  
Арайлап атқан  
күнге!  
**(қарым-қатынас іс-  
әрекеті)**

**Шаттық шеңбері**  
Балаларға эмоционалды  
жағымды көңіл-күй мен  
ұйымдастырылған іс-  
әрекетіне мотивациялық  
дайындықты  
қалыптастыру, балаларға  
бір-бірімен сәлемдесуге  
мүмкіндік беру, ұжымда  
достыққа тәрбиелеу.  
Біз балдырған баламыз,  
Дос құшағын кең ашқан.  
Тілегіміз бейбіт күн.  
Ашық болсын кең аспан.  
Орнымыздан тұрамыз  
Күнге шаттана қараймыз.  
Қуана қолымызды  
соғамыз,  
Осылай күнге жылу  
шашамыз.  
**(қарым-қатынас іс-**

**Шаттық шеңбері**  
Балалардың  
ұйымдастырылған іс-  
әрекетін көтеріңкі көңіл  
күйде, мотивациялық  
дайындықпен бастау  
дағдыларын қалыптастыру,  
балаларға бір-бірімен  
сәлемдесуге мүмкіндік  
беру, ұжымда достыққа  
тәрбиелеу.  
Бақыт толы шеңберге,  
Шаттық толы шеңберге,  
Қол ұстасып келдік біз,  
Жан достармыз енді біз.  
**(қарым-қатынас іс-  
әрекеті)**

				әрекеті)	
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау.</p> <p><b>Дене шынықтыру Маман жоспары</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Жаз мезгілі. Орман ертегісі". Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі, жазғы және жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту; В.Бианкидің "Құйрықтар" ертегісінің негізгі мазмұнымен таныстыру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b></p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау.</p> <p><b>Музыка Маман жоспарымен</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> "Жазғы қызықтар" Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> Өткен тақырыптарды пысықтау.</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспары</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> "Сиқырлы дыбыстар мен әріптер". Мақсат-міндеттер: логикалық ойындар, жаттығулар арқылы балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру; жаз туралы схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> "Жазғы қызықтар" (қайталау) Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру,</p>	<p><b>Математика негіздері</b> "Жазғы қызықтар" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың жаз мезгілі мен оның ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту; цифрды заттың санымен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту.</p> <p><b>Музыкадан ойын-жаттығу</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> Өткен тақырыптарды пысықтау.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу</b> Өткен тақырыптарды пысықтау.</p>	<p><b>Дене шынықтыру Маман жоспары</b></p> <p><b>Құрастыру</b> "Танк - әскери көлік" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдарының көмегімен соғыс көлігі танкті құрастыруға үйрету;"танк" туралы ақпараттар беру.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> "Пысықтауға арналған дидактикалық ойындар". Мақсат-міндеттер: барлық өткен материалдарды қайталау.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b> "Кел жаттайық Т. Молдағалиев «Жаз келіпті»" (қайталау) Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме</p>

	Өткен тақырыптарды пысықтау.		қарапайым мысалдар мен есептерді шығара білу біліктіліктерін бекіту.  <b>Көркем әдебиет</b> "Кел жаттайық Т. Молдағалиев «Жаз келіпті»" Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету.		құрастыра білуге үйрету.
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз</b> )				
<b>Серуенге дайындық</b>	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> )				
<b>Серуен</b>	<b>Гүл бағын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Гүл бағы туралы білімдерін бекіту;	<b>Велосипедті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Велосипед жайлы білімдерін кеңейту. <b>Ересек адамдармен бірге</b>	<b>Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімдерін	<b>Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін	<b>Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</b> Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты



